

**БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП**

2022

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

**БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП**

2022

«QazaqGaz» ҰК» АҚ



Мазмұны

Глоссарий	04	Сандармен көрсетілген Компания қызметі, 2022 жылғы	10
Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы	06	негізгі көрсеткіштер	12
Басқарма Төрағасының жолдауы	08	2022 жылдың негізгі оқиғалары	12

1. Компания туралы

Компания тарихы	16
Бизнес-модель	18
Компания активтерінің құрылымы	20
Компания қызметінің географиясы және бағыттары	22

2. Стратегиялық есеп

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның стратегиясы	34
Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі	42

3. Трансформация

Операциялық құрылымды жетілдіру	47
Саланы цифрландыру	48
Активтер қоржынын дамыту	49
Қордың Жол картасымен интеграция	49

4. Операциялық және қаржылық нәтижелер

Әлемдегі газ нарығына шолу	52
Ішкі газ нарығына шолу	54
Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар	55
Негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер	56
Инвестициялық бағдарламаларға шолу	57
Салық саясаты	60
Қаржылық міндеттемелер	62
2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеу туралы	63
2023 жылға арналған болжамды көрсеткіштер	63

5. Тұрақты дамуды басқару

Тұрақты дамуды басқару тәсілі	66
Компанияның есептілігі	69
Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму басым мақсаттары (БҰҰ ТДМ)	70
Компаниялар тобы қызметінің ұлттық немесе халықаралық орнықты даму бағдарламаларымен байланысы	74
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	76
Қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану	80

6. Экологиялық аспект (E)

Экологиялық менеджмент жүйесі	85
Су ресурстары	88
Ластаушы заттардың шығарындылары	90
Қалдықтармен айналысу	91
Биоалуантүрлілік	93
Климаттың өзгеруі	95
Энергия менеджменті	98

7. Әлеуметтік аспект (S)

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	102
Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	116
Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер	136
Жергілікті қауымдастықтар	139

8. Корпоративтік басқару аспектісі (G)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	147
Сатып алуды басқару	154
Монополияға қарсы заңнаманы сақтау	157
Экономикалық тиімділік	157
Ақпараттық қауіпсіздік	159

9. Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару құрылымы	162
Директорлар кеңесі	163
Басқарма	170
Сыйақы	172
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	173
Ішкі аудит қызметі	177
Сыртқы аудит	177
Корпоративтік әдеп	177

10. Қосымшалар

1-қосымша Есеп туралы	180
2-қосымша. Есептегі GRI стандарттарын көрсеткіш индексі	184
3-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік	188
4-қосымша. Байланыс ақпараты	198
5-қосымша. Корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау туралы есеп	199
6-қосымша. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп	201

Глоссарий

Қысқарту	Толық жазылуы
«QazaqGaz» ҰК» АҚ	«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«ИОА» АҚ	«Интергаз Орталық Азия» АҚ
АГТКС	Автомобиль газ толтыру компрессорлық станциялары
АГТС	Автоматтандырылған газ тарату станциясы
АҚ	Акционерлік қоғам
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БГП	Блокты газреттегіш пункт
БЖБ	Британдық жылу бірліктері
БҰҰ ТДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары
ГАА	Газ айдау агрегаты
ГҚДҚ	Газды кешенді дайындау қондырғысы
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
ҒЗТҚЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ЕҚББЖ	Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі
ЕТҚ	Еншілес және тәуелді қоғам
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
ЖГҚ	Жерасты газ қоймасы
ЖӨБ	Желілік-өндірістік басқарма
ЖСҚ	Жобалық-металық құжаттама
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
КС	Компрессорлық станция
ҚМЖ	Құрылыс-монтаж жұмыстары
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ҚР	Қазақстан Республикасы

Қысқарту	Толық жазылуы
ҚТК	Қызметтің түйінді көрсеткіші
МГҚ	Магистральдық газ құбыры
МГҚБ	Магистральдық газ құбырлары басқармасы
ОТ, ӨҚ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау
ОТ, ӨҚ және ТЖ	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және төтенше жағдайлар
РФ	Ресей Федерациясы
СЕС	Салық және есеп саясаты
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ТЖ	Төтенше жағдай
ХӨОТ	Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары
ХТҚО	Халықаралық табиғатты қорғау одағы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
CDP	Carbon Disclosure Project
CH4	Метан
EBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization
ESG	Environmental, social, and governance
GRI Standards	Тұрақты даму саласындағы бейқаржылық есептілік жөніндегі GRI (Global Reporting Initiative) стандарттары
IPO	Initial Public Offering
ISO	International Organization for Standardization
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate
N2O	Азот тотығы
NOx	Азот оксидтері
SOx	Күкірт тотығы
TCFD	Task Force on Climate-related Financial Disclosures

Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы

GRI 2-22

Құрметті «QazaqGaz» ҰК» АҚ әріптестері, акционерлері және серіктестері!

Мен Сіздерге «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2022 жылға арналған біріктірілген жылдық есебін ұсынуға қуаныштымын. Құжатта Сіздер Ұлттық компанияның негізгі экономикалық көрсеткіштерімен, оның жұмысындағы экологиялық және әлеуметтік аспектілермен, сондай-ақ операциялық қызмет пен корпоративтік басқару мәселелерімен таныса аласыздар.

Әлемдегі және Қазақстандағы соңғы оқиғалар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайту мәселелерінің стратегиялық маңыздылығын растады. Климаттың өзгеруі және Париж келісімі аясында парниктік газдар шығарындарын төмендету туралы уағдаластықтар мәнмәтінінде газ өнеркәсібі дамудың жаңа кезеңіне өтуде. Табиғи газ жасыл энергия көздеріне көшу кезінде транзиттік отын рөлін атқаратын болады. Біз «көгілдір отынның» жаңа трендке айналып, салаға барған сайын көбірек инвесторлардың назарын аударып жатқанын бақылаймыз.

Газ және газконденсат кен орындарында барлау мен өндірудің басым құқығы аясында біз газды барлау және өндіру үшін қажетті құзыреттері болған «Амангелді Газ» ЖШС негізінде «QazaqGaz» Барлау және өндіру» ЖШС-ін құрдық. «QazaqGaz» Барлау және өндіру» қоржынында ресурстық базаны кеңейтуге бағытталған жаңа активтер топтастырылатын болады.

2022 жылы барлау және өндіру жөніндегі жол картасы бекітілді, оның шеңберінде ресурстық базаның 700 миллиард текше метрден астам газға өсуі көзделген.

Жыл қорытындысы бойынша S&P Global Компанияның несиелік рейтингін «BB» деңгейінде растады және болжамды «терістен» «оңға» қайта қарады. Moody's QazaqGaz несиелік рейтингін «Baa2» деңгейінде растады, болжамы — тұрақты.

Компанияның бизнесті жүргізу мақсаттары болып экономикалық және өндірістік көрсеткіштерді арттырумен қатар экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік аспектілерде тұрақтылықты сақтау табылады. ESG-стратегия — бұл Компания қызметінің бүкіл кезеңінде жалғасатын және өзгеріп тұратын жол.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ өндірісте және «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде өндірістегі көміртегі ізін төмендету бойынша өршіл мақсаттарды қойып отыр. 2022 жылы QazaqGaz алғашқы HSE (Health, Safety & Environment) форумын өткізді, онда Компания басшылығы Vision Zero тұжырымдамасының Health & Safety саласындағы жеке міндеттемелеріне қол қойды.

Директорлар кеңесі атынан Компаниялар тобының қызметкерлеріне, «QazaqGaz» ҰК» АҚ акционерлері мен серіктестеріне өзара тиімді ынтымақтастық пен ортақ іске берілгендіктері үшін алғысымды білдіремін.



**Бердіғұлов
Ернат
Құдайбергенұлы**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның
Директорлар кеңесінің Төрағасы

Басқарма Төрағасының жолдауы

2022 жылы біз сіздермен Қазақстанда және әлемде орын алып жатқан жаһандық өзгерістердің куәлары болдық. Газ саласын қоса алғанда, өткен жыл қиын, бірақ оқиғаларға толы болды. Олардың көпшілігі жылдар өте келе саланың дамуы үшін шешуші болып табылатынына сенімдімін.

Осы уақыт ішінде жаңартылған QazaqGaz командасы Мемлекет Басшысы мен Үкіметтің қолдауымен газ өнеркәсібінде көптеген жағымды өзгерістердің басын бастай білді. 2022 жылдың қысқаша қорытындысын шығаруға рұқсат етіңіздер:

Мемлекет Басшысының ішкі нарыққа газ жеткізілімін ұлғайту жөніндегі тапсырмалары орындалды. Елді газбен үздіксіз жабдықтау қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің (2022 жылғы 18 шілдедегі № 488) қаулысымен «Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітілді. Компания тауарлық газдың ресурстық базасын арттыру, ішкі газ нарығын дамыту, газ транзиті мен экспортын, газ химиясы мен терең өңдеуді дамыту, инвестициялық және операциялық тиімділік бойынша жұмыстарды қоса алғанда, Кешенді жоспарды жүзеге асыруға қатысады.

2022 жылдың негізгі нәтижелері:

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ 320 миллиард теңгені өз қаражаты есебінен Қазақстан экономикасына бүкіл ел бойынша жүзеге асырылып жатқан нақты жобалармен инвестициялады;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобының өндірістік қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын жақсарту, оның ішінде жалақының өсуі және HSE блогын күшейту;

- Халықтың әлеуметтік осал топтарына теріс әсер етпей, баға белгілеуді әлеуметтік әділ реформалау жөніндегі шаралар кешені әзірленіп, уәкілетті органдардың қарауына енгізілді. QazaqGaz өз қаражатынан 180 миллиард субсидия бөлді. Бұл Қазақстан тұрғындарын қолжетімді газбен қамтамасыз ету үшін жасалған қадам;
- «Амангелді Газ» ЖШС ребрендингі жүргізілді. Серіктестік «QazaqGaz» Барлау және өндіру» болып өзгертілді. Компания портфелін толтыру жұмыстары басталды. Жалпы әлеуеті 1 трлн текше метр болатын жаңа барлау жобалары есебінен ресурстық базаны кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде;
- Қазақстанның газ өңдеу қуатын арттыру бойынша жаңа жобаларды іске қосу. Қуаттылығы 1 миллиард текше метр Қашағандағы газ өңдеу зауытының құрылысы қайта жанданды;
- Газ тасымалдау жүйесіне аудит жүргізілді және қуаттарды кеңейту бойынша жүйелі шешімдер қабылданды, сондай-ақ газ тасымалдау инфрақұрылымының сенімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешені іске асырылды;
- Қазақстан мен әлемнің жетекші техникалық жоғары оқу орындарын, ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу үшін халықаралық газ компанияларын тартатын «QAZAQGAZ FTO» ғылыми-техникалық орталығы құрылды;
- Алғаш рет екі жетекші техникалық ЖОО-ның — ҚБТУ мен Сәтбаев Университетінің Үздік газ қызметкерлеріне арналған стипендия тағайындалды.

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Ұлттық компания қызметінің мөлдірлігі мен ашықтығын арттыру қамтамасыз етілді.

Газ саласын дамытудың стратегиялық пайымы айқындалып, «QazaqGaz» қызметінің периметрі белгіленді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 2022 жылдағы қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- магистральдық газ тасымалдау 83 744 млн м³ құрады, соның ішінде ішкі тасымалдау — 21 956 млн м³;
- газды экспортқа тасымалдау — 9 275 млн м³;
- халықаралық транзит — 52 513 млн м³;
- газды өткізу — 22 751 млн м³;
- табиғи газ өндіру — 277,6 млн м³;
- газ конденсатын өндіру — 14,2 мың тонна.
- EBITDA — 495,2 миллиард теңге
- EBITDA margin — 52%.

QazaqGaz компаниялар тобының әрбір жұмыскеріне отандық газ саласын дамытуға қосқан құнды үлестеріңіз және ортақ ісімізге деген алаңдаушылықтарыңыз үшін алғысымды айтамын.

Биыл сала үшін бірқатар жағымды бастамалар қолға алынды, бірақ реформалар — бұл ұзақ үдеріс. QazaqGaz командасының, «Самұрық-Қазынаның», Энергетика министрлігінің, Үкіметтің және серіктестеріміздің бірлескен күш-жігерінің арқасында біз саланы тұрақтандыру және жаңартуда едәуір серпіліс жасай алдық.

Өздерімізге ұзақ мерзімді мақсаттарды қоя отырып, QazaqGaz командасы барлық қазақстандықтардың ұлттық әл-ауқатын сақтап арттыру үшін жұмыс істейді.



Жаркешов Санжар Серікбайұлы


«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Басқарма Төрағасы

Сандармен көрсетілген Компания қызметі

2022 жылғы негізгі көрсеткіштер

Операциялық көрсеткіштер


Газды магистральдық тасымалдау, млн м³



Газды ішкі тасымалдау, млн м³



Газды экспортқа тасымалдау, млн м³



Халықаралық транзит, млн м³



Газды өткізу көлемі, млн м³




Қаржылық көрсеткіштер

Жалпы пайда, млн теңге



ЕБИТДА, млн теңге




Таза пайда, млн теңге



Әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштер


Қызметкерлер құрамы саны, адам



Тұрақтамаушылық коэффициенті, %



Парниктік газдар шығарындыларының көлемі (1, 2-аумақ), мың т CO₂-баламасы



2022 жылдың негізгі оқиғалары

2 АҚПАН

- 2022 жылы 18 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді. Оның төрағасы болып Ернат Бердіғұлов сайланды.
- 22 ақпанда Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді рейтингін BBB- (болжамы тұрақты) деңгейінде растады.
- 22 ақпанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Басқармамен келісім бойынша «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы болып Санжар Жаркешов тағайындалды.
- 2022 жылғы 25 ақпанда «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ Қазақстан Банкінің ВТБ мекенжайына 906,5 млн Ресей рубль мөлшерінде қарыз бойынша сый-ақыны мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

3 НАУРЫЗ

- 3 наурызда «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ атауын «QazaqGaz ҰК» АҚ атауына өзгертті. Өзгерістер заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамада бекітілген.
- 15 наурызда «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының құрамы толығымен жаңартылды.
- 25 наурызда «QazaqGaz» ҰК» АҚ 15 450 750 АҚШ доллары көлеміндегі еуробондтар бойынша пайыздарды өтеді. Төлемдер белгіленген кесте бойынша жүргізілді.

8 ТАМЫЗ

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасы «Самұрық-Қазына» ҰК» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасында «GPC Investment» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі түріндегі мемлекеттік мүлікті басқаруды қайта сеніп тапсыру туралы шартқа қол қоюды.
- 18 тамызда «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIFC Green Finance Centre Ltd арасында ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.
- 24 тамызда Әзірбайжанның Мемлекеттік мұнай компаниясы (ӘРММК, SOCAR) мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Құжатта Қазақстандағы газ және газконденсат кен орындарын барлау және игеру, газ өңдеу және газ химиясын дамыту, газ тасымалдау саласын жаңғырту, осы салада жаңартпашыл технологияларды қолдану, сондай-ақ басқа маңызды бағыттар бойынша ынтымақтастықты зерделеу ескерілген.

5 МАМЫР

- 14 мамырда Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің №172 бұйрығымен ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағалары бекітілді. Олар 2022 жылғы 01 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 маусымға дейін белгіленген.
- 14 мамырда «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да Town Hall форматында топ-менеджменттің еліміздің түкпір-түкпірінен келген Компаниялар тобының қызметкерлерімен кездесуі өтті. Оған офлайн және онлайн режимінде 500-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында Сараптама кеңесінің, Ардагерлер кеңесінің мүшелері, орта буын басшылары, сондай-ақ Қазақстанның барлық өңірлерінің өндірістік салалар мен газ тасымалдау жүйесі объектілерінің өкілдері, соның ішінде инженерлік-техникалық жұмыскерлер мен қатардағы қызметкерлер болды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы кәсіпорынның дамуына деген жаңа көзқараспен таныстырып, негізгі басымдықтарды атап өтті.
- 31 мамырда «БШГҚ» ЖШС үш КС сатып алу-сату шарты аясында «Интергаз Орталық Азия» АҚ-дан «Арал» компрессорлық станциясын (КС) теңгеріміне қабылдады.

4 СӘУІР

- 25 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында өткен үкімет сағатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы сөз сөйлеп, «Жаңарған QazaqGaz» компаниясының пайымы, дағдарысқа қарсы іс-шаралар мен елді табиғи газбен жабдықтау жоспарлары туралы айтып берді.

9 ҚЫРКҮЙЕК

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Санжар Жаркешовтің Сауд Арабиясына жұмыс сапары шеңберінде Сауд Арабиясының мұнай-химия компаниясының (SABIC) Бас директоры Юсеф Аль-Беняменмен кездесуі өтті. Тараптар газ-химия өнеркәсібіндегі әлеуетті бірлескен жобаларды зерттеуге келісті.
- 13 қыркүйекте «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Санжар Жаркешов пен Қазақстан Республикасы «Атамекен» ҰКП Президиумының Төрағасы Райымбек Баталов ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Қол қойылған құжат ұйымдарға «Жаңарған QazaqGaz» стратегиясын қалыптастыру, газ саласындағы қазақстандық қамтуды (ел ішіндегі құндылықты) арттыру және сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

10 ҚАЗАН

- 4 қазанда Астанада «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларын жекешелендіру және initial Public Offering (IPO) мәселелері бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ ұжымымен ақпараттық-түсіндіру кездесуі ұйымдастырылды. Спикерлер ретінде Қордың, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, қазақстандық АІХ және KASE қор биржаларының және брокерлік-дилерлік ұйымдардың өкілдері сөз сөйледі.
- 19 қазанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен үнділік Adani Petrochemicals компаниясы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Қол қойылған құжат жалпы шамалы бағасы шамамен 3 миллиард долларды құрайтын мұнай-химия

- 16 қыркүйекте «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Санжар Жаркешов пен Қазақстан Машина жасаушылар одағының Басқарма Төрағасы Мейрам Пішембаев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат ұйымдарға машина жасау саласындағы инвестициялық жобаларды бірлесіп пысықтауға және іске асыруға, сондай-ақ ұлттық Компанияның сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, отандық машина жасау саласын қолдау мақсатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ақмола облысында орналасқан анодты электрохимиялық қорғаныс өндіретін зауытпен офтейк-келісімшарт жасады.
- 21 қыркүйекте «QazaqGaz» ҰК» АҚ 15 450 750 АҚШ доллары көлеміндегі еуробондтар бойынша пайыздарды өтеуді іске асырды.

11 ҚАРАША

- 11 қарашада «QazaqGaz» ҰК» АҚ алғашқы HSE (Health, Safety & Environment) форумын өткізді. Оның аясында «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы мен еншілес және тәуелді ұйымдардың басшылары Vision Zero тұжырымдамасының Health & Safety саласындағы жеке міндеттемелеріне қол қойды.
- 25 қарашада Түркістан облысындағы Арыс қаласының 78 мыңнан астам тұрғыны табиғи газға қол жеткізді. Қаланы газдандыру үшін «Темірлан» АГТС-тен (Автоматтандырылған газ тарату станциясы) 43 шақырымға жуық жеткізуші газ құбыры және 107 шақырым кварталіші газ құбыры тартылды. Арыс қаласын қосқаннан кейін жақын жерде орналасқан тағы 32 елді мекен газға қол жеткізетін болады.

12 ЖЕЛТОҚСАН

- 4 қазанда Астанада «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларын жекешелендіру және initial Public Offering (IPO) мәселелері бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ ұжымымен ақпараттық-түсіндіру кездесуі ұйымдастырылды. Спикерлер ретінде Қордың, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, қазақстандық АІХ және KASE қор биржаларының және брокерлік-дилерлік ұйымдардың өкілдері сөз сөйледі.
- 19 қазанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен үнділік Adani Petrochemicals компаниясы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Қол қойылған құжат жалпы шамалы бағасы шамамен 3 миллиард долларды құрайтын мұнай-химия және газ өңдеу саласындағы әлеуетті жобаларды жүзеге асыруға жағдай туғызатын болады.
- 2022 жылғы 20 қазанда «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС «QazaqGaz» ҰК» АҚ алдында 405,6 млн. АҚШ долл.сомасына «QazaqGaz» ҰК» АҚ кепілдігі бо-сатылды. «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС-нің MUFG Bank және Bank of China синдикатталған қарызы бойынша 700 млн. АҚШ.
- 22 қазанда «Амангелді газ» ЖШС-нің атауы «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС болып өзгертілді.

- 5 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ 29 700 млн теңге сомасындағы Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі қарызы бойынша міндеттемелерді қайта қаржыландырды.
- 28 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасында «Тегіс Мұнай» ЖШС жарғылық капиталындағы (құрамына «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС кіретін) «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100% үлесін сатып алу-сату шарты жасалды.

83 744

МЛН М³

2022 ЖЫЛҒЫ МАГИСТРАЛЬДЫ ГАЗ
ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

GRI 2-1

01

Компания тарихы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ — геологиялық барлау мен өндіруден бастап түпкілікті өнімді сатуға дейінгі бүкіл тізбек бойынша қызметін жүзеге асыратын тік біріктірілген ұлттық газ компаниясы.

Компания тауарлық газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері арқылы тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, құбырларды, газ қоймаларын, газ және сұйық газ кен орындарын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

1993

- «Қазақгаз» газ-химия кешені («Қазақгаз» ГХК) Ұлттық газ компаниясын құру

2003

- Жамбыл облысында Амангелді сұйық газ кен орнын пайдалануға беру
- Қазақстан аумағы арқылы түрікмен және өзбек газын транзиттеу туралы «ҚазТрансГаз» бен «Газпром» арасындағы келісімшартқа қол қою

2014

- Қазақстан Республикасын Газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасын және Қазақстан Республикасының Газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту

2013

- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ газбен толтыруды бастаудың ресми рәсімі
- «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстанда мұнай өндіру саласында жұмыс істейтін барлық әлемдік компаниялармен компанияның елде өндірілетін барлық газды айрықша сатуына келісім жасады
- Ұлттық оператордың еншілес компаниясы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ еліміздің барлық өңірлерінде газ тарату желілерін біріктіру кезеңін аяқтап, түпкі тұтынушыларға газ жеткізу нарығындағы бірыңғай операторға айналды

2009

- «Қазақстан-Қытай» МГҚ бірінші желісін («А» желісі) іске қосу

2008

- «Орта Азия — Орталық» МГҚ «Опорная» КС турбиналық компрессорлық цехын пайдалануға беру

2000

- 2000 жылы Үкіметтің қаулысымен елдің барлық газ тасымалдау жүйесі «ҚазТрансГаз» АҚ құрылымына берілді

2010

- «Қазақстан-Қытай» МГҚ екінші желісін («В» желісі) іске қосу

2012

- Үкімет қаулысымен Компания газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды

2015

- Ұзындығы 1305 км құрайтын «Қазақстан-Қытай» МГҚ үшінші желісін («С» желісі) пайдалануға беру

2016

- «Ақтөбе АГТС 300» құрылысын аяқтау және «Қазақстан-Қытай» МГҚ №4 және №8 заманауи КС пайдалануға беру

2017

- «Қазақстан-Қытай» МГҚ бойынша Қытайға қазақстандық газ экспортының басталуы
- Эмитенттің шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін (ЭДР) Fitch Ratings халықаралық агенттігімен ВВ-дан

2018

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобына кіретін «Интергаз Орталық Азия» АҚ МГҚ бойынша Ұлттық оператор мәртебесін алды
- S&P Global Ratings халықаралық агенттігінің «ҚазТрансГаз» АҚ эмитентінің және оның «негізгі» еншілес компаниясы «ИОА» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін ВВ-ға дейін арттыруы
- «Түркістан» КС-ін пайдалануға беру. Құрылыс «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10 млрд м³-тен 15 млрд м³-ке дейін ұлғайту жөніндегі инвестициялық жоба шеңберінде іске асырылды

2019

- «ҚазТрансГаз» АҚ ұлттық операторы Қазақстанның ең ірі компаниялары арасында іргелі (экологиялық-энергетикалық) тиімділік рейтингінде 2-ші орынды иеленді
- «Қорқыт Ата» КС-ін іске қосу.

2020

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «ҚазТрансГаз» АҚ-ны Қашаған кен орнынан жылына 1 млрд м³ көлемінде шикі ілеспе табиғи газды мемлекет меншігіне алуға уәкілетті тұлға ретінде тағайындауы (1-кезең)
- Ақтөбе облысының Байғанин ауданында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ-ның 155 км-де «1А» КС-ін пайдалануға беру

2021

- ҚР Үкіметінің Қаулысымен «ҚазТрансГаз» АҚ-ға Ұлттық компания мәртебесінің берілуі
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының пайдасына «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100% -ын иеліктен шығару жөніндегі мәміле
- Ұлттық Компанияға жаңа газ кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығын беру

2022

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «ҚазТрансГаз» ұлттық газ компаниясының атауы «QazaqGaz» ҰК» АҚ болып өзгертілді
- Газ саласын дамытудың кешенді жоспары бекітілді
- Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына (ХЭОТ) тигізетін әсерсіз баға белгілеу реформасы бекітілді
- Қазақстан Республикасын Газдандырудың бас схемасы өзектендірілді
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға көлемі 1 млрд м³ құрайтын Қашаған газ өңдеу зауытын салу жобасы берілді
- Газбен жабдықтау жүйесіне 178 елді мекен қосылды. Мәселен, Түркістан облысында көп жылдар бойы күткен 22 елді мекен табиғи газға қол жеткізді.

Бизнес-модель

«QazaqGaz» ҰК» АҚ отандық және шетелдік газ нарығында мемлекеттің мүдделерін білдіретін Қазақстан Республикасының негізгі газ-энергетикалық және газ тасымалдау компаниясы болып табылады.

Бизнестің кешенді тік біріктірілген моделі «QazaqGaz» ҰК» АҚ стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді, қызмет тиімділігін арттырады, газ саласын жаңғыртуға және әртараптандыруға жәрдемдеседі.

КАПИТАЛЫ

Қаржы капиталы



Табиғи капитал



Өндірістік капитал



Зияткерлік капитал



Адами капитал



Әлеуметтік капитал




ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЦИКЛ

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

ГАЗДЫ САТУ



ҚҰНЫН ШЫҒАРУ



Компания активтерінің құрылымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ акционері болып «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) (100%) табылады. «Самұрық-Қазына» АҚ – Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын тәуелсіз қор.

Есепті кезеңде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобына бес бизнес-бағытта жұмыс істейтін 11 еншілес және бірлескен бақыланатын компаниялар кірген.



Компания қызметінің географиясы және бағыттары


GRI 2-6

Қазіргі таңда «QazaqGaz» ҰК» АҚ Қазақстанның 11 облысында, соның ішінде Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында ұсынылған. Сондай-ақ, компанияның кеңселері республикалық маңызы бар қалаларда – Астанада, Алматыда және Шымкентте бар.

Компанияның ауқымды географиялық қатысуы оның ұлттық мұнай-газ индустриясын дамытудағы рөлі мен елдің энергетика саласын дамытуға қосқан үлесіне ерекше көңіл аударады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның әртүрлі өңірлерде стратегиялық қатысуы оның Қазақстанның серпінді энергетикалық секторындағы табысты даму мен тұрақтылыққа талпынысын көрсетеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобының қызметі газ өнеркәсібінің әртүрлі аспектілерін қамтиды. Компания қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

1. «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫ



«Азиялық газ құбыры» ЖШС

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
2008

Компрессорлық станциялардың жұмысы

13

КС

Кран тораптарының жұмысы

188

ТОРАП

Тазарту құрылыстарының тораптары

14

ТОРАП

Ұзындығы

3 915,5

КМ

Өткізу қабілеті жылына

55

МЛРД М³

Қызметкерлердің жалпы саны

1 265

АДАМ

Газ тарату станцияларының жұмысы

6

ГТС

Газ шығынын өлшеу тораптары

2

ТОРАП

Газ айдау агрегаттары

42

ГАА

Құбыр диаметрі

1 067/1 219

ММ

Жұмыс қысымы

9,81

МПа

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«Азиялық газ құбыры» ЖШС тең үлестік негізде құрылған бірлескен компания болып табылады. Серіктестіктің қатысушылары болып «QazaqGaz» ҰК АҚ (Қазақстан Республикасы) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (Қытай Халық Республикасы) табылады.

ҚЫЗМЕТІ

«Азиялық газ құбыры» ЖШС түрікмен және өзбек газын Қытай нарығына, сондай-ақ қазақстандық газды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына (оңтүстік облыстарды тұтыну) жеткізуді және Қытай Халық Республикасына экспорттауды қамтамасыз ететін «Қазақстан-Қытай» МГҚ құрылыс және пайдалану жобасының операторы болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағында газ құбырының ұзындығы 3 915 км құрайды (А, В және С үш желісінің есепке алынудымен). Газ құбырының трассасы төрт облыс, атап айтқанда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстары арқылы өтеді.

Қазақстан-Қытай МГҚ жалпы ұзындығы 7500 км-ден асатын «Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» газ құбырының құрамдас бөлігі болып табылады. Газ құбыры үш «А», «В», «С» параллель желілерінен тұрады. «А» желісі 2009 жылдың желтоқсанынан бастап, «В» желісі 2010 жылдың қазанынан бастап, «С» желісі 2015 жылдың шілдесінен бастап пайдалануға берілді. Газ құбырының бастапқы нүктесі болып Түрікменстанның мұнай-газ кен орындары, ал соңғы нүктесі болып Қытай Халық Республикасының оңтүстік провинциялары табылады.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
2011

Компрессорлық станциялардың жұмысы

6

КС

Кран тораптарының жұмысы

59

ТОРАП

Кранды қорғау тораптары

12

ТОРАП

Ұзындығы

1 449,503

КМ

Құбыр диаметрі

1 067

ММ

Қызметкерлердің жалпы саны

208

АДАМ

Газ өлшеу станцияларының жұмысы

3

ГӨС

Желілік кран түйін

47

ТОРАП

Газ айдау агрегаттары

20

ГАА

Өткізу қабілеті жылына

15

МЛРД М³ ДЕЙІН

Жұмыс қысымы

7,5-9,81

МПа

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

БШГҚ тең үлестік негізде құрылған бірлескен компания болып табылады. Серіктестіктің қатысушылары болып «QazaqGaz» ҰК АҚ (Қазақстан Республикасы) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (Қытай Халық Республикасы) табылады.

ҚЫЗМЕТІ

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ірі құбыржол жобасы болып табылады. Газ құбыры батыс мұнай және табиғи газ кен орындарын елдің оңтүстік өңірлерімен, сондай-ақ «Бұхара газды өңірі – Ташкент – Бішкек – Алматы» және «Газли – Шымкент» магистральдық газ құбырларымен және «Орталық Азия – Қытай» газ құбырының «С» желісімен байланыстырады. Негізгі мақсат болып Қазақстанның солтүстік және батыс бөлігіндегі кен орындарынан елдің оңтүстік және шығыс өңірлеріне табиғи газды тасымалдау табылады. БШГҚ республиканың оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етеді, қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін әртараптандыруға мүмкіндік беріп, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрайды.

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
1997

Компрессорлық станциялардың жұмысы

28
КС

Магистральдық газ құбырлары басқармалары — өңірлердегі өндірістік филиалдар

10
МГҚБ

Магистральдық газ құбырларының ұзындығы (соның ішінде 7 007 км — бөгде МГҚ)

20 817
КМ

Өткізу қабілеті

203,5
МЛРД М³

Қызметкерлердің жалпы саны

8 660
АДАМ

Жұмыс қысымы

3-9,81
МПа

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

Газ тарату станцияларын пайдалану

248
ГТС

11 облыстағы және 3 республикалық маңызы бар қаладағы қызмет көрсетілетін тарату желілерінің ұзындығы (ҚТГА, ЖАО)

63 253
КМ

Газ айдау агрегаттары

305
ГАА

Құбыр диаметрі

57-1 420
ММ

Газ өлшеу станциялары

5
гөс

3 ЖЕРАСТЫ ГАЗ ҚОЙМАЛАРЫ:

4 «Бозой» МЛРД М³

0,35 «Полторацкое» МЛРД М³

0,3 «Ақыртөбе» МЛРД М³

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

ҚЫЗМЕТІ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Батыс және Оңтүстік құбыр желілері арқылы Қазақстан аумағы бойынша табиғи газды ішкі тасымалдауды және транзитті жүзеге асырады:

- «Батыс құбыр желісі» — Орталық Азиядағы жұмыс істеп тұрған табиғи газ кен орындарына қызмет көрсететін Батыс Қазақстандағы газ құбырларының желісі (Орталық Азия жүйесін, Орал және Ақтөбе газ құбырлары жүйелерін қамтиды);
- «Оңтүстік құбыр желісі» — Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасынан елдің оңтүстік өңірлеріне қазақстандық және/немесе импортталатын газ жеткізетін Оңтүстік Қазақстандағы газ құбырларының желісі (Оңтүстік және Қызылорда құбыр жүйелерін қамтиды).

Табиғи газды халықаралық тасымалдау ИОА бизнесінің негізгі кіріс құрамдас бөлігі болып табылады. ИОА құрамына инженерлік-техникалық және ғылыми-техникалық орталықтар кіреді.

2. ГАЗ ТАРАТУ ЖӘНЕ АЙМАҚТАРДЫ ГАЗДАНДЫРУ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
2002

Өндірістік филиалдардың саны

14
өФ

ҰҚШ бойынша газ құбырлары

12 642
КМ

Өзге газ құбырлары

14 642
КМ

Газдандыру деңгейі

11,6
МЛН АДАМ (59,00%)

Қызметкерлердің жалпы саны

1 974
АДАМ

Газ құбырларының жалпы ұзындығы

63 253
КМ

Меншікті тарату желілері

33 195
КМ

Өнеркәсіптік кәсіпорындар

3,9
МЫҢ

Тұтынушылар саны

2,2
МЛН АБОНЕНТ

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

ҚЫЗМЕТІ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ — барлық он бір газдандырылған облыста және республикалық маңызы бар үш қалада газ тарату құбырларын пайдаланатын Қазақстан Республикасындағы ең ірі газбен жабдықтаушы компания.

Кәсіпорынның негізгі міндеттері — тауарлық газды жеткізуді ұйымдастыру, оны тарату желілері арқылы тасымалдау, өңірлердегі газ тарату активтерін басқару. Қызметтің негізгі бағыты — халықты, коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік кәсіпорындарды апатсыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ операциялық қызметі еліміздің елді мекендерін газдандыруға бағытталған жалғыз құрылымдық бөлімше болып табылады. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ газдандыру жобаларына мыналар кіреді:

- «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Қайнар, Саймасай кентінде жоғары қысымды жеткізуші газ құбыры мен газ тарату желілерін салу» жобасы (1 және 2 КҚ);
- «Алматы қ. АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды жеткізуші газ құбырларын салу» жобасы;
- «Құрық ауылы ауданындағы АГТС-тен Сарша жеріне және «Жылы жағажай» курорттық аймағында 2 блокты газреттегіш пунктін (БГРП) орналастыру арқылы «Rixos Aktau» қонақ үйіне дейін жоғары қысымды газ құбырын салу» жобасы;
- «Тараз қаласының газ тарату желісін жаңғырту» жобасы.

Тауарлық газды өткізу көлемі

23 644

млн м³

Ішкі нарық

17 600

млн м³

Экспорттық көлемдер

6 044

млн м³

Ішкі нарықтағы тұтыну

10,9%

3. ГАЗ ӨТКІЗУ

«QAZAQGAS» ҰК» АҚ ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДАН/ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДЕН ШИКИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТАУАРЛЫҚ ГАЗ САТЫП АЛУҒА БАСЫМ ҚҰҚЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕС ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ШИКИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТАУАРЛЫҚ ГАЗДЫҢ КӨЛЕМІН, БАҒАСЫН ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ПУНКТИН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОРҒА КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС ЖІБЕРЕДІ. ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСЫМ ҚҰҚЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУ НЕМЕСЕ ОДАН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ.

«ҚазРосГаз» ЖШС

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚазРосГаз» ЖШС ҚазМұнайГаз «ҰК» АҚ ұлттық компаниясымен және «Газпром» КАК-пен тепе-теңдік негізінде құрылған. «ҚазРосГаз» ЖШС «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның сенімді басқаруында.

ҚЫЗМЕТІ

«ҚазРосГаз» ЖШС қазақстандық табиғи газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтарда маркетингімен, өңделуімен, тасымалдануымен және сатылуымен айналысады. «ҚазРосГаз» ЖШС қызметі Компанияның экономикалық құнын барынша арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған және оның активтерінің экономикалық құнын арттыру мақсатында жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға негізделген. 2002 жылдан бастап «ҚазРосГаз» ЖШС газды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізеді және қалған газды экспортқа өткізеді. Қайта өңделген құрғақ Қарашығанақ газының негізгі көлемі Қазақстан тұтынушыларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басым түрде ішкі нарыққа жеткізіледі.

4. РЕСУРСТЫҚ БАЗА

«Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
2003

Өндіру тобы (құрғақ газдың қалдық алынатын қорлары)

15,3

млрд м³

Барлау тобы (болжамды ресурстар)

5,3

млрд м³

Ұңғыма (2 бақылау ұңғымасы)

53

ҰҢҒЫМА

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

ҚЫЗМЕТІ

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС – негізгі қызмет түрлері болып газ және сұйық газды өндіру, геологиялық барлау және іздестіру, компанияның өндірістік объектілерінде барлама бұрғылау және табиғи газдың көтерме саудасы табылатын газ өндіруші компания.

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
2001

5. ГАЗ МОТОР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ
2001

Техника көлемі

1 569

БІРЛІК

Автомобиль газ толтыру компрессорлық станциялары

10

АГТКС

АГТКС

11

ЖОСПАРЛАНҒАН

Жұмысшылар көлемі

1 765

ЖҰМЫСҚЕР

АГТКС

4

САЛЫНЫП ЖАТҚАН

СТГ зауыты

2

ЖОСПАРЛАНҒАН

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ (ОРТАЛЫҚ АППАРАТ)

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

ҚЫЗМЕТІ

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нің негізгі қызметі болып көлік қызметтерін көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстары, сығылған табиғи газды сату табылады.

Серіктестік газ моторлы метан отыны нарығының дамуына себептеседі.

CNG (сығылған табиғи газ) және LNG (сұйытылған табиғи газ) технологиясы мен артықшылықтары.

Жол-көлік жұмыстары

Қызмет түрлерін кеңейту шеңберінде 2016 жылғы 29 шілдеде «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС келесі қызмет түрлері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға лицензия алды:

- объектілерді күрделі жөндеуді және қайта құрылымдауды, соның ішінде металл құрылмаларды монтаждауды қамтитын ғимараттар мен құрылыстардың салмақ көтеретін және (немесе) қоршау құрылмаларын тұрғызу;
- мұнай құбырларының, газ құбырларының өнеркәсіптік және магистральдық желілерін, сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілерін қамтитын желілік құрылыстарды төсеу жөніндегі арнайы құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- күрделі жөндеу мен қайта құрылымдауды, соның ішінде негіздер мен жабындарды, III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарын, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді мекендердің жүргін бөлігін қорғау құрылыстарын және жайластыруды қамтитын автомобиль және темір жолдарын салу.

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС мұнайгаз кен орындарының кәсіпшілік ішіндегі жолдарын, магистральдық газ құбырларының трасса бойындағы жолдарын салуға, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобының және басқа компаниялардың бұрғылау ұңғымаларына арналған алаңдарын жайластыруға белсенді қатысады.

Жоғарыда аталған жұмыстарды орындау үшін білікті қызметкерлермен, арнайы және жол техникасымен жасақталған жол қызметі ұйымдастырылған.

Лицензия алған сәттен бастап 1,5 млрд теңгеден астам сомаға магистральдық газ құбырларының трасса бойындағы жолдарын, кәсіпшілік ішіндегі жолдарды салу, бұрғылау жабдығына арналған алаңдарды жайластыру бойынша жұмыстар орындалды.

Бұдан басқа, Серіктестік мамандары Қазақстан Республикасы бойынша АГТКС-ті жобалауға мен салуға техникалық көмек көрсетуде.

9 275

МЛН М³

2022 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ ЭКСПОРТҚА
ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

02

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың стратегиясы

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының газ өнеркәсібі ұзақ мерзімді болашақта елдің тұрақты өсуін қамтамасыз ететін экономиканың маңызды саласы болып саналады. Табиғи газ жаңа энергетикаға және жасыл экономикаға көшуде негізгі рөл атқарады.

Елді газдандырудың болжамды деңгейі

~70%

млрд м³

Ресурстық базаның болжамды ұлғаюы

9

млрд м³

2021 жылдың соңы газ инфрақұрылымындағы маңызды өзгерістердің орын алу уақыты болды.

Мемлекет Басшысының тапсырмасымен газ тасымалдау және тарату жүйелерін дамыту және оларға қызмет көрсетумен айналысатын «ҚазТрансГаз» газ тасымалдау компаниясы 2022 жылы 3 наурызда «QazaqGaz» ҰК» АҚ ұлттық газ компаниясы болып қайта құрылды. Жаңа компания геологиялық барлаудан бастап түпкілікті өнімді тұтынушыларға жеткізуге дейін бүкіл газ саласы тізбегінің белсенді қатысушысы болды.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.08.2022 жылғы № 523 қаулысымен № 908 ҚРҰҚ-ға енгізілген өзгерістерге сәйкес 2025 жылы IPO-ға шығуды жоспарлап отыр. Осыған байланысты Компания негізгі басымдық ретінде ESG стандарттарын пайдалана отырып, қазақстандық және/немесе шетелдік қор нарығында бастапқы жария орналастыруға (IPO) дайындықтың бір бөлігі бола қалған 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын әзірледі.

Энергетикалық қауіпсіздікті және ұзақ мерзімді экономикалық дамуды қамтамасыз ету бойынша сын-қатерлер мен міндеттерге жауап ретінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ миссиясы мен пайымын қалыптастырды.

Компанияның миссиясы



«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2022–2032 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес газ саласының алдында тұрған жаһандық сын-қатерлер жағдайында Компания ұзақ мерзімді негізде халықтың өмір сапасын арттыру үшін газдың тиімді жеткізілмдерінің тұрақты қамтамасыз етілуіне, Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуы мақсатында энергетикалық қауіпсіздікті және энергетикалық көшуді күшейтуге ұмтылады.

Компанияның пайымы



«QazaqGaz» ҰК» АҚ — Қазақстан газ саласының инвестициялық тартымдылығын барынша арттыруға және әлеуметтік әл-ауқатты дамыту үшін елдің газ әлеуетін ашуға себептесетін тұрақты газ нарығының тиімділігі жоғары қатысушысы.

Бекітілген стратегиялық мақсатты көрсеткіштерге сәйкес Компанияның пайымы адал бәсекелестікті қамтамасыз ету, инвестиция тарту, теңгерімдеу және импорттық газға тәуелділікті жою, жеткізу тізбегінің тиімділігі, халықаралық газ ағыны бағыттарын әртарапандыру және Компанияның еліміздің газ саласының болашағын жақсы жаққа қарай анықтауға белсенді қатысуы тұрғысынан Қазақстан Республикасында газ тасымалдау саласын өзгертуге мүмкіндік беретін болады.

Даму стратегиясына сәйкес, «QazaqGaz» ҰК» АҚ жаңа кен орындарын барлау, ГӨЗ қуаттарын дамыту, баға белгілеуді кезең-кезеңмен реформалау және халықаралық нарықтарға жеткізу бағыттарын әртарапандыру есебінен ресурстық базаның болжамды өсуін күтуде. Бұдан басқа, елді газдандыру деңгейі ~70%-ға жетеді деп күтілуде.

1-БЛОК

ТҰРАҚТЫ ГАЗ НАРЫҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ СҰРАНЫСТЫ БАСҚАРУ:

- Сұранысты оңтайландыру үшін өзгерістерді ынталандыру;
- Газ саласының дамуын ынталандыратын әділ тарифтер мен бағалар және газ нарығын кезең-кезеңмен ырықтандыруға апаратын энергия тиімділігі мен құрылымдық өзгерістер.

2-БЛОК

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУ ТІЗБЕГІ:

- ГБЖ және Өндіру — ресурстық базаның өсуі мен әртарапандырылуын қамтамасыз ету;
- Қайта өңдеу (ГӨЗ) — негізгі газы өңдеу жобаларының қуаттылығын дер кезінде кеңейтуді қамтамасыз ету;
- Сауда операциялары — оңтайлы баға бойынша елдегі газ теңгерімін қамтамасыз ету;
- ГТЖ және ЖГҚ — үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету және елдің экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыру;
- ГТС және «Соңғы миль» — елді газдандыру үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету және шығындарды азайту;
- Даунстрим — газ-химия өнеркәсібінің болашақтағы ықтимал жобаларын шикізатпен (газбен) қамтамасыз ету.

3-БЛОК

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ДАМУЫНЫҢ ТОЛАССЫЗ БАҒЫТТАРЫ:

- Операциялық және инвестициялық қызметті жетілдіру;
- Газ саласындағы құзыреттерді дамыту және жоғары құзыретті ұйымды (соның ішінде, FTO-ны) құру;
- Сандық құралдарды қолдану арқылы ұйымның тиімділігін арттыру;
- Компанияны табысты IPO-ға дайындау (соның ішінде ESG рейтингінің мақсатты деңгейіне жету).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 шілдедегі № 488 қаулысымен бекітілген Газ саласын дамытудың кешенді жоспары, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Ұзақ мерзімді стратегиясы негізінде, Пайымға кол жеткізу мен Миссияны іске асыру мақсатында және Компания қызметі бағыттарының жоғары деңгейдегі әртарапандырылуын ескере отыра, «QazaqGaz» ҰК» АҚ дамудың 12 бағыты бойынша өз кезегінде 66 жобадан тұратын бастамаларды айқындады.

² газ құбырын қосудың соңғы бөлігі.

1-БЛОК

ТҰРАҚТЫ ГАЗ НАРЫҒЫН ҚҰРУ
ЖӘНЕ СҰРАНЫСТЫ БАСҚАРУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1. Сұранысты оңтайландыру үшін өзгерістерді ынталандыру;
2. Газ саласының дамуын ынталандыратын әділ тарифтер мен бағалар және газ нарығын кезең-кезеңмен ырықтандыруға апаратын энергия тиімділігі мен құрылымдық өзгерістер.

2022 ЖЫЛДАҒЫ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

1. **2022 жылы 1 сәуірде** Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында ХЭОТ үшін тауарлық газдың бөлшек сауда бағасы 20%-ға төмендетілген пилоттық жоба іске қосылды. 1 шілдеден бастап бүкіл республика бойынша тауарлық газдың бөлшек сауда бағалары 20%-ға төмендеді.
2. **2022 жылы 14 мамырда** көтерме сауда бағалары 2022 жылғы 01 шілде және 2023 жылғы 30 маусым аралығында республика бойынша орташа есеппен 7,6%-ға өсіммен бекітілді.
3. **2022 жылы 30 желтоқсанда** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылды, онда келесі бастамалар ескерілген:
 - Газ тұтынушыларының екі жаңа санатын енгізу (ірі коммерциялық тұтынушылар және майнерлер);
 - Электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылар үшін тауарлық газға баға белгілеу механизмін бағаны бекітудің 10 жылдық кезеңнен 5 жылдық кезеңіне өзгерту;
 - Мүлікті теңгерімге немесе сенімгерлікпен басқаруға қабылдау кезінде тауарлық газды тасымалдаудың бекітілген тарифтерін өзгерту;
 - Тауарлық газдың көтерме сауда бағаларын жыл сайынғы түзету мүмкіндігімен 5 жыл ұзақ мерзімді кезеңге бекіту;
 - Жер қойнауын пайдаланушылардан газды сатып алу бағасына ынталандырушы формуласын қолдану.

2032 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МІНДЕТТЕР

- Баға белгілеу және тарифтеу реформаларын жүзеге асыру:
- Ірі коммерциялық кәсіпорындар үшін жаңа бағаны енгізу;
 - ГТЖ операторының барлық шығындарын тасымалдау тарифіне қосу;
 - ГТС операторларының барлық шығындарын тарату тарифіне қосу;
 - Нормативтік тұтыну жүйесін алға жылжыту.

2-БЛОК

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУ
ТІЗБЕГІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1. ГБЖ және Өндіру – ресурстық базаның өсуі мен әртарапандырылуын қамтамасыз ету;
2. Қайта өңдеу (ГӨЗ) – негізгі газ өңдеу жобаларының қуаттылығын дер кезінде кеңейтуді қамтамасыз ету;
3. Сауда операциялары – оңтайлы баға бойынша елдегі газ теңгерімін қамтамасыз ету;
4. ГТЖ және ЖГҚ – үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету және елдің экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыру;
5. ГТС және «Соңғы миль» – елді газдандыру үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету және шығындарды азайту;
6. Даунстрим – газ-химия өнеркәсібінің болашақтағы ықтимал жобаларын шикізатпен (газбен) қамтамасыз ету.

2022 ЖЫЛДАҒЫ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

1. Анабай, Барханная (Амангелді тобы) және Придорожное кен орындарын игеруге беру:
 - Барханная кен орнының газ қоры ҚР ҚМК-нің теңгеріміне қабылданды (2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 2495–22-У хаттама);
 - Барханная кен орнының газ қоры ҚР ҚМК-нің теңгеріміне қабылданды (2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 2495–22-У хаттама);
 - 2022 жылы 28 желтоқсанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ Түркістан облысындағы Придорожное кен орнын сатып алу-сату мәмілесін жасады.
2. Малдыбай учаскесінде (Амангелді тобы) геологиялық барлау жұмыстарын (жер қойнауын геологиялық зерттеу) қайтару және жүргізу;
3. Көмір қойнауқатындағы метанды игеру әлеуетін бағалау;
4. Жаңа перспективалық учаскелерді анықтау:
 - «Аққұдық» учаскесінде жер қойнауын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге лицензия алынды;
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен бірлесіп «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасындағы «Жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастықтың негізгі шарттары туралы келісімге» қол қойылды.
5. Қазақстан Республикасы ИИДМ-нің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 461 Бұйрығымен Жәлібек учаскесі МЖҚҚББ тізбесіне енгізілді (Ұлттық компанияға бекіту).

ҚАЙТА ӨНДЕУ (ГӨЗ)

Бүгінгі күнде Компания «QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы Қашағандағы газ өңдеу зауыты (ГӨЗ) жобасының операторы «GPC Investment» ЖШС-не сенімгерлікпен басқаруға беру нәтижесінде қуаттылығы 1 млрд м³ құрайтын Қашаған ГӨЗ-дің бірінші кезегінің құрылысын іске асыруда.

Жобалық-сметалық құжаттамаға (ЖСҚ) кешенді аудит жүргізіліп, оны түзету іске асырылды. ЖСҚ-ны түзету кезінде ұқсас жобаларға қатысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, жабдықтың сенімділігі мен қауіпсіздігі

бойынша барлық кемшіліктер ескерілді. Технологиялық жабдық пен технологиялық үдерістер өнім сапасына, сонымен қатар атмосфераға шығарындыларды азайтуға және энергия тұтынуды азайтуға ерекше назар аударып отырып оңтайландырылды.

Жабдықтың сапасын бақылау жұмыстарына немістің TUV Rheinland компаниясы тартылды. Жобаны басқаруды күшейту, жобаны инженерлік сүйемелдеу үшін инжиниринг саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі – француздық Technip Energies компаниясы тартылған.

2-БЛОК

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУ
ТІЗБЕГІ

2022 ЖЫЛДАҒЫ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

1. 2022 жылғы 13 қыркүйекте

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС мен «Қазтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС арасында «ҚТКФ» кемелерінде сұйытылған табиғи газды (СТГ) қолдану саласындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

2. Мемлекеттің басым құқығының аясына түсетін жергілікті жер қойнауын пайдаланушылармен газды сатып алу келісімдері қамтамасыз етілген:

- экспортқа арналған «Теңіз-шевройлдың» (ТШО) шамамен 2,5 млрд м³ газы ішкі нарыққа қайта бағытталды;

- 0,4 млрд м³ түрікмен газын сатып алуға шұғыл келісімшарт жасалды.

ГТЖ ЖӘНЕ ЖГҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ

1. ГТЖ техникалық аудиті жүргізілді;

2. МГҚ салу/жаңғырту/қуатын арттыру бойынша ірі жобаларды іске асыру басталды («Бейнеу-Жаңаөзен» екінші желісінің құрылысы, Мақат-Солтүстік Кавказ Лупинг, «Қашаған – Солтүстік Кавказ» МГҚ және т.б. басталды);

3. 2022 жылы 5 қыркүйекте Үкімет «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Қазгеология» ҰГБК» АҚ-мен бірлесіп мәжіліс өткізді, оның қорытындысы бойынша Геология комитетіне «QazaqGaz» ҰК» АҚ-мен бірлесіп ЖГҚ-ны құру бойынша перспективалық объектілерді айқындау тапсырылды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ ЖГҚ-ны құрудың перспективалық объектілері ретінде мыналар зерттелуде:

- Сарыарқа» МГҚ жанындағы ЖГҚ-ға арналған құрылымдар;
- ЖГҚ-ны Оңтүстік Қазақстан аумағында құру мәселелері.

Бұдан басқа, «QazaqGaz» ҰК» АҚ «Қазгеоақпарат» РҒАО» ЖШС қорындағы Қазақстан Республикасында ЖГҚ-ны құру бойынша бұрын жүргізілген жұмыстарының материалдарына талдау жасайды.

4. 2022 жылы 20 қазанда Қазақстан Республикасының қолданыстағы Жерасты газ қоймаларын кеңейту және жаңаларын құру бойынша жол картасының жобасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жіберілді.

ГТС ЖӘНЕ «СОҒЫ МИЛЬ»

1. 2022 жылы 25 қарашада Түркістан облысындағы Арыс қаласының 78 мыңнан астам тұрғыны табиғи газға қол жеткізді. Арыс қаласын газдандыру үшін «Темірлан» АГТС-тен 43 шақырымға жуық жеткізуші газ құбыры және 107 шақырым кварталіші газ құбыры тартылды.

2. Компанияның газдандыру деңгейін арттыру үшін қосылуға техникалық шарттарды алу үшін құжаттар тізбесін 8 құжаттан 4 құжатқа дейін қысқарту жұмыстары жүргізіліп, атқарушылық-техникалық құжаттама тізбесі 14 құжаттан 9 құжатқа дейін қысқарды.

3. Газдандырудың бас схемасын іске асыруға арналған бюджет қаражатын «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға бағыт-

тау тетігін айқындау шеңберінде 2022 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жанындағы жұмыс тобының бірқатар отырыстары өткізіліп, нәтижесінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да газбен жабдықтау жүйелерін салу бойынша жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) функцияларын ішінара табыстауды ескеретін Табыстау сұлбасы бекітілді. Газдандыру кезіндегі жаңа өзара әрекеттесу сұлбасы тек жаңа газдандыру объектілеріне қолданылатынын айта кеткен жөн.

4. 2022 жылы тұтынушыларды қосудың құны негізсіз жоғары болғаны байқалған. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тағы тұтынушыларды қосудың/газдандырудың жалпы құны бәсекелес нарықтағы 918 мың

теңгеге қарағанда 596 мың теңгені құрады. Нарықтағы бәсекелестікті және әділ баға белгілеуді ынталандыру үшін 2022 жылдың қыркүйегінен желтоқсанына дейін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Астанада және Қарағанды облысында қосылу қызметтерін қызметтердің өзіндік құнына жақын бағамен көрсеткен болатын. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ шамамен 566 тұрғын үй құрылыстарының немесе жаңадан газдандырылған тұрғын үй құрылыстары жалпы санының 9%-ының (6301, соның ішінде Астанада – 5286, Қарағанды облысында – 1015) құрылыс-монтаж жұмыстарын (ҚМЖ) жүргізуді іске асыра алды.

Бұл ретте ҚТГА бұл ҚМЖ-ны нөлдік маржиналдылықпен орындады.

2032 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МІНДЕТТЕР

1. Дәстүрлі емес газ көздерін дамытуға себептесу;

2. ГӨЗ жобаларына тосқауылдарды жоюға жәрдемдесу;

3. Меншікті ГӨЗ жобаларын іске асыру:

- Қашаған ГӨЗ 2-ші кезегін салу және іске қосу (2-4 млрд м³);
- Қашаған ГӨЗ 3-ші кезегін салу және іске қосу (6 млрд м³);
- ОГӨЗ-де қайта өңдеу көлемін барынша арттыру.

4. Импорттық газ көлемін оңтайлы бағамен қамтамасыз ету;

5. ГТЖ және ЖГҚ жобаларын дер кезінде және бюджеттен асырмай іске асыру:

- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ қуаттылығын арттыру» жобасының ТЭН-ін әзірлеу;
- Маңғыстау облысындағы Сарша жеріне және «Жылы жағажай» курорттық аймағына дейін газ тарату құбырын салу;
- «Мақат-Солтүстік Кавказ» МГҚ лупингін салу;
- «Бейнеу-Жанаозен» МГҚ 2-ші желісін салу;
- Алматы қ. ЖЭО-ны газдандыру үшін газ инфрақұрылымын салу.

6. ЖАО-дан құрылыс функцияларын қабылдау және кейіннен жобаларды белгіленген мерзімде және бюджеттен асырмай іске асыру:

- Қосуға арналған эталондық шығындардың қорытынды есебі, жаңа заңды алға жылжыту;
- Биллингтік компаниямен жұмыс істеу шартын қайта қарау;
- Халық пен коммерциялық өткізу сегменттері үшін биллинг функцияларының инсорсы.



3-БЛОК

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ДАМУЫНЫҢ
ТОЛАССЫЗ БАҒЫТТАРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1. Операциялық және инвестициялық қызметті жетілдіру;
2. Газ саласындағы құзыреттерді дамыту және жоғары құзыретті ұйымды (соның ішінде, FTO-ны) құру;
3. Сандық құралдарды қолдану арқылы ұйымның тиімділігін арттыру;
4. Компанияны табысты IPO-ға дайындау (соның ішінде ESG рейтингінің мақсаты деңгейіне жету).

2022 ЖЫЛДАҒЫ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

1. Есепті жылы Компания «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да бар оқу және инженерлік-техникалық орталықтардың негізінде газ саласындағы құзырет орталығы – Ғылыми-техникалық орталықты (FTO) құру және дамыту бойынша жұмыс жүргізді. Осы бағыт аясында Компания ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, газ өнеркәсібіндегі халықаралық көшбасшылардың сервисін және жөндеу қызметін жергіліктендіру, отандық машина жасау саласын қолдау, сондай-ақ жас мамандарды – бітіруші курстар негізіндегі тағылымгерлерді кәсіби даярлау және қайта даярлау үшін жағдай жасау мақсатында «Оқу-курстық комбинаты» ИОА филиалын «Ғылыми-техникалық орталыққа» өзгертті.
2. Компанияның газ саласындағы ESG көшбасшысы ретіндегі беделін құру аумағындағы Компанияның бастамаларын іске асыру шеңберінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобының ESG жүйесін тұрақты даму саласындағы халықаралық талаптарға сәйкестігіне диагностика жүргізілді. Диагностиканың нәтижелері бойынша 2022 жылы 5 шілдеде «QazaqGaz» ҰК» АҚ ESG жүйесін жетілдіру бойынша Ұсынымардың жол картасы әзірленді. Қабылданған Жол картасына сәйкес 2022 жылдың соңында Директорлар кеңесінің шешімімен «QazaqGaz» ҰК» АҚ ESG жүйесін жетілдірудің 2022–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.
3. 2022 жылы Компания 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптылыққа қол жеткізу Стратегиясына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Төмен көміртекті даму тұжырымдамасына енгізілген «QazaqGaz» ҰК» АҚ көміртегі ізін қысқартуға және өндірістің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар тізбесін құрды. Кейіннен Компанияның Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеуді қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы стратегиясын іске асыру бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың іс-шараларын енгізу, бақылау және орындау мақсатында ESG жобалық кеңсесін құру туралы шешім қабылданды.
4. 2022 жылы «ҰЛТТЫҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ОДАҒЫ» ЗТБ-мен бірлесіп, Компания «жасыл» инвестицияларды тарту бойынша жобалардың «пулын» құрды. Осы жобаларды іске асыру және қарызды жасыл қаржыландыруды тартуды қамтамасыз ету шеңберінде 2022 жылы 18 тамызда «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIFC Green Finance Centre Ltd. арасында ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.
5. Климаттық сауалнама шеңберінде CDP халықаралық рейтингтік агенттігіне (Carbon Disclosure Project) климаттық деректерді ұсынудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін деректерді беру бойынша дайындық жұмыстары басталды.
6. 2022 жылы 11 қарашада «QazaqGaz» ҰК» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылыққа бейілділік мақсатында алғашқы HSE (Health, Safety & Environment) Форумын өткізді. Өткізілген форумның нәтижелері бойынша Компания «нөлдік жарақаттанушылық» халықаралық тұжырымдамасына қосылып, «Vision Zero» 7 Алтын Ережесін қабылдады.
7. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында өндірістік жұмыскерлердің еңбек жағдайлары жақсартылды, атап айтқанда, жалақы шамамен 30%-ға өсіп, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарының еңбек ұжымдарымен мәселелер шешілді.
8. 2022 жылы тиімділікті арттыру мақсатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы Компанияның мерзімді талдамалы есептемелерін цифрландыру бойынша жұмыс жүргізді. Бұдан басқа, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ платформалық модульдерін әзірлеу және оларды «QazaqGaz» ҰК» АҚ цифрлық шешімдеріне одан әрі біріктіру бойынша жұмыс жалғасуда.
9. Операциялық үлгіні жаңғырту барысында Компания «QazaqGaz» ҰК» АҚ IPO-ны өткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру шеңберінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Жекешелендіру бағдарламасын іске асырды. Сондай-ақ, Компанияның IPO-ға ашық және табысты шығуын қамтамасыз ету аясында осы периметрге «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның үш ЕТҚ енгізілді: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «АвтоГазАлматы» ЖШС.
10. 2022 жылдың соңына қарай «ҚазМұнайГаз – Сервис НС» АҚ (Щучинск қаласындағы гольф-клубы) акцияларының 100%-ын сату бойынша іс-шаралар жалғасуда. 2022 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссия мәжілісінің хаттамасымен іске асыру мерзімі 2023 жылдың соңына дейін ұзартылды.

2022 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МІНДЕТТЕР

1. Құзыретті дамыту;
2. IPO-ға шығу;
3. Цифрландыру стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру.

Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі

Тиімділікті бағалау жүйесі «QazaqGaz» ҰК» АҚ бизнес-үдерістерінің Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін Компанияның стратегиялық және жедел басқару құралдарының бірі болып табылады. Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі келесі қағидаттардың сақталуына негізделген:

1.

Өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштермен қатар тұрақты даму, корпоративтік басқару, дамудың әлеуметтік және экологиялық бағыттары саласындағы көрсеткіштерді қамтуды ескеретін қызметтің түйінді көрсеткіштерінің (ҚТК) теңгерімі.

2.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма мүшелерінің ҚТК тізбелері мен мақсатты мәндерін жыл сайын Директорлар кеңесі бекітеді. Сыйлықақы беру мақсатында ҚТК орындалуын бағалау Компанияның есепті жылдағы қызметінің қаржылық-экономикалық қызметінің қорытындыларын шығарғаннан кейін жүзеге асырылады.

3.

Стратегиялық ҚТК-ні операциялық етіп декомпозициялаудан, сондай-ақ ұйымдық құрылым мен қызмет түрлері бойынша стратегиялық ҚТК-ні каскадтаудан тұратын жоғарыдан төменге қарай ҚТК-ні белгілеу.

4.

Корпоративтік ҚТК «QazaqGaz» ҰК» АҚ барлық жұмыскерлері үшін бірыңғай және Компанияның есепті кезеңдегі басымдықтарының ескерілуімен қалыптастырылады.

5.

Функционалдық ҚТК «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма мүшелері үшін жеке болып табылады және нақты басшының алдында тұрған стратегиялық мақсаттар негізінде қалыптасады.

2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК ҚТК МЕНЕДЖМЕНТТІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУҒА, СОНДАЙ-АҚ «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІНЕ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА НАЗАР АУДАРУДЫҢ ЖАЛҒАСЫП ЖАТҚАН ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРІЛУІМЕН ӘЗІРЛЕНДІ.

Олар бойынша мақсатты көрсеткіштер белгіленген 2022 жылға арналған корпоративтік ҚТК-нің негізгі көрсеткіштері болып мыналар табылады:

- Газды экспортқа өткізу көлемі;
- ROACE;
- Қаржылық орнықтылық бойынша көрсеткіш;
- Еңбекке қабілеттіліктің уақытша жоғалумен жарақаттар жиілігінің коэффициенті (LTIF);
- Бекітілген мерзімдер мен параметрлерге сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету.

Әлеуметтік аспект аясында Компания ESG-еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша көшбасшы мәртебесіне қол жеткізу мақсатында 2023 жылға өндірістік жарақаттануды азайту мақсаттарын қойды. Осыған байланысты Компания 0,18 деңгейінде уақытша еңбекке жарамсыздығы бар жарақат жиілігі коэффициентінің (LTIF) нысаналы көрсеткішін анықтады.



52 513

МЛН М³

2022 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ГАЗ ТРАНЗИТІ

ТРАНСФОРМАЦИЯ

03

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ЕЛДІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕКТОРЫН ДАМУДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАТЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨШБАСШЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА КОМПАНИЯ ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛУ ЖОЛЫНДА. «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫ АНЫҚТАУ ШЕҢБЕРІНДЕ КОМПАНИЯНЫҢ ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ДАМУЫН ШЕКТЕЙТІН ФАКТОРЛАР АЙҚЫНДАЛДЫ. ЖАҢАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕРГЕ ЖАУАП РЕТІНДЕ ЗАМАНАУИ ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕМДЕ КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН ОНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ. КОМПАНИЯ ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ӘРТҮРЛІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛАЛАРЫНДА РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КІРІСТІ.

2022 жылдың 28 желтоқсаны Компания тарихындағы маңызды оқиға болып танылды. Бұл күні «Самұрық-Энерго» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК АҚ арасында құрамына «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС де кіретін (Придорожное кен орны) «Тегіс Мұнай» ЖШС жарғылық капиталындағы «Самұрық-Энерго» АҚ-тың 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шарты жасалды.

Жүргізіліп жатқан реформалар шеңберінде Компаниялар тобында бизнес-үдерістерді жақсарту үшін операциялық тиімділік бойынша жоба әзірленді. Бұл жоба келесі жұмыс түрлерінің жүргізілуін болжайды:

- Үдерістік тәсілдемені енгізу (BPM);
- Үздіксіз жақсартуды енгізу (Lean);
- Инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған инвестициялар;
- Сатып алуды жоспарлау үдерісін жақсарту.

Операциялық құрылымды жетілдіру

Бірінші кезекте бірқатар реформа ұйымдық құрылымда жүргізілді. Мысалы, Орталық аппараттағы және ЕТҚ-дағы кеңесшілер лауазымын жою туралы шешім қабылданып, қызметкерлерінің жалпы саны 170 адам құрайтын Орталық аппараттың құрылымы қайта қаралып, бекітілді.

Трансформация акциялардың/қатысу үлестерінің 50%-ы немесе одан да көп бөлігі сатып алу мәселелерін қадағалайтын немесе сатып алу мәселелеріне қатысатын портфельдік компанияларға тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын CEO-1 және CEO-2 қызметкерлерін жалдау және жұмысын ұйымдастыру талаптарын да қозғады. Талаптар келесі пункттерді қамтыды:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақтылыққа тексеру мақсатында психологиялық профайлингтің қолданылуымен полиграфтағы мамандандырылған тексеріс;
- Комплаенс қызметі мен Корпоративтік қауіпсіздік жөніндегі департаментке тиісті тексеріс жүргізу;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын білуге тестілеу;
- Жалғыз акционердің Сатып алу тәртібін білуге тестілеу және қабілеттік тестілері (ауызша және сандық ақпаратты талдау).

«Самұрық-Қазына» АҚ Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне енгізілген өзгерістерге сәйкес (2022 жылғы 03 наурыздағы № 193 хаттама) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру негіздері қысқартылды, осыған байланысты мұндай мәмілелердің үлесі айтарлықтай азайды. Нәтижесінде, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша 97,84%-ды құраған Сатып алу жоспарының орындалу көлемі дәлел бола отырып, әлеуетті өнім берушіні таңдау рәсімдері жеделдетілді. Бұдан басқа, Тапсырыс берушінің қаражатын тиімді жұмсау қағидаты жүзеге асырылды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша үнемдеу эффектісі 3,08%-ды (тауарлар бойынша 4,63%-ды, қызметтер бойынша 0,99%-ды, жұмыстар бойынша 4,17%-ды) құрады.

2022 жылға сатып алу жоспарын іске асыру көлемі

97,84%

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін үнемдеу әсері

3,08%

тауарлар бойынша
↓ **4,63%**

қызметтер бойынша
↓ **0,99%**

жұмыс бойынша
↓ **4,17%**

Саланы цифрландыру

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ цифрлық жетілуін талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Цифрлық мүмкіндіктер қарастырылып, цифрлық ресурстарды пайдалану тиімділігіне, салалық стандарттарға және Компанияның өзгерістерге дайындығына талдау жүргізілді.

Алынған деректер негізінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да жаңа технологияларды енгізу, цифрлық мәдениетті дамыту, жұмыскерлерді оқыту және бизнес-үдерістерді өзгертудің басым бағыттарын айқындайтын цифрландыру стратегиясын әзірлеу тұжырымдамасы қалыптасты. Сондай-ақ, өндірісті цифрландыру аясында Шымкент қаласындағы абоненттер цифрландырылды.

Цифрландыру үдерісі серпінді үдеріс болып табылады, сондықтан «QazaqGaz» ҰК» АҚ жүйелі түрде технологиялық ортадағы өзгерістерге және бизнес қажеттіліктеріне сәйкес жаңартулар мен бейімдеулерді жүзеге асырып тұрады.



«QazaqGaz» ҰК» АҚ

Активтер қоржынын дамыту

Трансформациялық өзгерістер жеке ЕТҚ-ға да әсерін тигізді.

Геологиялық барлау активтерін кеңейту аясында «QazaqGaz» Барлау және өндіру» ЖШС оның құрылымындағы барлық жаңа өндіру активтерін кейіннен топтастыру үшін «Амангелді Газ» ЖШС трансформациясы арқылы ребрендингтен өтті. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, сондай-ақ кәсіптік даярлауды жүзеге асыру үшін жағдай жасау мақсатында 2022 жылы «Оқу-курстық комбинаты» ИОА филиалы «Ғылыми-техникалық орталық» болып өзгертілді.

Қордың Жол картасымен интеграция

Қазақстандық энергетикалық аренадағы негізгі қатысушы бола тұра, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы «Самұрық-Қазына» АҚ Қорының және оның портфельдік компанияларының трансформациялау ниетін қолдайды.

Басқару мен реформалаудың жаңа тәсілдемелерін енгізу мақсатында Қор Басқармасы 2022 жылғы 24 ақпандағы кеңейтілген Жол картасын бекітті. Бұл құжат кадр саясатында, сатып алу жүйесінде өзгерістер, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті арттыру бастамалары, бизнесті қолдау, комплаенс қызметі үдерістерін жетілдіру, дивидендтік және инвестициялық саясатқа жаңа тәсілдер, активтерді жекешелендіру және адами капиталды дамыту бойынша жүйелі шараларды іске асыруға арналған. Жол картасы портфельдік компаниялардағы бизнес-үдерістерді және корпоративтік басқару тәжірибесін реформалау бойынша нақты іс-шараларды қамтиды. Қордың талаптарына және инвесторлар мен барлық мүдделі тұлғалардың күтімдеріне сәйкес келу үшін «QazaqGaz» ҰК» АҚ өз қызметінде бекітілген Жол картасын жүзеге асыруды қолдайды.

22 751

МЛН М³

2022 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ САТУ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

04

Әлемдегі газ нарығына шолу

Әлемдік «жасыл» энергия көздеріне көшу жағдайында газды тұтыну барған сайын энергия ресурстарының кеңінен таралған және іс жүзінде баламасыз транзиттік түріне айналууда.


2022 жылғы газ маусымы Ресейдің Еуропаға құбыржолдар арқылы газ тасымалдау көлемін айтарлықтай қысқартуынан туындаған жеткізудің белгісіздігімен сипатталды. Бұл кезең табиғи газдың айрықша жоғары бағасы мен құбылмалылығына әкеліп соқтырды. 2022 жылы ішінде Еуропа мен Азиядағы табиғи газдың бағасы барлық тарихи тұрғыдан ең жоғары деңгейге жетіп, Еуропада орташа есеппен шамамен үш есеге (TTF (Меншік құқығын табыстау объектісі) бір млн БЖБ (Британдық жылу бірліктері) үшін орташа есеппен 37 доллар) және Азия СТГ нарығында екі есеге (Japan Korea Marker) (JKM) орташа есеппен бір млн БЖБ үшін 34 доллар) өсті. Газ тарату орталығының (Henry Hub) мәліметтері бойынша АҚШ-та газ бағасы 50%-дан астамға өсіп, орташа есеппен бір млн БЖБ үшін 6,5 долларды құрады, бұл – 2008 жылдан бергі ең жоғары деңгей.

2022 жылы құбырлар арқылы табиғи газ саудасының жалпы көлемі

78
млрд м³


15%

1984–2022 жылдар аралығындағы табиғи газ бағасы, АҚШ долл./млн БЖБ




Дереккөз: Energy Institute Statistical Review of World Energy 2023


2012–2022 жылдар аралығындағы табиғи газ өндіру, млрд м³



2012–2022 жылдар аралығындағы табиғи газды тұтыну, млрд м³



2012–2022 жылдар аралығындағы газдың құбыржол бойынша және СТГ экспорты, млрд м³



Дүниежүзілік ауқымдағы газ өндіру көлемі 2021 жылмен салыстырғанда іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Алайда, жоғары баға мен шектеулі жеткізу мүмкіндіктері көптеген өңірде табиғи газды тұтынудың төмендеуіне әкеліп соқтырды.

2022 жылы дүниежүзілік сұраныс 3%-ға қысқарып, 2021 жылы алғаш қол жеткізілген 4 мың млрд м³ белгісінен сәл төмен түсіп, құлдырауын жалғастырды. Табиғи газдың бастапқы энергиядағы үлесі 2021 жылғы 25%-бен салыстырғанда 2022 жылы 24%-ға дейін төмендеді.

2022 жылы табиғи газды құбыр арқылы сауда жасаудың жалпы көлемі 15%-ға (78 млрд м³) төмендеді және көп бағытты серпінмен сипатталады. Құбырлар арқылы еуропалық импорт 35% – ға (82 млрд м³) азайғанымен, негізінен Ресейден жеткізілімдердің азаюына байланысты. Таяу Шығыс елдері құбыржолдық экспортты 12%-ға, ал Қытай құбыржолдық импортты 5 млрд м³-ге арттырды.

2022 жылғы геосаяси тұрақсыздық газ дағдарысын тудырды, бұл нарықтың бірқатар параметрлеріне әсерін тигізді. Еуропалық сатып алушылар СТГ сатып алу көлемін ұлғайтты, ал бұл нарықтың қатаюына және әртүрлі импорттаушы өңірлердегі сұраныстың төмендеуіне әкелді. СТГ жеткізілімі 2021 жылмен салыстырғанда 5%-ға (26 млрд м³) өсіп, 542 млрд м³-ге жетті. Жеткізулер көлемінің негізгі өсімі Солтүстік Америкада (10 млрд м³) және Азия-Тынық мұхиты өңірінде (8 млрд м³) орын алды. Қалған өңірлердің барлығы 2022 жылы СТГ жеткізілімінің өсуіне 8 млрд м³ мөлшеріндегі оң үлес қосты. 2022 жылы ішінде СТГ-ға сұраныстың өсуінің негізгі драйвері Еуропада (62 млрд м³) байқалып тұрды. Бұл басқа импорттаушы елдер үшін СТГ-нің қолжетімділігіне теріс әсерін тигізді. Мысалы, Азия-Тынық мұхиты өңірінің елдері СТГ импортын 24 млрд м³-ге, ал Оңтүстік және Орталық Америка елдері 11 млрд м³-ге қысқартты.


2022 жылы Жапония Қытайды басып озып, ең ірі СТГ импорттаушысы болды да, оған СТГ-ға әлемдік сұраныс өсімінің 60%-ға жуығын құрайтын бөлігі тиесілі. Бұл жоғары бағамен ғана емес, сонымен қатар Қытайдағы COVID-19-ға қатаң «нөлдік төзімділік» саясатымен де түсіндіріледі (IEA деректері бойынша, I. (2022). Gas Market Report Q4 2022 Including Global Gas Security Review 2022).

Азия-Тынық мұхиты өңірі жалпы әлемдік сұраныстың 65%-ы тиесілі болатын СТГ-ның ең ірі тұтынушысы болып қала берді. Алайда оның көлемі өткен жылмен салыстырғанда 6,5 пайызға төмендеген.

Ішкі газ нарығына шолу

2022 жылы әлем экономикаларының көпшілігі әртүрлі дағдарыстық жағдайларға тап болды, бұл биылғы жылды дүниежүзілік экономика үшін өтпелі кезеңге айналдырды. Сондай-ақ, геосаяси тұрақсыздық пен Ковидтен кейінгі экономикалық дағдарыс өтпелі кезеңмен қатар Қазақстандағы газ нарығының жағдайына айтарлықтай әсерін тигізді.

Қазақстанның 2010–2022 жылдар аралығындағы табиғи газ өндіруі, жылына млрд м³



Қазақстандағы 2021–2022 жылдар аралығындағы газ экспорты, жылына млрд м³



2022 жылы тауарлық газ өндіру көлемі



2022 жылы Қазақстанда газ өндіру көлемі 3,1%-ға өсіп, 53,3 млрд м³ көрсеткішіне жетті. Алайда тауарлық газ өндіру көлемі 5,4%-ға төмендеп, 27,8 млрд м³-ді құрады, бұл жоспарланған көрсеткіштердің 94%-ына сәйкес келеді. Бұл 100%-дық жоспардан шамалы ауытқу Теңіз және Қашаған кен орындарындағы жоспардан тыс жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен, сондай-ақ Орынбор газ өңдеу зауытында Қарашығанақ газын қабылдаудағы шектеулермен шартталған.

Есепті кезеңдегі тауарлық газды ішкі тұтыну 19,3 млрд м³ құрады, бұл жоспарланған көрсеткіштерден 7,2%-ға артық. Ішкі нарықтағы газ тұтыну 2020 жылмен салыстырғанда едәуір өсіп, 2 млрд м³-ден астамға өскенін айта кеткен жөн.

2022 жылы Қазақстаннан газ экспортының көлемі 4,6 млрд м³-ге жетті, бұл жоспарланған жоспардың 85,1%-ын құрайды. Газ экспорты көлемінің төмен-

деуі ішкі нарықтағы тұтынудың өсіп келе жатқан көлемін қанағаттандыруға жағдай туғызды.

Есепті кезеңде Үкімет экспорттық пайдалу және ішкі сұранысты толығымен қамтамасыз ету мақсатында ресурстық базаны және газды өңдеуді ұлғайтуды қоса алғанда, жүйелі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға талпынысын жалғастырды.

2022 жылы газ өндіру мен өндірісін ынталандыру мақсатында заңнамалық түзетулер енгізілді. Бұл өзгерістер мыналарды қамтиды:

- газ тұтынушыларының екі жаңа санатын енгізу (ірі коммерциялық тұтынушылар және майнерлер);
- электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылар үшін тауарлық газға баға белгілеу механизмін бағаны бекітудің 10 жылдық кезеңінен 5 жылдық кезеңіне өзгерту.

2022 жылы 18 шілдеде Үкімет Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Бұл стратегиялық құжат ағымдағы жағдайды, елді газдандыру үдерісіне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларды талдауын, оның ішкі тұтынулуын қоса алғанда, құнды және стратегиялық ресурс ретіндегі газға сұранысты басқаруды, сондай-ақ әлемдік нарықтарды бар және әлеуетті көлік бағдарлары арқылы осы энергия ресурсымен қамтамасыз етуді қамтиды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша елдің газдандыру деңгейі 59%-ға жетті. Түрлі өңірлерде газ саласында жалпы құны 96,1 млрд теңгені құрайтын 142 жоба сәтті жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралар 107 ауылдық елді мекендегі 285 мың азаматтың табиғи газға қол жеткізулерін қамтамасыз етуге себептесті.

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар

«QazaqGaz» ҰК» АҚ өз қызметін оның аясында жүргізетін әлемде және Қазақстанда үнемі өзгеріп отыратын ортаны ескере отырып, Компания қызмет нәтижелеріне және тұрақты дамуына әсер етуі мүмкін негізгі факторларды қадағалап тұрады. Сыртқы және ішкі факторларды талдауға сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ:

1.

ТАУАРЛЫҚ ГАЗ ТЕҢГЕРІМІНІҢ ӨЗГЕРУІ;

2.

БАҒАДАҒЫ/ ТАРИФТІК ӨЗГЕРІСТЕР;

3.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР;

4.

САНКЦИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР.

Негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен қамсыздандыруда, ел халқының жартысынан астамын осы ресурспен қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ жалпы ұзындығы 20 817 км құрайтын Қазақстан Республикасындағы магистральдық газ құбырлары ең ірі желісін басқарады.

Соңғы жылдары Компания еліміздің әртүрлі аймақтарындағы газ тасымалдау инфрақұрылымы мен тарату желілерін жаңарту және кеңейту бойынша ауқымды жұмыстарды белсенді түрде жүргізіп келеді. Есепті жылы батыс және оңтүстік өңірлердегі магистральдық газ құбырларын кеңейту бойынша ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды.

Магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемі

83 744

млн м³

Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс

952 283

6%

млн м³

«QazaqGaz» ҰК» АҚ негізгі өндірістік көрсеткіштері, бір.

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Газды өткізу, млн м ³ , соның ішінде	23 841	23 644	22 751
- экспорт	7 852	6 044	4 333
- ішкі нарық	15 989	17 600	18 419
Магистральдық тасымалдау, млн м ³ , соның ішінде	86 590	95 422	83 744
- ішкі газ тасымалдау	20 165	21 146	21 956
- халықаралық транзит	46 732	60 067	52 513
- газды экспортқа тасымалдау	19 693	14 209	9 275
Тауар-көлік жұмысы, млрд м ³ ·км	49 886	55 927	48 661
Газ өндіру, млн м ³	325,75	278,182	277,555

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша магистральдық тасымалдау, млн м³

Көрсеткіш	2021	2022
Ішкі газ тасымалдау	21 146	21 956
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	15 810	16 835
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	899	1 361
«КазТрансГаз Аймақ» АҚ	816	-
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	3 620	3 761
Халықаралық транзит	60 067	52 513
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	40 842	32 887
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	19 226	19 440
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	-	186
Газды экспортқа тасымалдау	14 209	9 275
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	8 517	4 942
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	2 854	2 166
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	2 838	2 167

Өткен есепті кезеңдегі ішкі газ тасымалдау көлемдерінің көрсеткішімен салыстырғанда өсім байқалады, бұл Қазақстан Республикасының ішкі нарығында газды тұтынудың артуымен байланысты. Қытай мен Ресей Федерациясына (РФ) газ тасымалдау көлемінің төмендеуіне байланысты газды экспортқа тасымалдау көлемі азайды.

Есепті кезеңдегі негізгі қызметтен түскен кіріс өткен есепті жылмен салыстырғанда 6%-ға өсті. Өсім жаңа тұтынушылар есебінен газды өткізу көлемінің ұлғаюымен және халық арасында тұтынудың артуымен, экспорттық газ бағасының өсуімен және валюта бағамының өзгеруімен шартталған. Бұл ретте Компанияның жалпы табысының шамамен 87%-ы газды өткізуден түскен.

QazaqGaz» ҰК» АҚ қаржылық көрсеткіштері, млн теңге

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс
Өнімдерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен табыс	945 520	896 255	952 283	6%
Өзіндік құны	836 212	704 327	806 657	15%
Жалпы пайда	109 309	191 928	145 626	-24%
Қорытынды табыс	266 502	400 193	386 628	-3%
Салынған капиталға шаққандағы пайда (ROACE)	16,3%	20,3%	16,3%	-20%
Табыстылық	11,6%	21,4%	15,3%	-29%
Табыс	973 557	938 510	1 042 126	11%
Шығыс	916 407	790 048	955 984	21%

Инвестициялық бағдарламаларға шолу

Негізгі стратегиялық басымдықтар мен бизнес-бағыттарға сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ ұзақ мерзімді Инвестициялық бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- жаңа газ кен орындарын толық барлау және пайдалануға беру бағдарламасын, инертті газдарды коммерцияландыру жобасын іске асыру;
- соңғы тұтынушыларға газ тасымалдау бойынша қызметтердің теңдестірілген, сенімді және үздіксіз ұсынылуын қамтамасыз ету;
- өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында магистральдық газ құбырлары жүйесін жаңғырту;
- Қазақстан Республикасының елді мекендерін газдандыру арқылы ішкі газбен жабдықтау нарығын кеңейту;
- Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту;
- ресурстық базаны кеңейту;
- газ химиясының бәсекеге қабілетті саласын құру.


4. Операциялық және қаржылық нәтижелер

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыруға салынған құрделі салымдардың жалпы көлемі 151 824 млн теңгені құрады. Өткен кезеңнің ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда есепті кезеңде инвестициялардың өсуі төмендегі инвестициялық жобаларды іске асырумен байланысты:

- «Қашаған» Газды кешенді дайындау қондырғысынан (ГКДК) «Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ-ға дейін МГҚ салу;
- «Мақат–Солтүстік Кавказ» МГҚ лупинг құрылысы;
- «Құрық ауылында АГТС – 80 орнату арқылы «Жетібай-Құрық» МГҚ құрылысы».

2012–2022 жылдар аралығындағы жаңа инвестициялық жобаларға құрделі салымдар, ҚҚС-сыз млн теңге

АГҚ мен БШГҚ бірлескен бақыланатын ұйымдардың жобаларын есепке алмағанда



Инвестициялық салымдар туралы ақпарат, бір.³

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ



Жыл	ЖОБАЛАР
2021–2024	Алматы қ., АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды жеткізуші газ құбырларын салу
2023	«Бейнеу–Бозой–Шымкент» МГҚ екінші желісін салуға ТЭН
2011–2024	«Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбырын салу
2020–2023	Компрессорлық станциясы бар «Қашаған» ГКДК-дан «Мақат–Солтүстік Кавказ» МГҚ-ға дейін МГҚ салу
2021–2024	Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін қайта құру
2021–2023	«Мақат–Солтүстік Кавказ» МГҚ-да лупинг салу ³

ҚҰНЫ, ҚҚС-СЫЗ МЛН ТЕҢГЕ

81 377

2 104

882 560

71 948

203 862

87 695

АЙМАҚТЫҚ ТАСЫМАЛДАУ



Жыл	ЖОБАЛАР
2021–2023	Қостанай облысының 3 елді мекенін (Жітіқара қаласы, Тобыл кенті, Үлкен Чураковка ауылы) газдандыру
2021–2023	2 БГРП орналастыра отырып, АГТС-тен «Сарша» жеріне дейін газ құбырын салу ³
2022–2023	Алматы қ., АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейінгі газ құбырларын салу

2 872

7 411

4 011

ГАЗ ӨНДІРУ



Жыл	ЖОБАЛАР
2012–2031	«Амангелді газ кен орындары тобын игеру» жобасының өндіру тобы
2022–2027	«Придорожное» кен орны

ҚҰНЫ, ҚҚС-СЫЗ МЛН ТЕҢГЕ

78 178

102 080

ГАЗДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ



Жыл	ЖОБАЛАР
2021–2025	«Қашаған» кен орнында газ өңдеу зауытын салу

365 819

ГАЗ МОТОР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ



Жыл	ЖОБАЛАР
2022–2024	Алматы қ., 2 АГТК-ті салу

2 011

³ Жобалардың құны инвестициялау валютасына байланысты өзгеріп тұрады.

Салық саясаты

Салық міндеттемелерін орындау тәсілі

GRI 207-1

«QazaqGaz» ҰК» АҚ салық міндеттемелеріне жоғары жауапкершілікпен қарайды және салық төлемдерін Ұлттық оператордың мемлекеттің экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуына қосатын маңызды үлесі ретінде қарастырады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да салық есебін жүргізу тәртібі салықтық есеп саясатымен (бұдан әрі — СЕС) белгіленген. СЕС «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) талаптарына сәйкес келеді.

Салық заңнамасын сақтау Компания қызметін жүргізудің негізгі қағидаты болып табылады Компания салық саясатының ажырамас аспектісі болып салық мін-

деттемелеріне қатысты ашықтық пен айқындық, салық органдарымен диалогты қолдау, салық дауларының туындау тәуекелдерін барынша азайту табылады.

Салық төлемдері туралы ақпарат (бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда):

- 2020 жыл — 55 155 331 мың теңге;
- 2021 жыл — 43 402 750 мың теңге;
- 2022 жыл — 92 996 686 мың теңге.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ерікті негізде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен Өзара әрекеттестік туралы келісім жасап, 2022 жылғы 14 сәуірден бастап Көлденең мониторингті енгізу бойынша пилоттық жобаның қатысушысы болып табылады. Компанияның Көлденең мониторингке қатысуы салықтық бақылау шеңберінде салық тәуекелдерін төмендетеді, сондай-ақ Компанияның іскерлік беделі мен инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Салықтық тәуекелдерді басқару және бақылау

GRI 207-2

Компанияда Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау ережелеріне және Өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес басқарылатын салық тәуекелдерін анықтау мен жоюдың тиімді рәсімі енгізілді. Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары салық мәселелері бойынша жауапты болады және салықтарға қатысты күн сайын туындайтын мәселелерді шешу жөніндегі міндеттерді Орталық бухгалтерияның Салық есептілігі секторына береді. «QazaqGaz» ҰК» АҚ орталық бухгалтериясы Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі Орынбасарына есеп береді.

Салықтық есепке алу секторлары салық салу және салықтық есепке алу жөніндегі қызметтің көп бөлігін жүзеге асыратын тәжірибелі білікті мамандармен жасақталған. Салық тәуекелдерінің тізілімі үнемі жаңартылып, экономика мен қаржы мәселелеріне жетекшілік ететін басшылықтың қатысуымен талқыланады Салық салу жөніндегі ақпаратты тәуелсіз аудиторлар қаржылық есептілік аудиті шеңберінде тексереді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да Компанияға таралатын «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жедел желісі жұмыс істейді, және салық салу саласында бұзушылықтар анықталған жағдайда Компанияның барлық жұмыскерлері осы мәселе бойынша Жедел желіге жүгіну мүмкіндігіне ие.

Салық салу саласындағы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

GRI 207-3

Тараптардың өзара іс-қимылы ынтымақтастық, негізделген сенім, адалдық, заңдылық, ашықтық және кеңейтілген ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделеді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен Өзара іс-қимыл туралы келісімге Көлденең мониторинг бойынша жобаға дейінгі жұмыс шеңберінде іс-шараларды іске асыру жөніндегі Жол картасына қол қойылды.

Компания жауапты салық төлеуші болып табылады, салықтық тәуекелдерді барынша азайтуға ұмтылады және бизнес-қатынастарды орынды коммерциялық қағидаттар негізінде және қазақстандық салық заңнамасына сәйкес құрады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Орталық бухгалтерия қызметкерлерінің салық заңнамасының ағымдағы үрдістері мен өзгерістерінен хабардар болу үшін үздіксіз оқытылуын жүргізіп тұрады, сонымен қатар әртүрлі операциялық мәселелерді шешу үшін сыртқы кеңесшілерді қосымша тартады.

Салық заңнамасындағы өзгерістер туралы, салық органдарының туындайтын салық салу мәселелері бойынша ұстанымы туралы, әкімшілендірудің жаңа технологияларын, пилоттық жобаларды енгізу туралы ақпаратты Орталық бухгалтерия қызметкерлері жүйелі түрде түрлі мамандандырылған дереккөздерінен, соның ішінде Компания мүшесі болып табылатын Қазақстанның Салық төлеушілер қауымдастығының жіберілімдері бойынша алады. Сондай-ақ, Орталық бухгалтерияның қызметкерлері мемлекеттік органдар мен қауымдастықтар өткізетін жұмыс топтарына, дөңгелек үстелдерге, жұмыс кездесулеріне қатысу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- Салықтық есеп саясатын және Салықты есепке алу жөніндегі нұсқаулықты жаңарту;
- Көлденең мониторингті енгізу бойынша жобаны іске асыру және Көлденең мониторингті енгізу бойынша Жол картасы шеңберінде іс-шараларды орындау.

Қаржылық міндеттемелер

2022 жыл қорытындысы бойынша S&P Global Ұлттық компанияның несиелік рейтингін «BB» деңгейінде растады және болжамды «терістен» «оңға» қайта қарады. Moody's «QazaqGaz» ҰК» АҚ несиелік рейтингін «Baa2» деңгейінде растады, болжамы — тұрақты.

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компания тобының кредиттік құжаттамасы бойынша қаржыландыру шарттарын жақсарту бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда:

- 2022 жылғы ақпанда Ресей Федерациясы Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесінің жоғарылауы салдарынан пайыздық мөлшерлеменің күрт өсуіне байланысты «ВТБ Қазақстан» Банкінен 906,5 миллион ресей рублі сомасындағы қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылды;
- 2022 жылғы қазанда MUFG Bank және Bank of China синдикатталған қарызы бойынша «Бейнеу–Шымкент газ құбыры» ЖШС-нің 700 млн АҚШ доллары сомасындағы міндеттемелері қайта қаржыландырылды, бұл «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 288 млн АҚШ доллары сомасындағы кепілдігін босатуға және «Бейнеу–Шымкент газ құбыры» ЖШС-не «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға 405,6 млн АҚШ доллары сомасындағы топшілік қарызды мерзімінен бұрын өтеуге мүмкіндік берді;
- 2022 жылғы қарашада «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ 5 600 млн теңге сомасына өзінің купондық облигацияларын ішінара мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды, нәтижесінде қаржылық ковенанттардың көрсеткіштері жақсарды, және тұтастай алғанда, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың қаржылық тұрақтылығына оң әсерін тигізді;
- 2022 жылғы желтоқсанда Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызы бойынша 29 700 млн теңге сомасындағы «Интергаз Орталық Азия» АҚ-тың міндеттемелері қайта қаржыландырылды, нәтижесінде қарызға қызмет көрсету шығындары төмендеді.

Қаржылық міндеттемелер

Рейтингтік агенттік	Рейтингті растау/ өзгерту күні	Рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	22.09.2022	BB	Оң
FitchRatings	24.02.2022	BBB-	Тұрақты
Moody's	19.12.2022	Baa2	Тұрақты

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ шоғырландырылған қарызының жалпы көлемі

Қарыз, млн теңге	2019	2020	2021	2022
Жалпы қарыз	628 440	644 835	683 940	606 102
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	114 165	246 300	382 704	577 122
Таза қарыз	514	399	301	29

«QazaqGaz» ҰК» АҚ қаржылық ковенанттары

Ковенанттар ⁴	2019	2020	2021	2022
Debt/Equity ≤1,4	0,45	0,46	0,38	0,28
Қарыз/EBITDA ≤3,8	1,42	1,83	1,24	1,21
EBITDA/Пайыздық сыйақы бойынша шығындар ≥3,0	13,76	12,72	13,06	7,99

Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болады және бекітілген шешімдерді қабылдау тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің маңызды басқа да маңызды мәселелермен қатар «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау және ірі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау болып табылады.

⁴ «Самұрық-Қазына» АҚ қарызды басқару және қаржылық тұрақтылық саясатына сәйкес қаржылық тұрақтылық коэффициенттері.

2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеу туралы

2023 жылғы 26 сәуірде Жалғыз акционер 2022 жылғы дивидендтер сомасын «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың 2022 жылғы шоғырландырылған таза кірісінің 7% мөлшерінде бекітті, бұл жай акциялар бойынша 27 065 363 553 (жиырма жеті миллиард алпыс бес миллион үш жүз алпыс үш мың бес жүз елу үш) теңгені құрады. 2022 жылы Компанияны тиімді басқару 10 жыл ішінде бірінші рет Жалғыз акционерге дивидендтерді төлеуді қамтамасыз етті.

2023 жылға арналған болжамды көрсеткіштер

«QazaqGaz» ҰК» АҚ газ саласындағы макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына сәйкес, 2023 жылы табиғи газ өндіру көлемі 300 млн м³ деңгейінде, ал табиғи газды сату көлемі 24 888 млн м³ деңгейінде болады деп күтілуде. Қаржы-экономикалық қызметі бойынша Компанияның кірісі 2022 жылмен салыстырғанда 228 385 миллион теңгеге өседі деп күтілуде.

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- «Бейнеу–Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының 2-ші желісінің құрылысын жалғастыру;
- Алматы қаласын газбен жабдықтау жобасын жүзеге асыру: «Қазақстан-Қытай» МГҚ мен «Алматы-Байсерке-Талғар» МГҚ арасында ТІР-04 «Қайрат» қосқышын салу, «Алматы-Байсерке-Талғар» МГҚ 2-ші желісінің құрылысы, ЖЭО-2 үшін АГТС және ЖЭО-3 АГТС құрылысы, сАГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жеткізуші газ құбырларын салу;
- Амангелді кен орындары тобын игеруді жалғастыру;
- Жер қойнауын геологиялық зерттеу мен геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында газдылығы тұрғысынан басым өңірлерді анықтау және кейіннен жаңа учаскелерді алу үшін Қазақстан Республикасының бассейндерін зерделеу;
- Перспективалық учаскелерді геологиялық зерттеу және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- Тиісті геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге инвестиция тарту мақсатында бірлескен жобалар үшін стратегиялық серіктестерді қатыстыру.

2023 жылы табиғи газ өндірудің күтілетін көлемі

300

млн м³

Табиғи газды сатудың күтілетін көлемі

24 888

млн м³

2023 жылы компания табысының күтілетін өсімі

228 385

млн теңге

277,6

МЛН М³

ТАБИҒИ ГАЗ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

05



Тұрақты дамуды басқару тәсілі

GRI 3-3, GRI 2-24

«QazaqGaz» ҰК» АҚ жауапты бизнес жүргізудің маңыздылығын аңғарады. ESG қағидаттарын және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстану Компанияның табысты дамуының ажырамас факторы болып табылады. ESG қағидаттарын ұстану «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың бәсекелес нарықта ұзақ мерзімді және табысты жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Компания тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттар мен бастама-ларға және осы саладағы озық әлемдік тәжірибеге бағдарланады. Компания қоршаған ортаның қамын ойлау, қауіпсіз және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, адами капиталды дамыту, сондай-ақ іскерлік этика қағидаттарын сақтау салаларында үздіксіз жұмыс істейді. Компания бүгінгі және болашақ ұрпақтар үшін ұзақ мерзімді экономикалық, әлеуметтік және экологиялық игіліктерді жасау және арттыру арқылы орнықты болашаққа қол жеткізуге өз үлесін қосудың маңыздылығын түсінеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың тұрақты дамуды басқару жүйелі тәсілге негізделген. 2022 жылы Компания тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін реттейтін ішкі саясаттарды құру және енгізу арқылы өзінің корпоративтік тұрақтылықты басқару тәжірибесін дамытуды жалғастырды, соған қоса «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың Тұрақты даму саласындағы саясатын әзірледі.

2022 жылы тұрақты даму жүйесін қалыптастырудың негізгі кезеңдері:

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIFC Green Finance Centre Ltd арасында ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойылды;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Саясат бекітілді;
- Экологиялық Саясат бекітілді;
- алғашқы HSE Форумы (Health, Safety & Environment) өткізілді;
- «VISION ZERO» 7 алтын ережесі қабылданды;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ ESG жүйесін жетілдірудің 2022–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді;
- «GRI, TCFD, ISSB стандарттарын енгізу бойынша іс-шаралар жоспары» бекітілді. Ол жария есептіліктегі ақпараттың сапасын жақсартып, қолжетімділігін арттыратын болады.

Сонымен қатар, Компаниялар тобының барлық кәсіпорындарында ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесі енгізілді. Енді компаниялар тобының кәсіпорындарында энергетикалық аудиттер жүйелі түрде жүргізілуде.

Компанияның тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттары

Компанияда тұрақты даму және ESG тәуекелдерін басқару саласындағы Компанияның ішкі тәжірибесін реттейтін корпоративтік құжаттар әзірленді. Әдеттегідей, тұрақты даму саласындағы Компания қызметінің әрбір аспектісі жеке құжатпен реттеледі. «QazaqGaz» ҰК» АҚ тұрақты даму тәжірибесін енгізу бойынша қолданыстағы рәсімдерді рәсімдей отырып, өз тәжірибесін жетілдіру бойынша үнемі жұмыс істеуде, сондай-ақ жаңа ішкі саясаттар мен стандарттарды дәйекті түрде бекітуде. Мәселен, 2023 жылы Компанияда ESG саласындағы 25 ішкі нормативтік құжатты әзірлеу және бекіту жоспарланған.

GRI 2-23

Компаниядағы тұрақты даму мәселелерін реттейтін негізгі корпоративтік құжаттар:

- Экологиялық саясат (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Корпоративтік басқару кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу саясат (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру ережелері (Басқарма шешімімен бекітілген);
- Кадрлық саясат;
- Іскерлік әдеп кодексі (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Қызметкерлерді оқыту және дамыту қағидалары (Басқарманың шешімімен бекітілген);
- Кадрлар резервін қалыптастыру және даярлау қағидалары (Басқарманың шешімімен бекітілген);

- Еңбекке ақы төлеу туралы ереже;
- Басшылық және әкімшілік қызметкерлер құрамына еңбегіне ақы төлеу қағидалары (Басқарманың шешімімен бекітілген);
- Қызметкерлер құрамын оқыту және дамыту саласындағы саясат;
- Денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Жас мамандарды даярлау ережелері;
- Ұжымдық шарт;
- Қызметкерлер құрамын іздеу және іріктеу ережелері;
- Компанияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясат және т.б.

Тұрақты дамуды басқару құрылымы

GRI 2-9, GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-14

Компания орнықты дамуды басқарудағы өз тәсілдерін жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізуде, өйткені орнықты дамудың қағидалары мен құндылықтары «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, осыған байланысты Компания басқарудың барлық деңгейлерінде орнықты даму қағидаларына өзінің бейілділігін жариялайды.

QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі өз құзыреті шеңберінде Орнықты даму саласындағы тиісті жүйені қалыптастыруды және оны орнықты даму аспектілерінің негізгі жетістіктері бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ Интеграцияланған жылдық есебі шеңберінде Орнықты даму саласындағы есептілікті қарауды және осы саладағы мәселелерді басқаруға белсенді тартуды қоса алғанда, барлық деңгейлерде енгізуді қамтамасыз етеді, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін қарауға.

2022 жылы тұрақты даму саласындағы жұмыстардың нәтижелері бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның 2022–2032 жылдарға арналған Даму стратегиясын қарады, сондай-ақ тұрақты даму аспектілері бойынша негізгі ішкі нормативтік құжаттарды (Тұрақты даму туралы саясат, Экологиялық саясат, Денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат және т.б.) бекітті. Бұдан басқа, есепті жылы Директорлар кеңесі қабылданған «QazaqGaz» ҰК» АҚ ESG жүйесін жетілдірудің 2022–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына» сәйкес тұрақты даму саласындағы негізгі бағыттарды анықтады.

Басқарушылық деңгейінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасы дамудың стратегиялық бағыттары, бағдарламалары мен іс-шаралары бойынша іс-шараларды бақылайды және қадағалайды, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен КТК-нің орындалуын бақылайды, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ бейқаржылы есептілігін дайындау шеңберінде маңызды тақырыптарды бекітеді.

Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеуді қоса алғанда, компанияның орнықты даму саласындағы стратегиясын іске асыру жөніндегі «QazaqGaz» ҰК» АҚ іс-шараларын енгізу, бақылау және орындау мақсатында ESG бойынша жобалау кеңсесі құрылды. Жобалық кеңесінің құрамы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Жобалау кеңесінің төрағасы-Басқарма төрағасының Стратегия және инвестициялар жөніндегі орынбасары. Жобалық кеңесінің құрамына «QazaqGaz» ҰК» АҚ және ЕТҚ қызметкерлері кіреді. Жобалау кеңесінің төрағасы жобалау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыс күнін, күн тәртібін және отырыс тақырыбын бекітеді, жобалау кеңесінің отырыстарына төрағалық етеді, жобалау кеңесі қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Есепті кезеңде төмен көміртекті даму бағдарламасын қалыптастыру, ESG жетілдіру бойынша Жол картасын орындау, ESG рейтингін алуға дайындық және т. б. мәселелер қаралды.

Операциялық деңгейде тұрақты дамуды басқару мәселелерін Стратегия және тұрақты даму департаменті жетекшілік етеді. Департамент ішкі нормативтік құжаттарды, тәжіриберлерді және ішкі бақылау жүйесін жүйелі түрде талдап тұрады, сондай-ақ уақтылы өзектендіру және жетілдіру бағыттарын анықтау үшін тәжірибені енгізуге және Компанияның тұрақты даму қағидаларының сақталуына себептеседі.

Тұрақты дамудың жеке мәселелерін басқаруды «QazaqGaz» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады. Мысалы, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқаруға жауап беретін HSE қызметі (Health, Safety & Environment), әлеуметтік мәселелер мен қызметкерлер құрамын басқару функцияларын жүзеге асыратын Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауды басқаруға жауапты өндірістік және техникалық департамент қызмет істейді. Әрбір құрылымдық бөлімше өз құзыреті шегінде тұрақты даму тәжірибесін басқаруды үйлестіруде, сондай-ақ Компанияның БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізудегі үлесін қосуда маңызды рөл атқарады.

Есепті кезеңдегі оқиғалар

GRI 2-17

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ESG-КЛУБЫНА ҚОСЫЛУ

2022 жылы Компания бизнес, мемлекет және қоғам өкілдері арасында тұрақты даму саласындағы білім, тәжірибе және озық практика алмасу алаңы болып табылатын Қазақстанның Ұлттық ESG-клубына қосылды. ESG-клубына қосылу «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың ESG тәжірибесін алға жылжытуға, бизнестің жаңа мүмкіндіктерін дамытуға және экологиялық және әлеуметтік көшбасшылықты қалыптастыруға деген бейілділігі мен ұмтылысын қамтып көрсетеді.

VISION ZERO ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА ҚОСЫЛУ

Есепті жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Vision Zero тұжырымдамасына қосылды. 2022 жылдың қарашасында QazaqGaz алғашқы HSE (Health, Safety & Environment) форумын өткізді, оның аясында «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы мен еншілес және тәуелді ұйымдардың басшылары Vision Zero тұжырымдамасының Health & Safety саласындағы жеке міндеттемелеріне қол қойды. Компания еңбек жағдайларын жақсартуды және қоршаған ортаны қорғауды көздейді, өйткені адамдар, олардың денсаулығы және қауіпсіз еңбек жағдайлары «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың маңызды басымдықтары болып табылады.

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлері бейқаржылық есептілік және төмен көміртекті даму саласындағы дағдылары мен құзыреттерін тереңдету мақсатында келесі оқыту түрлерінен өтті:

- Төмен көміртекті дамыту — оқыту 2022 жылдың 20 мамырында өтті.
- «GRI Standards: тұрақты даму саласындағы есептілік» сертификаттау тренингі — оқыту 2022 жылдың 21–22 маусымында өтті.

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания тұрақты даму саласында келесі іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді:

- Carbon Disclosure Project (CDP) халықаралық климаттық рейтингін алу;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ функционалдық ESG ҚТК-ға сәйкес тәуелсіз ESG-рейтингін алу;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ ESG жүйесін жетілдіруге арналған кешенді жоспарын іске асыру;
- Компаниялар Тобының жұмыскерлеріне ESG қағидаттары туралы хабардарлығын арттыру және оларды ұстануды танымал ету бойынша іс-шаралар өткізу;

- көміртектік бейтараптылыққа қол жеткізу жоспарын әзірлеу;
- көміртексіздендіру саласындағы стратегияны және жол картасын әзірлеу;
- тұрақты даму саласындағы, соның ішінде халықаралық рейтингтік агенттіктердің талаптарына сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және енгізу;
- 2024–2025 жж. TCFD климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу мәселелері жөніндегі Жұмыс тобының ұсынымдары аясында ESG-тәуекелдері мен мүмкіндіктерін бағалау тәжірибесін енгізу;

- Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне жүргізілген ішкі аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау.
- Тұрақты даму саласындағы саясатты бекіту;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Біріктірілген жылдық есебін қалыптастыру ережесі» құжатын бекіту.

Компанияның есептілігі

«QazaqGaz» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне, Компанияның ақпараттық саясаты туралы ережеге, сондай-ақ Global Reporting Initiative (GRI) Жаһандық есептілік бастамасының тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарына сәйкес өз қызметінің нәтижелері туралы өзекті және сенімді ақпаратты жариялайды.

Компания он жыл бойы (2012 жылдан бастап) Жылдық есептерде тұрақтылық саласындағы есептілікті жариялап келеді. 2022 жылы Компанияның Біріктірілген жылдық есебі алғаш рет Global Reporting Initiative (GRI Standards) 2021 есептіліктің жаңа стандарттары бойынша, сондай-ақ мұнай-газ компанияларына арналған GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 салалық стандартына сәйкес дайындалды. Есепті дайындау кезінде маңызды тақырыптар тізімі жаңартылған GRI әдістемесіне сәйкес айқындалды.

Ақпараттық саясатты іске асыру кезінде Компания келесі негізгі қағидаттарды басшылыққа алады:



Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму басым мақсаттары (БҰҰ ТДМ)

«QazaqGaz» ҰК» АҚ БҰҰ-ның барлық 17 Тұрақты даму мақсатының маңыздылығын мойындайды және өз қызметінің шеңберінде оларға қол жеткізуге айтарлықтай үлес қосады. Қызметінің ерекшелігіне байланысты, сондай-ақ Компанияның миссиясына, бизнес-бейініне және мақсаттарына сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ оларға қол жеткізуге Компания ең үлкен үлес қосатын өзі үшін БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 7 басым мақсатты айқындады. Төмендегі кестеде Компанияның басым мақсаттар шеңберіндегі қызметінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы мақсаттарға сәйкес келетін тұрақты даму бойынша маңызды тақырыптар берілген.

БҰҰ-ның ТДМ-сы және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тағы тұрақты дамудың маңызды тақырыптары



Е: Экологиялық аспект

13-ТДМ. Климаттың өзгеруімен және оның салдарымен күрес бойынша шұғыл шаралар қолдану

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **13.3** Ағартуды, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарын әлсіретуді, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша мүмкіндіктерін жақсарту;
- **13.5** Ең аз дамыған елдерде және шағын аралдардағы дамушы мемлекеттерде климаттың өзгеруімен байланысты жоспарлау және басқару мүмкіндіктерін күшейтеу тетіктерін құруға жәрдемдесу, бұл ретте әйелдерге, жастарға, сондай-ақ жергілікті және маргинальданған қауымдарға арттырылған назар аудару.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ластаушы заттардың шығарындыларын құрғақ басу жүйесінің (SoLoNOx) жұмыс істеуі;
- компаниялар тобында газ айдау агрегаттары және құрғақ шығарындыларды басу жүйесі бар компрессорлық станцияларды пайдалану;
- атмосфераға шығару деңгейі төмен жану жүйесі бар агрегаттардың жұмыс істеуі;
- еншілес ұйымдардың әкімшілік және өндірістік ғимараттарында түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қазандық агрегаттарының жұмыс режимдерін реттеу.



Е: Экологиялық аспект

7-ТДМ. Қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздерінің барлығы үшін жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

ЭНЕРГИЯ МЕНЕДЖМЕНТІ

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **7.2** 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңартылатын көздерден алынатын энергия үлесін едәуір арттыру;
- **7.a** 2030 жылға қарай экологиялық таза энергетика саласындағы жаңартылатын энергетиканы, энергиялық тиімділікті арттыру және қазбалы отынды пайдаланудың неғұрлым таза технологияларын қоса алғандағы зерттеулер мен технологияларға қолжетімділікті жеңілдету мақсатында халықаралық ынтымақтастықты жандандыру, сондай-ақ энергетикалық инфрақұрылымға және экологиялық таза энергетикаға салынатын инвестицияларды көтермелеу;
- **7.b** 2030 жылға қарай барлық дамушы елдерде, негізінен, ең аз дамыған елдерде, шағын аралдағы дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде, олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және тұрақты энергиямен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- жалпы энергия тұтынуындағы ЖЭК үлесін ұлғайту;
- өз қажеттіліктері үшін ЖЭК-тен жылу және электр энергиясын өндіру;
- магистральдық газ құбырлары объектілеріндегі катодты қорғаудың тиімсіз станцияларын жаңа буын станцияларына ауыстыру;
- өнеркәсіптік алаңның қолданыстағы сыртқы жарықтандыру шамдарын компрессорлық станциялардағы энергияны үнемдейтін жарықдиодты аналогтармен ауыстыру.



С: Әлеуметтік аспект

3-ТДМ. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста барлығының амандығына жәрдемдесу

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТЖ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **3.12** Ең аз дамыған елдерде, әсіресе шағын аралдық дамушы елдерде денсаулық сақтауды қаржыландыруды және медицина қызметкерлерін жинау, дамыту, мамандыққа даярлау және қызметте ұстау көрсеткіштерін айтарлықтай көбейту;
- **3.13** Ерте алдын алу, қауіп-қатерлерді төмендету және денсаулық үшін ұлттық және ғаламдық тәуекелдерді реттеу саласында барлық елдердің, әсіресе дамушы елдердің әлеуетін арттыру.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 0,29– еңбекке қабілеттілігінің жоғалуымен жарақаттанушылық көрсеткіші (LTIFR);
- 13 325 адам ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша оқудан өтті.



С: Әлеуметтік аспект

5-ТДМ. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

КЕМСІТУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ, ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **5.1** Әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жаппай жою;
- **5.5** Әйелдердің жан-жақты және іс жүзіндегі қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірдегі шешім қабылдаудың барлық деңгейіндегі көшбасшылық үшін бірдей мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ету.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- қызметкерлер арасындағы әйелдер үлесі — 17,8%;
- 2022 жылы кемсітушілік оқиғалары тіркелген жоқ.

БҰҰ-ның ТДМ-сы және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тағы тұрақты дамудың маңызды тақырыптары



S: Әлеуметтік аспект

9-ТДМ. Берік инфрақұрылым құру, ауқымды және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **9.1** Экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында барлығына бірдей қымбат емес және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге айрықша назар аудара отырып, өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылыммен бірге сапалы, сенімді, орнықты әрі берік инфрақұрылымды дамыту;
- **9.4** 2030 жылға қарай жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен инфрақұрылымды жаңғырту және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мен таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік үдерістерді неғұрлым кең қолдану есебінен кәсіпорындарды орнықты етіп қайта жабдықтау;
- **9.5** Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде, соның ішінде 2030 жылға дейін инновациялық қызметті ынталандыру және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласында (ҒЗТКЖ) 1 миллион адамға есептегенде жұмыскерлер санын, сондай-ақ ҒЗТКЖ-ға мемлекеттік және жеке шығыстарды едәуір арттыру арқылы ғылыми зерттеулерді жандандыру, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық әлеуетін өсіру.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Республикасын Газдандырудың 2022 -2030 жылдарға арналған бас схемасына сәйкес елді газдандыру бойынша инфрақұрылымдық жобаларын іске асыруды жалғастыру.



S: Әлеуметтік аспект

11-ТДМ. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **11.a.** Ұлттық және өңірлік дамытуды жоспарлау сапасын арттыру негізінде қалалық, қала маңындағы және ауылдық аудандар арасындағы жағымды экономикалық, әлеуметтік және экологиялық байланыстарды қолдау.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қашаған кен орнының шикізат базасында газ өңдеу зауытын салу;
- «Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбырын салу;
- Сарша аймағын және «Жылы жағажай» курорттық аймағын газдандыру;
- кері байланыс механизмдерінің жұмыс істеуі.



G: Корпоративтік басқару аспектісі

8-ТДМ. Барлығы үшін алға бағытталған, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмысбастылыққа және лайықты жұмысқа жәрдемдесу

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ТДМ МІНДЕТТЕРІ

- **8.5** 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлерді, соның ішінде жастар мен мүгедектерді толық және өнімді жұмысбастылықпен және лайықты жұмыспен және тепе-тең бағалы еңбек үшін бірдей жалақымен қамтамасыз ету;
- **8.8** Еңбек құқықтарын қорғау және еңбек-мигранттарын, әсіресе әйел-мигранттарды және тұрақты жұмыспен қамтылуы жоқ тұлғаларды қосқандағы барлық еңбек етушілер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

МАҚСАТТАРЫ, ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ

- әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (Samruk Research services платформасы аясында) – 76%;
- тұрақтамаушылық коэффициенті – 6,7%.



Компаниялар тобы қызметінің ұлттық немесе халықаралық орнықты даму бағдарламаларымен байланысы

QazaqGaz — тың алға қойған ұзақ мерзімді мақсаттарын іске асыру энергия қауіпсіздігі мен декарбонизация мәселелерін қоса алғанда, елдің бірқатар ұлттық басымдықтарына үлес қоса алады.

1.

ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАЗАНДАҒЫ № 731 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ҰЛТТЫҚ ЖОБА):

ХАЛЫҚ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ӨМІР СҮРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTY

Газдандырудың нысаналы деңгейі

70%

2.

ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТ ТУРАЛЫ ЗАҢ, ИИДМБ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 27 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 86-VII ЗР ЗАҢЫ):

ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІСТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

ҚР-да тауарлық газ өндірісінің

+35

млрд м³

3.

КҮШТІ ӨҢІРЛЕР-ЕЛДІҢ ДАМУ ДРАЙВЕРІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАЗАНДАҒЫ № 729 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН):

ХАЛЫҚТЫҢ БАЗАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТҚА ТЕҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Газдандырудың нысаналы деңгейі

70%

4.

ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАЗАНДАҒЫ № 730 ҚАУЛЫСЫ ҰЛТТЫҚ ЖОБА):

ӨРТARAПТАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ҚҰРУ

Инвестициялар мен газ өсімі есебінен ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсімінің

+1,5%

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

GRI 2-29

Компания қызметінің бәсекеге қабілетті және табысты дамуы көбіне мүдделі тараптармен ашық, сапалы және ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға байланысты, себебі олардың үміттері мен мүдделері «QazaqGaz» ҰК» АҚ мақсаттарын, құндылықтарын және стратегияларын қалыптастыруға тікелей әсерін тигізеді. Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, сондай-ақ барлық мүдделі тараптармен тиімді және теңдестірілген қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Компания мүдделі тараптардың түйінді топтарын олардың Компанияның ағымдағы қызметіне және стратегиялық дамуына әсерін талдау негізінде, сондай-ақ олармен өзара іс-қимылдың қалыптасқан практикасына сәйкес айқындайды.

«QazaqGaz» ҰК АҚ-да Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуінің негізгі аспектілерін көрсететін келесі корпоративтік құжаттар әзірленді:

- Стейкхолдерлер картасы;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру ережелері;
- Іскерлік этика кодексі және т. б.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен қалауларын құрметтеу және ескеру;
- мүдделі тараптарды уақтылы және жүйелі түрде хабардар ету;
- қабылданған міндеттемелерді жауапты орындау.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі құжаттарының бірі болып мүдделі тараптардың қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесін, сондай-ақ олардың «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға ықпал ету күшін бағаларын және мүдделі тараптардың маңыздылығының параметрлерін қамтып көрсететін Стейкхолдерлер картасы табылады. Осы бағалардың нәтижесінде Компанияда барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стратегиясы әзірленуде.

Әрбір мүдделі тараппен өзара іс-қимыл стратегиясын, сондай-ақ ықпал ету құралдарын қызмет ерекшеліктеріне қарай Компанияның құрылымдық бөлімшелері дербес айқындайды.



Мүдделі тараптардың тізімі



АКЦИОНЕР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдері;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- корпоратившілік коммуникация арналары.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- Компанияның қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық қамтамасыз ету;
- Жалғыз акционер мен ЕТҚ акционерлерінің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.



ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдері;
- Компанияның есептілігі;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою;
- Компанияның бұйрықтары мен өкімдері;
- Компания веб-сайты.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ және ЕТҚ-ның тұрақты қаржылық дамуын, табыстылығын қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- Жалғыз акционер мен ЕТҚ акционерлерінің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- Жалғыз акционердің, Компания мен ЕТҚ-ның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлестіру, олардың арасында және аталған топтар ішінде жанжалдардың туындауының алдын алу бойынша жүйелі шаралар қолдану;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ және ЕТҚ-ның тиімді стратегиясы мен инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.



МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- Компанияның есептілігі;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- электрондық пошта арқылы тікелей өзара әрекеттесу.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер жасасу;
- салықтарды төлеу және салық ақпаратын ашу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету.



ҚАТЫСУ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- кері байланыс арналары;
- баспасөз конференциялары;
- қоғамдық тыңдаулар;
- Компанияның есептілігі;
- веб-сайт, әлеуметтік желілер.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау;
- Компания үшін экономиканың басым салаларында жобаларды дамыту, әлеуметтік, мәдени және білім беру салаларында маңызды қайырымдылық жобаларын іске асыру;
- қоғамдық маңызы бар іс-шараларға қатысу;
- Басқарманың Қазақстан экономикасын дамытуға арналған конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысуы;
- кері байланыс тетіктерінің жұмысын қамтамасыз ету.



БАҚ

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- Компанияның сайтында және БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды жариялау;
- баспасөз конференцияларын, баспасөз турларын, форумдарды және басқа да медиа іс-шараларды өткізу.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- баспасөз конференцияларын, сұхбаттарды, кездесулерді ұйымдастыру және өткізу;
- өндірістік объектілерге бару;
- баспасөз хабарламаларын шығару;
- корпоративтік іс-шараларды өткізу;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның ЕТҚ интернет-сайтында ақпаратты орналастыру.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- кері байланыс арналары;
- жиналыстар және басшылықпен жеке кездесулер;
- қызметкерлер тиімділігінің бағалары;
- Компанияның есептілігі.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- қолайлы жұмыс жағдайларын жасау;
- оқыту мен білім беру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- еңбек қызметі үдерісінде қызметкерлердің әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін бағалау;
- қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және олардың мансаптық өсуі;
- басшылықтың жұмыс ұжымдарымен жыл сайынғы және тоқсан сайынғы кеңестерін өткізуі;
- Компания қызметінде жүргізілетін әлеуметтік саясат және әлеуметтік жауапкершілік туралы мәліметтерді жариялау;
- кері байланыс тетіктерінің жұмысын қамтамасыз ету.



КӘСІПОДАҚТАР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- Компанияның есептілігі;
- қоғамдық тыңдаулар;
- ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерге қол қою.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- еңбекті қорғау және қызметкерлер құрамын басқару саласындағы нормаларды сақтау;
- шарттар мен келісімдердің талаптарын сақтау.



ЖЕТКІЗУШІЛЕР МЕН МЕРДІГЕРЛЕР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- кездесулер өткізу;
- іскерлік хат-хабарлар;
- шарттар мен келісімдерге қол қою;
- Компания веб-сайты;
- Компанияның есептілігі.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- ашықтық, адалдық қағидаттарын сақтау;
- өзара пайда мүдделерін сақтау, қабылданған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну;
- шарттық қатынастардың барлық талаптарын сақтау;
- Іскерлік әдеп кодексіне және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес қарым-қатынастарда құрмет пен адалдықты көрсету.



ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН БІРЛЕСТІКТЕР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерге қол қою;
- компанияның есептілігі;
- кездесулер;
- іс-шараларға қатысу.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- Компанияның елдің салалық бизнесін жетілдіруге қатысуы;
- Компанияның заңнамалық бастамаларын ілгерілетуге жәрдемдесу.



СЕРІКТЕСТЕР

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат-хабарлар;
- Компанияның есептілігі;
- Компания веб-сайты.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау;
- тәуекелдерді басқару.

Қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидарттарды ұстану

GRI 2-28

«QazaqGaz» ҰК» АҚ озық тәжірибені дамыту бойынша алға қойылған мақсаттарға тез және тиімді қол жеткізу жолында ортақ мақсаттар мен мүдделерге негізделген күштерді біріктіре отырып, ұлттық қауымдастықтарға қатысады.

Қауымдастықтарға мүшелік тәжірибемен алмасуға, серіктестік қатынастарын орнатуға және Компанияның халықаралық пен ұлттық аренадағы мәртебесі мен беделін арттыруға себептесетін Компания қызметінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен жұмыс істегенде ашықтық, сындарлы өзара іс-қимыл және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады, бұл өз кезегінде Компанияның экономикалық құндылығын құруға, сондай-ақ тұрақты даму қағидаттарын ілгерілетуге негіз болады.

2022 жылдағы басты оқиғалар

Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша «Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі» қауымдастығымен бірлескен жұмыс шеңберінде қайта айдауды қысқартудың және ілеспе газды алуларда жағудың ынталандыру тәсілдерінің нұсқалары талқыланды, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың кейіннен Үкімет мақұлдап, уәкілетті органдар бекіткен газ бағасын белгілеудің жаңа тетігін әзірлеу мәселелері бойынша ұсыныстары да қарастырылды.

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ЖӘНЕ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН БІРЛЕСТІКТЕРГЕ МҮШЕЛІГІ

ҰЙЫМДАР

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ
- «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
- «ҚазРосГаз» ЖШС
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС
- «Бейнеу–Шымкент» газ құбыры» ЖШС
- «Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС
- «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ
- «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
- «ҚазРосГаз» ЖШС
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС
- «Бейнеу–Шымкент» газ құбыры» ЖШС
- «Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС
- «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ

ҚАУЫМДАСТЫҚ/БІРЛЕСТІК

«KAZENERGY» ЗТБ — мұнай-газ және энергетика кешенінің, соның ішінде өндіруші және көлік, сервистік және геофизикалық, уран және басқа да трансұлттық компаниялардың заңды тұлғаларының коммерциялық емес бірлестігі. Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетикалық кешендерінің тұрақты дамуына жәрдемдеседі.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы — Қазақстан Республикасы Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөз күшін күшейту үшін құрылған коммерциялық емес ұйым.

«Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы» ЗТБ — салықтарды ерікті және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, олардың білім деңгейін арттыру мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйым.

«KazWeld» Қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы — дәнекерлеу өндірісінің мамандарын жұмысшылардан бастап инженерлерге дейін даярлау және оқыту үшін Халықаралық дәнекерлеу институтының (IIW) бағдарламасы бойынша оқу орталықтарын аккредиттеу жөніндегі Қазақстандық Уәкілетті Орган.

«Қазақстан Республикасының инженер-энергетиктер одағы» — өнеркәсіптік кәсіпорындарды энергиямен қамтамасыз ету, энергетикалық қызметтер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, Қазақстанда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамамен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге арналған энергетика саласындағы қазақстандық ғылыми, жобалау және оқу институттарының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергетикалық қызметтерінің, энергетикалық жабдық өндірушілердің бірлестігі.

«IRIS» Ұлттық бизнес қауымдастығы — кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының іскер топтарының өкілдерін біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Мемлекеттік органдар мен басқару органдарының кәсіпкерлікті дамытуға қызығушылығын арттыруға, Қауымдастықтың барлық мүшелерінің және т.б. өз мүдделерін еркін білдіру және қорғау мүмкіндігінің қамтамасыз етілуіне жәрдемдеседі.

644,7

МЛН ТЕҢГЕ

2022 ЖЫЛҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ ШЫҒЫНДАРЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ (E)

06



МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

- Экологиялық менеджмент жүйесі;
- Су ресурстары;
- Ластаушы заттардың шығарындылары;
- Қалдықтармен айналысу;
- Биоауантүрлілік;
- Климат өзгерісі;
- Энергия менеджменті.

GRI КӨРСЕТКІШТЕРІ

GRI 3-3, GRI 303-1, GRI 303-2, GRI 303-3, GRI 303-4, GRI 303-5, GRI 305-7, GRI 306-1, GRI 306-2, GRI 306-3, GRI 306-4, GRI 306-5, GRI 304-1, GRI 304-2, GRI 304-3, GRI 304-4, GRI 305-1, GRI 305-2, GRI 305-4, GRI 305-5, GRI 302-1, GRI 302-5

РЕЛЕВАНТТЫҚ БҰҒ ТДМ



2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Жаңартылатын көздерден энергияны тұтыну

3 076,2

ГДж

ҚОҚ шығындары

644,7

МЛН ТЕҢГЕ

Түзілген қалдықтардың жалпы көлемі

6 015

ТОННА

Экологиялық менеджмент жүйесі

Басқару тәсілі

GRI 3-3

«QazaqGaz» ҰК» АҚ мұнай-газ саласының өкілі бола тұра, өз қызметінің ерекшелігіне байланысты қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі мәселелері бойынша жоғары жауапкершілікті сезінеді.

Су ресурстары

Басқару тәсілі

GRI 3-3

«QazaqGaz» ҰК» АҚ су ресурстарын басқаруға үлкен көңіл бөледі және оларды ұтымды пайдалану жауапкершілігін сезінеді. Компания суды алуды заңнамаға сәйкес іске асырады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ филиалдарында тұщы суды пайдалануды ықтимал қысқарту, тасымалдау кезінде су ысырабын азайту іс-шаралары арқылы нормативтік тазартылған суды ағызуды қысқарту жөніндегі 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Сондай-ақ, осы ЕТҚ-да «8 су қағидаты» су ресурстарын ұтымды басқаруға бейілділігі туралы мәлімдемеге қол қойылды.

GRI 303-1

Компания ауыз су, шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік және техникалық қажеттіліктерге су алуды қоспағанда, кез келген су объектілеріне айтарлықтай кері әсерін тигізбейді. Кәсіпорындарға су шарттық негізде қалалық сумен жабдықтау жүйесі арқылы жеткізіледі. Елеусіз әсерге байланысты Компанияда суды тұтынуды азайту бойынша нысаналы көрсеткіштер белгіленбейді.

Жер үсті су қоймалары мен жер асты бұлақтары су ресурстарының негізгі көздері болып табылады. Компания суды теңіз көздерінен алмайды. «Интергаз Орталық Азия» АҚ филиалдарында келесі өндірістік объектілерге су жер асты көздерінен алынады: КС-11, КС-14, «Ақтөбе» МГҚБ, КС-5, «Тараз» МГҚБ «Ақыртөбе» ЖГК, Полторацкое ЖГК, КС-Самсоновка, «Шымкент» МГҚБ, Орал желілік өндірістік басқармасы (ЖӨБ), «Орал» МГҚБ Чижинское ЖӨБ. «Жанғала» КС және «Орал» МГҚБ үшін сун Пятимар су қоймасынан жеткізіледі. Басқа объектілерге суды сумен жабдықтау ұйымдары шарттық негізде жеткізеді.

GRI 303-2

Компанияның сарқынды сулары есепті жылы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шекті рұқсат етілген ағызуды нормаларының шекті мәнінен аспады. Химиялық құрамы бойынша ағынды суларда ауыр металдардың және басқа ластаушы заттардың жоғары концентрациялары жоқ. Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар көп сатылы тазарту үдерісінен өтеді. Ең алдымен, ағынды сулар тазарту имараттарына жіберіледі, онда олар биологиялық тазарту үдерісінен өтеді. Содан кейін тазартылған су сузу алаңдарына немесе буландырғыш тоғандарына жіберіледі. Компания сарқынды сулардың ағуы мен тазартылуын үнемі қадағалап тұрады. Тазарту имараттарының қондырғыларының мониторингі тазарту имараттарына кіреберістегі және одан шыққаннан кейінгі ағынды сулардың сапасын салыстырмалы талдаумен сипатталатын жұмыс тиімділігін анықтау үшін жүргізіледі.

GRI 303-5

Есепті жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ су алудың көлемі

885

МЕГАЛИТР

Су ағызудың көлемі

285

МЕГАЛИТР

Компаниялар тобының барлық аудандардан және су тапшылығын сезінетін аудандардан су тұтыну көлемі

600

МЕГАЛИТР

2022 жылдағы көздер бойынша жалпы су алу, мегалитр

GRI 303-3

Көрсеткіш	барлық өңірлерден	су тапшылығы бар өңірлерден
Жерүсті сулары	1,100	-
- Тұщы су	1,100	-
- Басқа су	-	-
Жерасты сулары	382,400	-
- Тұщы су	382,400	-
- Басқа су	-	-
Теңіз сулары	-	-
- Тұщы су	-	-
- Басқа су	-	-
Қойнауқаттық сулар	-	-
- Тұщы су	-	-
- Басқа су	-	-
Бөгде ұйымдар сулары	501,366	-
- Тұщы су	138,366	0,413
- Басқа су	363	-
Жалпы су алу	884,866	0,413

2022 жылдағы көздер бойынша жалпы су ағызуды, мегалитр


GRI 303-4

Көрсеткіш	барлық өңірлерден	су тапшылығы бар өңірлерден
Жерүсті сулары	-	-
Жерасты сулары	170,120	-
Теңіз сулары	-	-
Бөгде ұйымдар сулары (жалпы)	115,153	-
Басқа ұйымдарға пайдалану үшін жіберілген бөгде су	115,153	0,097
Жалпы су ағызуды, соның ішінде:	285,273	0,097
- Тұщы су	285,273	0,097
- Басқа су	-	-


2022 жылдағы барлық аудандардан және су тапшылығын сезінетін аудандардан су тұтыну, мегалитр

GRI 303-5

барлық өңірлерден



су тапшылығы бар өңірлерден



Жалпы су тұтыну
Жалпы су ағызуды

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- су тұтыну саласында нысаналы көрсеткіштерді белгілеу;
- 2024 жылы климаттың өзгеруі саласында CDP рейтингін алу және су қауіпсіздігі бойынша сауалнаманы тапсыру;
- су ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі стандартты қалыптастыру.

Ластаушы заттардың шығарындылары

Басқару тәсілі

GRI 3-3

«QazaqGaz» ҰК» АҚ газ тасымалдау жүйесі объектілерін пайдалану нәтижесінде атмосфераға 47-ге жуық ластаушы заттардың түрі шығарылады. Бұл ретте Компания кәсіпорындарының ластаушы заттардың шығарындылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормативтерден аспайды.

Ластаушы заттардың шығарындылары негізінен келесі жабдық түрлерінің пайдаланылуы нәтижесінде шығарылады: газ поршенді электр станциясы (ГПЭС), ГАА, қазандықтар, кәдеге асыру қазандығы, әртүрлі шамдар (сепараторлар, отын газын ағызу, сүзгілер мен реттегіштер және т.б.), дренаждық сыйымдылықтар, ресиверлер, дизель отынын қабылдау және сақтау сұйыққоймалары.

Сонымен қатар, дәнекерлеу машиналары, үрлеу шамдары және табиғи газды және техникалық коммуникацияларды өршітуге арналған шамдар сияқты қондырғылардан, сондай-ақ жер, бояу және жалпы құрылыс жұмыстарынан ұйымдастырылмаған және бірден шығарылатын шығарындылары орын алады. Апат кезінде пайда болатын және қысқа мерзімді

сипаттағы табиғи газ шығарындылары үлкен әсер етеді. Апаттардан басқа, табиғи газдың атмосфераға тұрақты түсіру көздері бар, олар өнімді тиеу, түсіру немесе сақтау орындарында жабдықтың саңылаусыздығын бұзу нәтижесіндегі ағып кетулерді қамтиды.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша Шығарындыларды басқару саясаты әзірленді және енгізілді, оның негізгі мақсаты болып атмосфералық ауаға әсерін барынша азайту табылады.

Осы құжаттың шеңберінде Компания ластаушы заттардың ауаға шығарындыларының азайту бойынша келесі негізгі міндеттерді айқындайды:

- шығарындыларды басқару тәсілдерін реттейтін және бүкіл Компания бойынша міндетті пайдалануға арналған қағидаттарды анықтау;
- ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларын азайту;
- өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыру, шығарындыларды азайту;
- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және ағып кетулердің алдын алу.

Компания әзірлеген 2022–2030 жылдарға арналған «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» шеңберінде ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормаларын сақтау бойынша іс-шаралар айқындалды. Стационарлық көздерден ластаушы заттардың шығарындыларын бақылау мақсатында Компаниялар тобы рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (РШН) жобасында белгіленген нормативтерді ұстанады. Еншілес ұйымдар жоғарыда аталған жоспар шеңберінде өндірістік объектілерде де, вахталық кенттердің аумағында да жыл сайын ағаш отырғызуды жүргізу міндетін белгіледі.

Компания Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы аясында ластаушы заттардың шығарындыларын үнемі бақылап бағалауды жүзеге асырады. Осы Бағдарламаға сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында және шығарындылар көздерінде жылына 4 рет жүргізіледі. Бақылауды аккредиттелген зертхана аспаптық әдістерді қолдана отырып жүзеге асырады.

Қалдықтармен айналысу

Басқару тәсілі

GRI 3-3

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың шаруашылық қызметі қалдықтардың түзілуімен тығыз байланысты. Компанияда қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ ЕТҚ деңгейінде қабылданған ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексіне көшу аясында қалдықтармен айналысуға қойылатын талаптар қатайтылды.

Компанияда қалдықтарды басқару келесі қағидаттар негізінде ұйымдастырылады:

- қайта пайдаланылатын қалдықтар фракцияларын бөлек жинауды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру;
- қалдықтарды уақытша сақтау және қайта өңдеу орындарына жүйелі тасымалдауды және оларды полигондарға орналастыруды ұйымдастыру;
- органикалық қалдықтарды бөлек жинауды және оларды қайта пайдалануды көтермелеу;
- құрылыс қалдықтарын қалдықтардың

басқа түрлерінен тікелей құрылыс алаңында немесе арнайы орында міндетті түрде бөлінуін ұйымдастыру;

- құрылыс қалдықтарының басқа қалдықтармен араласуын болдырмау;
- қалдықтардың кейбір түрлерін басқа түрлермен немесе арнайы қоспалармен араластыруға тыйымдарды белгілеу;
- қалдықтарды рұқсатсыз өртеуге жол бермеу;
- мамандандырылған кәсіпорындармен дер кезінде шарттар жасасу арқылы ЕТҚ-ның қалдықтарды кәдене жарату жөніндегі міндеттемелерін осы қалдықтарды қайта өңдейтін объектілердің иелеріне беру үшін жағдай жасау;
- ҚОҚ саласындағы уәкілетті органға қалдықтармен айналысу жөніндегі дұрыс ақпаратты уақтылы беру жүйесін ұйымдастыру.

Компания тұрақты түрде қалдықтарды басқару бойынша іс-шараларды жүзеге асырады: өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, тасымалдау және кәдеге жарату және қайталама шикізатты қайта өңдеуге беру (қағаз, қатырма, ПЭТ қаптамасы, аккумуляторлар, қара және түсті металдардың сынықтары). Сондай-ақ Орталық аппарат деңгей-

інде «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы құрылды, оның аясында кеңсе үй-жайларында қалдықтардың түзілуін төмендету бойынша іс-шаралар әзірленді.

Компаниялар тобы әрбір ЕТҚ үшін мақсаты өндіріс және тұтыну қалдықтарының көлемін қысқарту және оның қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту болып табылатын Қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуде. Бағдарламаларға сәйкес ЕТҚ объектілерінде қалдықтардың келесі негізгі түрлері түзіледі:

- Мұнай шламы;
- Мұнайлы бұрғылау қалдықтары (шлам);
- Бұрғылау ерітіндісі;
- Қорғасынды аккумуляторлар;
- Пайдаланылған сүзгілер;
- Пайдаланылған сынапты шамдар;
- Пайдаланылған жарықдиодты шамдар;
- Медициналық қалдықтар;
- Пайдаланылған майлар;
- Қара және түсті металдар;
- Электр және электрондық жабдықтың қалдықтары;
- Құрылыс қалдықтары.

Есепті жылы азот оксидтерін (NOx) және күкірт оксидтерін (SOx) қоса алғанда, ластаушы заттардың ауаға шығарындыларының көлемі


16 019,07

ТОННАНЫ

2021 жылы қатты бөлшектер мен көміртек тотығы есепке алынбаған.

Ластаушы заттардың ауаға шығарындыларының көлемі, тонна

GRI 305-7



- Көміртек тотығы (CO₂)
- Азот оксидтері (NO_x)
- Ұшпа органикалық қосылыстар
- Күкірт диоксиді (SO_x)
- Қатты бөлшектер
- Қауіпті ауа ластаушылары

Есепті жылы Компания қызметінің нәтижесінде

6 015


29%

ТОННА ҚАЛДЫҚ ТҮЗІЛДІ

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың түзілуінің өсуі Компанияның өндірістік қуатының ұлғаюымен түсіндіріледі.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтарға бөлінумен түзілген қалдықтардың көлемі, тонна

GRI 306-3



Қауіпті қалдықтар Қауіпті емес қалдықтар

GRI 306-1, GRI 306-2

«QazaqGaz» ҰК» АҚ кәсіпорындары қалдықтарының негізгі бөлігі келесі өндірістік үдерістер нәтижесінде пайда болады: ГАА-ны, ГПЭС-ті пайдалану, сепараторларда газды тазарту, магистральдық газ құбыры арқылы газды өткізу, газ құбырының қуыстарын тазалау, магистральдық газ құбыры объектілеріндегі жөндеу жұмыстары, мұнай өнімдерінің төгілуі.

ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР:

- пайдаланылған жарықдиодты шамдар, Олар сынаптан арылтуға өткізілмес бұрын, өлшемі осы қалдықтарды 6 айдан аспайтын уақытқа уақытша жинақтауға мүмкіндік беретін қойма жайында түпнұсқа картон қаптамаға салынады;
- пайдаланылған аккумуляторлар. Қалдықтардың бұл түрі дизельдік қондырғыларды пайдалану үдерісі кезінде пайда болады. Арнайы бөлінген қалдықтарды уақытша сақтау орнында сөрелерде уақытша сақталады. Олар жинақталған сайын мамандандырылған кәсіпорынмен шарт бойынша шығарылады;
- лак-бояу материалдарының, майлардың, химиялық реагенттердің ыдыстары — шарт бойынша кәдеге жаратуға беріледі;
- конденсат газ айдағыш қондырғыларға түсер алдында сепараторларда газды тазарту нәтижесінде, сондай-ақ магистральдық газ құбыры арқылы өткенде тамшылы конденсаттан, ылғалдан пайда болады. Газ конденсатын жинау, тасымалдау және сақтау жүйесі келесі-дегідей болады: сепараторларда пайда болған газ конденсаты мезгіл-мезгіл буферлік аймаққа үрленеді және жинақталуына қарай автоматты түрде газ конденсатын сақтауға арналған ыдыстарға (конденсат жинағыштарына) түсіріледі. Газ құбырында пайда болған газ конденсаты қуысты тазартқыш құрылғымен тазалаған кезде кетіріліп, конденсат жинағыштарына түсіріледі. Газ конденсатын уақытша сақтау конденсат жинағыштарында ескерілген. Қалдықтар жиналуына қарай мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша кейінгі кәдеге жарату үшін шығарылады;
- мұнай шламы — шарт бойынша беріледі;
- кейіннен шарт бойынша тапсырылатын пайдаланылған май жабық, саңылаусыз металл ыдыстарда сақталады;
- майланған сүртетін тозған шүберектер мен пайдаланылған май сүзгілері алдымен арнайы жасалған контейнерлерде қоймаланады;
- мұнай өнімдері сіңген топырақ мұнай өнімдері бетон бетіне төгілгенде қалыптасады, нәтижесінде ластанған дақдақтың үстіне құм себу және кейіннен тазалау арқылы жойылады. Қалдықтар жиналуына қарай мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша кейінгі кәдеге жарату үшін шығарылады.

ҚАУІПТІ ЕМЕС ҚАЛДЫҚТАР:

- кейіннен шарт бойынша тапсырылатын қатты тұрмыстық қалдықтар қоршалған бетон алаңшасында контейнерлерде қоймаланады;
- ұсақ металл сынықтары, дәнекерлеу электродтарының күйіктері — алдын ала механикалық шеберханадағы металл жәшікке жиналады, содан кейін қалдықтарды уақытша сақтау орнының аумағында орналасқан үлкен ортақ шанаққа шығарылады, және одан жинақталған сайын әкетіледі;
- оқшаулағыш материалдың қалдықтары — ГАА-да және МГҚ-да жүргізілетін апаттық және жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде түзіледі, металл контейнерде уақытша сақталады және жинақталуына қарай одан әрі кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша шығарылады;
- сүрек қалдықтары — пайдалануға жарамсыз ағаш бұйымдары болып саналады, түзілуіне қарай қалдықтар мамандандырылған кәсіпорынмен шарт бойынша шығарылады;
- ескі, істен шыққан жабдықты жаңасына ауыстыру үдерісінде пайда болған пайдаланылған кеңсе техникасы әкімшілік ғимаратының үй-жайында сақталады және жинақталуына қарай мамандандырылған кәсіпорынмен шарт бойынша шығарылады;
- құрылыс қалдықтары — шарт бойынша беріледі.

Барлық түзілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарын шығару және одан әрі кәдеге жарату туралы шарттар жыл сайын жасалады.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтарға бөлінумен бөгде ұйымдарға кәдеге жарату үшін берілген қалдықтардың көлемі, тонна



Қауіптілік сыныптарына бөлінумен бөгде ұйымдарға орналастыру және зиянсыздандыру үшін берілген қалдықтардың көлемі, тонна



2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- Түзілетін өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі саясатты қалыптастыру;
- «QazaqGaz» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарында Қалдықтарды басқару бойынша жоспарды құру жөніндегі жұмыс нұсқаулығын» әзірлеу, бекіту және енгізу.

Биоалуантүрлілік

Басқару тәсілі

GRI 3-3

«QazaqGaz» ҰК» АҚ өзінің салалық ерекшеліктеріне байланысты жануарлардың, өсімдіктердің және олардың тіршілік ету ортасының биоәртүрлілігіне шамалы әсерін тигізеді. Дегенмен, Компанияның магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орналасқандықтан, Компания үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі маңызды басымдықтардың бірі болып жергілікті экожүйелердің биоалуантүрлілігін сақтау табылады.

GRI 304-1

«Интергаз Орталық Азия» АҚ ерекше қорғалатын табиғи аумақта, сондай-ақ осындай аумақтарға іргелес жерлерде орналасқан Компанияның жалғыз еншілес кәсіпорны болып табылады. ЕТҚ Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағының аумағында орналасқан. «Бұхара-Орал» МГҚ-ның ұзындығы 69 км құрайтын учаскесі Қарабалық ауданындағы Михайлов мемлекеттік табиғи қорына іргелес орналасқан.

GRI 304-2

Есепті жылы «Интергаз Орталық Азия» АҚ өндірістік объектілердің биоалуантүрлілік күйіне әсері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Биоалуантүрлілік бойынша жұмыстың мақсаты болып өндірістік объектілер орналасқан аумақтардағы флора мен фаунаның жағдайын бағалау табылды. Кәсіпорынға іргелес аумақтардағы биоалуантүрліліктің ағымдағы жағдайы туралы объективті деректер алу және өндірістік объектілер орналасқан аумақтардағы өсімдіктер мен жануарлар әлеміне өндірістік объектілер қызметінің техногендік әсерін бағалау жоспарланған болатын. Биоалуантүрлілікті анықтаумен қатарлас Компания кәсіпорындарының қоршаған ортаға әсері зиянды және ластанушы заттардың әсері тұрғысынан қатарлас Компания кәсіпорындарының қоршаған ортаға әсері зиянды және ластанушы заттардың әсері тұрғысынан, жер үсті суларына, атмосфералық ауаға, флора мен фаунаға әсері анықталды.

Биотехнологиялық әдістермен ластануды жоюға арналған шығындар

800

МЛН ТЕҢГЕ

Энергия менеджменті

Компания энергетикалық сипаттаманы үздіксіз жақсартумен және активтерінің энергия сыйымдылығын төмендетумен айналыса отыра, тұрақты даму қағидаттарына бейілділігін көрсетеді. «QazaqGaz» ҰК» АҚ бір мезгілде отын-энергетикалық ресурстардың жеткізушісі және тұтынушысы болып табылады және оларды ұтымды пайдалану және энергиялық тиімділік деңгейін арттыру қажеттілігін мойындайды. Энергия менеджменті бөлігінде Компанияның дамуының негізгі бағыттары болып оның қызметінің негізгі басымдықтарына энергия үнемдейтін көзқарас пен энергия тұрғысынан тиімді жүріс-тұрысты енгізу табылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы жауапты энергия менеджментіне мүдделі және экономикалық орындылыққа бет ұстай отырып, қолданыстағы құқықтық және заңнамалық нормалар шеңберінде энергия үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған үздік қолжетімді технологиялар мен әкімшілік шешімдерді енгізуді қолдануға ниетті.

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Өндірістік үдерістердің энергиялық тиімділігін арттыру Компанияның даму басымдықтарының бірі болып табылады. Барлық ЕТҚ деңгейінде энергия менеджменті әзірленген ішкі құжаттармен реттеледі. Ішкі нормативтік құжаттар энергия ресурстарын тұтынуды есепке алу әдістемесін анықтау, энергия тұрғысынан тиімді технологияларды пайдалану, сондай-ақ қызметкерлер құрамын энергияны үнемдеуге ынталандыру жүйесін енгізу мақсатында әзірленуде.

Мысалы, «Азия газ құбыры» ЖШС ISO 50001:2011 халықаралық стандартының және Қазақстан Республикасының СТ ISO 50001:2012 стандартының талаптарына сәйкес энергия менеджменті жүйесінің қызмет етуін сипаттайтын «Энергия менеджменті жөніндегі нұсқаулық» құжатын бекітті. Бұл құжатта жыл сайын энергетикалық параметрлерді арттыру және энергия менеджменті жүйесін жетілдіру ескерілді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-да Энергиялық тиімділік саласындағы саясат бекітілді және кәсіпорынның энергия үнемдеу және энергиялық тиімділігін арттыру саласындағы әлеуетін анықтау, энергиялық тиімділік индикаторларын белгілеу, жүйелі мониторинг жүргізу, өзінің энергетикалық көрсеткіштерін жоспарлы жақсарту бойынша инвестициялық, ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық іс-шараларды әзірлеу және іске асыру мақсатында мерзімді энергетикалық зерттеулерді жүргізуге бағытталған.

Энергия менеджменті шеңберінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да энергия ресурстарын тұтынуды мониторингілеу жүйесі әрекет етеді. Бұл жүйе ақпаратты есепке алу аспаптарымен тіркеу арқылы электр және жылу энергиясын тұтыну көлемдерін ай сайынғы бақылауды қамтиды. Мониторинг компрессорлық станциялардың мемлекеттік энергия-

я-сумен жабдықтау қызметтері (ЭСЖ) жүзеге асырады. Әрбір өндірістік кәсіпорын есептегіш көрсеткіштерін оқып алып, жергілікті билік органдарына да, Орталық аппаратқа да есеп береді. Көрсеткіштердің негізінде отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну туралы есептер әзірленеді. Электр энергиясын есепке алу және мониторингі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Энергия менеджменті мәселелерімен айналысатын жауапты бөлімше «QazaqGaz» ҰК» АҚ өндірістік-техникалық департаменті болып табылады, ол энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы жұмыс үдерістерін бақылайтын, сондай-ақ уақтылы және тиімді бақылауды қамтамасыз ететін ай сайын мониторинг жүргізетін өндірістік-техникалық бөлім табылады.

Энергия ресурстарын тұтыну

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобындағы электр энергиясын негізгі тұтынушылары:

- электр жетекті газ айдау агрегаттары;
- ауаны салқындату аппараттарымен КС-да табиғи газды салқындату;
- май сорғыларының, ағын, сору желдеткіштерінің, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау жүйелерінің сорғы станцияларының, объектілердің сыртқы және ішкі жарықтандыруының электр жетектері.

КС-да өз қажеттіліктерінің қазандық агрегаттары мен резервтік электр станциялары пайдаланылады. Бұл қондырғылар технологиялық жабдықты, электрохимиялық қорғаныс құралдарын және т. б. электр қуатымен жабдықтау үшін қажетті электр және жылу энергиясын өндіре тұра табиғи газбен жұмыс істейді. Энергия ресурстарының көп бөлігі жерасты құбырларын электрохимиялық қорғаныс құралдары арқылы коррозиядан қорғауға жұмсалады.

Дәстүрлі энергия көздерінен басқа, Компания өткен жылдары пайдалануға берілген жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдаланады:

- DLE шығарындылар деңгейі төмен (Dry low emission технологиясы) жану жүйесі бар ГАА;
- монокристалды күн панельдері (батареялар);
- автономды режимде жұмыс істейтін термоэлектрлік генераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator);
- энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматты жүйесі (ЭРЕКАЖ).


«QazaqGaz» ҰК» АҚ өндірістің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған, сондықтан жыл сайын энергия үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру бойынша іс-шаралар жоспары шеңберінде әзірленетін және бекітілетін іс-шараларды жүзеге асырады. Мұндай іс-шараларға мыналар жатады: барлық өндіріс орындарында қолданыстағы сыртқы жарықтандыру шамдарын

энергияны үнемдейтін жарықдиодты аналогтарға ауыстыру, ішкі жарықтандыруды жарықдиодты жарықтандыруға ауыстыру, жүктеме коэффициенті төмен трансформаторларды нақты қуатқа негізделген трансформаторларға ауыстыру, ескірген қазандықтарды заманауи энергия тұрғысынан тиімді қазандықтарға ауыстыру; оқшауланбаған құбыржолдарды ауыстыру, газ қысымын реттегіштерді орнату, газтурбиналық қозғалқышты күрделі жөндеу, жылу энергиясын ультрадыбыстық есепке алу аспаптарын сатып алу, сапалық жағынан ескірген катодтық қорғаныс станцияларын ҚТК жоғары жаңаларына ауыстыру.

Есепті жылы Компанияның энергия тұтынуы 55 157 374 ГДж құрады, ал жаңартылатын көздерден алынған энергия көлемі 3 076 ГДж құрады.

Отын түрлері бойынша жаңғыртылмайтын көздерден алынған отынды тұтыну, ГДж

GRI 302-1



- Табиғи газ
- Электр қуаты
- Жылу энергиясы
- Бензин
- Дизель отыны

Энергия түрлері бойынша жаңартылатын көздерден алынған энергияны тұтыну, ГДж


GRI 302-1



- Жылу энергиясы
- Электр қуаты

Компанияның энергия тұтынуы, ГДж

GRI 302-1



- Табиғи газ
- Электр қуаты
- Жылу энергиясы
- Бензин
- Дизель отыны

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- Компанияның энергетика саласындағы саясатын әзірлеу;
- энергия үнемдеу үшін энергия тұрғысынан тиімді технологияларды әзірлеу және енгізу;
- энергияны тұтынудың нысаналы көрсеткіштерін белгілеу;
- одан әрі іске асыру үшін энергия тұрғысынан тиімді іс-шаралар мен жобаларды әзірлеу;
- жалпы энергия тұтынуындағы ЖЭК үлесін ұлғайту;
- өз қажеттіліктері үшін ЖЭК-тен жылу және электр энергиясын өндіру.

12 710

АДАМ

2022 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ (S)

07

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық;
- Қызметкерлер құрамын басқару;
- Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндікте;
- Жергілікті қауымдастықтар.

GRI КӨРСЕТКІШТЕРІ

GRI 2-7, GRI 2-8, GRI 2-26, GRI 2-30, GRI 202-2, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 401-1, GRI 401-2, GRI 401-3, GRI 402-1, GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, GRI 403-10, GRI 404-1, GRI 404-2, GRI 405-1, GRI 405-2, GRI 406-1, GRI 413-1, GRI 413-2

РЕЛЕВАНТТЫҚ БҰҒ ТДМ



2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Қызметкерлер құрамының саны

12 710

АДАМ

Тұрақтамаушылық коэффициенті

6,7%

Еңбекті қорғауды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер саны

12 710

АДАМ

Мансаптық дамумен байланысты нәтижелелікті жүйелі бағалау бағдарламаларымен қамтылған қызметкерлер пайызы

81%

Бір әйел қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны

7,4

САҒАТ

Бір ер қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны

25,8

САҒАТ

Еңбекке қабілеттілігінің жоғалуымен жарақаттанушылық көрсеткіші (LTIFR)

0,29

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және денсаулықты сақтау «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінің негізі болып табылады. Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жоғары стандарттарды ұстану басымдықтардың бірі болып табылады. Компания әрбір жұмыскердің денсаулығы мен өмірін жоғары бағалайды және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді көз жазбай бақылайды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компанияның өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқаруға қатысты қатаң талаптарды қамтамасыз етеді. Компания басшылығы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша тоқсанына екі рет кеңейтілген отырыстарды өткізіп тұрады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қолдаудың барлық іске асырылып жатқан кезеңдері Денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы Саясатқа сәйкес жүргізілуде. 2022 жылы өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру шеңберінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- HSE қызметін құру;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобында Компанияның жоғары басшылығының (Басқарма Төрағасы мен мүшелері) қатысуымен ЕТҚ басшыларының алғашқы HSE форумы өтті;
- Басқарма мүшелерінің қатысуымен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша тоқсанына 2 рет кеңейтілген отырыстар өткізі.

Жұмыскерлердің денсаулығы

GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 403-8

Жұмыскерлердің денсаулығының қамын ойлау «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау саласындағы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыскерлер әлеуметтік пакетпен, арнайы киіммен, жазатайым оқиғалардан сақтандырумен, медициналық және ауысым алдындағы куәландырумен, шұғыл, жедел және дәрігерге дейінгі медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі. Орталық аппаратта үнемі жұмыс уақытында медициналық қызмет жұмыскері бар болады.

жұмыскерлер жазатайым оқиғалардан сақтандырылған.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ қауіптілігі жоғары жұмыстарға, машиналар мен механизмдерге жұмысқа тартатын мердігер ұйымдардың жұмыскерлері ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі міндетті медициналық тексеруден өтеді.

Жұмыскерлерге арналған әлеуметтік пакет жұмыскер мен Компания арасындағы медициналық сақтандыру шартына сәйкес толық медициналық сақтандыруды қамтиды. Бұдан басқа, Ұжымдық шарттың талаптары бойынша Компания спорт орталықтарымен шарттар жасасу сияқты физикалық денсаулықты қолдау бағдарламаларын ұсынады. Әлеуметтік пакет пен қолдау бағдарламалары «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың Ұжымдық шартына қол қойған барлық жұмыскерлерге, сондай-ақ аутсорсинг шартымен жұмысқа қабылданған тұлғаларға таралады. Ұжымдық шартына қол қойған барлық қызметкерлерге, сондай-ақ аутсорсинг шарттарымен жұмысқа тартылатын адамдарға қолданылады. Ұжымдық шартқа қол қоймаған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қалауы бойынша жоғарыда аталған барлық қолдау шаралары ұсынылады. Сонымен қатар, компаниялар тобындағы барлық



«QazaqGaz» ҰК» АҚ


Жұмыскерлерді оқыту және нұсқаулау

GRI 403-4, GRI 403-5


Жұмыскерлерді оқыту «QazaqGaz» ҰК» АҚ үшін менеджмент жүйесінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы ұлттық, салалық және халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестігі саласындағы басым аспект болып табылады. Компания жыл сайын жетекші халықаралық тәжірибеге сәйкес ЕҚ және ӨҚ талаптарын сақтау бойынша жұмыскерлердің білімі мен құзыреттілігін арттыру мақсатында жұмысты қауіпсіз іске асыру мәдениетін дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізеді.

Бір жұмыскерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны

GRI 403-5



Оқудан өткен Компания жұмыскерлерінің саны
Оқудан өткен мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің саны



Компанияның бір жұмыскеріне шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны
Мердігер ұйымдарының бір жұмыскеріне шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны

2022 жылы Компания жұмыскерлері арасында бір жұмыскерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны

19 315

САҒАТ

Мердігер ұйымдар қызметкерлері арасында оқу сағаттарының орташа саны

25 370

САҒАТ

GRI 403-5

«QazaqGaz» ҰК» АҚ жыл сайын қызметкерлердің құзыреттілігін, білім деңгейін және хабардарлығын арттыру мақсатында жұмыскерлерді ЕҚ және ӨҚ бойынша кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларын ұйымдастырады. Есепті жылы Компания жұмыскерлері ЕҚ және ӨҚ саласында келесі түрлер бойынша оқудан өтті:

- негізгі оқыту бағдарламалары — **барлық жұмыскерлер**;
- бастапқы, қайталама, жоспардан тыс және мақсатты нұсқамалықтар — **барлық жұмыскерлер**;
- кешенді, міндетті оқыту бағдарламалары — **барлық жұмыскерлер**;
- алғашқы көмек көрсету дағдыларын дамыту бағдарламасы — **барлық жұмыскерлер**;
- қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері — **барлық жұмыскерлер**;
- аса қауіпті жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік мәселелері: газ қауіпті жұмыстар, жер қазу жұмыстары, биіктіктегі жұмыстар, отпен істелінетін жұмыстар — **барлық жұмыскерлер**;
- ЖҚҚ пайдалану мәселелері, Компания объектілеріндегі жазатайым оқиғаларды талдау;
- техникалық-өрт сөндіру минимумы бойынша мәселелер — **барлық қызметкерлер**;
- «Төмен көміртекті дамыту» бойынша оқыту бағдарламасы — **HSE Қызметінің басшылығы**;
- NEBOSH IGC (Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі сертификат) — **«QazaqGaz» ҰК» АҚ Орталық аппаратының және ЕТҚ қызметкерлері**;
- IOSH Managing Safely (Жұмысты қауіпсіз ұйымдастырудың халықаралық сертификаты) — **«QazaqGaz» ҰК» АҚ Орталық аппаратының және ЕТҚ қызметкерлері**;
- «Самұрық-Қазына» АҚ басшылығымен қауіпсіздік мәдениеті және қауіпсіздік басқару жүйелері бойынша оқыту — **«QazaqGaz» ҰК» АҚ CEO және CEO-1**;
- Vision Zero бағдарламасы — **HSE қызметінің жұмыскерлері**.

Есепті кезеңде «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың барлығы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы оқытудан өтті

13 325

ЖҰМЫСКЕРІ

Мердігерлермен жұмыс

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ аспектілерін басқаруға қатысты екі тарап арасындағы құрмет пен өзара әрекеттестікке негізделген мердігерлермен жұмыс істеу кезіндегі жауапты көзқарасты қамтамасыз етуге ұмтылады. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді көрсету (бұдан әрі – ТЖҚ) шартын жасаған кезде мердігер ұйымдарға ЕҚ және ӨҚ саласындағы талаптар қойылады.

Белгіленген еңбек қатынастарына сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың объектілерінде жұмыстарды жүргізетін мердігерлер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Компанияның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы стандарттары мен нормаларын сақтауға міндетті. Қолданылатын жағдайда мердігер ұйымдары орындала-

тын жұмысқа байланысты тәуекелдердің алдын алу және барынша азайту мақсатында жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету жоспарын әзірлеулері тиіс. Бұл ретте мердігер ұйымдар қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды өз бетімен іске асырады.

Көлік қауіпсіздігі

2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік стандарттарына сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың Компания көлік құралдарының (бұдан әрі – КҚ) қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларын (бұдан әрі – ЖКО) болдырмауға, алдын алуға және барынша азайтуға бағытталған Жол қозғалысы қауіпсіздігі саясаты әзірленді және бекітілді.

Қауіпсіз көлік жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Компания Саясаттың келесі қағидаттарына сүйенеді:

- Жол қозғалысы ережелері мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ бизнес-үдерістерінің талаптарын сақтау;
- сапарларды жоспарлау, ұйымдастыру, басқару жүйесін дамыту және үздіксіз жетілдіру, қауіпті жол жағдайларындағы қауіп-қатерлер мен сақтық шараларын анықтау;
- техникалық байқаудан өткен көлік құралдарын жолға шығару;
- әрбір көлік құралы жүргізушісінің міндетті түрде сапар алдындағы медициналық тексеруден өту;
- көлік құралдарын басқаруға тиісті біліктілігі, денсаулық жағдайы және жұмыс тәжірибесі бар жүргізушілерді тарту;
- басшылар мен жолаушылар тарапынан жүргізушілерді ЖҚЕ-ні бұзуға мәжбүр ететін әрекеттерге, нұсқауларға немесе жағдайлар жасауға жол берілмеушілік.

Есепті кезеңде Компанияда «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС көлік құралдарының қатысуымен орын алған ЖҚО-ларға байланысты оқиғалар тіркелді. Орын алған ЖҚО-лардың шеңберінде Компания өкілінің кінәсіне қарамастан «QazaqGaz» ҰК» АҚ тиісті тергеп-тексеру жүргізіп, келешекте мұндай оқиғалардың алдын алу және барынша азайту мақсатында түзету іс-шараларын қолданды.

Өндірістік объектілер аумағында және одан тыс жерлерде ЖҚО-ларды барынша азайту және болдырмау үшін Компанияда келесі жол қозғалысы саласындағы ережелері әрекет етеді:

- автомобильдерде қауіпсіздік жүйесінің бар болуы;
- жүргізушілердің мінез-құлқы мен жағдайын, қызметтік көлік құралдарын пайдалану және ішінде болу ережелерін сақтауды қадағалау;
- жүргізушінің және бақылаушы механиктің жолға шығар алдында көлік құралдарының инспекциясын және тексерісін жүргізу;
- көлік құралдарына дер кезінде техникалық қызмет көрсету, жөнделу және егер техникалық жағдайы көлік құра-

лын пайдалануға мүмкіндік бермейтін болса, көлік құралын пайдаланудан бас тарту;

- көлік құралын жүргізуді болжайтын лауазымдарға жұмыскерлерді мұқият іріктеп алу.

Апаттық жағдай қауіп-қатері Компанияға байланысты емес себептермен жиі туындайтын ЖКО-ларының статистикалық деректерін атап өткен жөн. «QazaqGaz» ҰК АҚ ЖКО-ларының пайда болуы екі негізгі себеппен сипатталады:

- Компанияның автомобиль паркінің саны;
- Компания жұмыс істейтін аймақтардың географиялық алыстығы.

Жарақат көрсеткіштері

GRI 403-7

«QazaqGaz» ҰК» АҚ жұмыс орнында жарақаттануды төмендету жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін қызметкерлер алдындағы өзінің жауапкершілік дәрежесін түсінеді.

Компания барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша жарақаттанудың негізгі көрсеткіштері бойынша статистиканы тұрақты негізде жүргізеді. Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатқа сәйкес, «QazaqGaz» ҰК» АҚ басшылығы оқиғалар туындаған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оқиғаларды дереу тергеп-тексеруді және есепке алуды жүргізеді. Тергеу қорытындысы бойынша Компания олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар тізімін әзірлейді.

Бұдан басқа, апта сайын «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы ЕТҚ-ның бірінші басшыларымен аппараттық кеңестер өткізеді, онда бірінші кезекте өндірістік жарақаттану мәселелерін қоса алғанда, қызметкерлердің еңбегі мен денсаулығын қорғау жөніндегі талаптарды сақтау мәселелері талқыланады.

Есепті жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобының әрбір қызметкеріне» қауіпті және зиянды еңбек жағдайлары, өндірістік факторлар мен адам өміріне қауіпті жағдайларда «Жұмысты тоқтату құқығын» беру туралы №84 бұйрық шығарды. Қауіпсіздікке ықтимал қауіп төнген кезде кез келген қызметкерге ықтимал қауіпті жағдай немесе еңбек жағдайлары жойылғанға дейін жұмысты тоқтата тұру құқығы беріледі.

Компания «нөлдік жарақат» қағидатын ұстанады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ басшылығы ауыр жарақаттар мен өлімді нөлдік деңгейге дейін төмендету мақсатында барлық оқиғаларды, оның ішінде ауырлық дәрежесіндегі жазатайым оқиғаларды барынша азайтуға ұмтылады. 2022 жылы Компания «Самұрық-Қазына» АҚ бастамасымен «Vision Zero» жаһандық бағдарламасына ресми түрде қосылды және компанияның

жоғары басшылығының қатысуымен ЕТҚ басшыларының HSE Форумында тиісті міндеттемелерге қол қойды. Нәтижесінде «Vision Zero» жеті Алтын Ережесін және «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобында өмір сүруді қамтамасыз ететін тоғыз ережені бейімдеу және енгізу туралы шешім қабылданды. Қағидаларды енгізу қауіпсіздік техникасының негізгі қағидаларына тиісті назар аударуды және еңбек қауіпсіздігі мен персонал өндірісінің мәдениеті бойынша білім деңгейін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2022 жылы LTIFR уақытша еңбекке жарамсыз жарақат алу коэффициенті 0,29 болды, ал FAR өлімге әкелетін жарақат алу коэффициенті 0 болды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 2021 жылмен салыстырғанда өндірістік жарақаттар саны мен ауыр зардаптары бар өндірістік жарақаттар саны 2021 жылға қарағанда 67%-ға өсті.

Компания қызметкерлері арасындағы жарақат көрсеткіштері⁷

GRI 403-9

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс, %
1.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны (бірлік)	0	1	0	-100
1.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім коэффициенті (%)	0	4,5	0	-100
2.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны (бірлік)	0	3	5	66,7
2.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті (LTIR)	0	0,18	0,21	16,7
3.1. Өндірістік жарақаттар саны (бірлік)	0	4	7	42,8
3.2. Өндірістік жарақаттар коэффициенті (LTIFR) ⁸	0	0,18	0,29	61,1
4. Жұмыс сағаттарының жалпы саны, адам-сағат	21 987 815	22 154 349	24 195 796	8,4

⁷ Көрсетілген деректер қызметкерлердің 100% қамтиды. Бұл статистикадан ешқандай қызметкерлер санаты алынып тасталған жоқ.

⁸ Коэффициенттер жұмыс істеген 1 000 000 сағаттар негізінде есептеледі.

7. Әлеуметтік аспект (S)

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы қызметкерлер келесі жарақаттарды алды:

- күйік — «Интергаз Орталық Азия» АҚ;
- сынық — «КазТрансГаз Өнімдері» ЖШС
- жабық сынық — «Интергаз Орталық Азия» АҚ;
- ауыр дәрежедегі жарақат — «Азиялық газ құбыры» ЖШС

Компанияның қалған ЕТҚ-да қызметкерлер арасында жарақат алу жағдайлары тіркелген жоқ.

Штаттық жұмысшылар болып табылмайтын (келісімшарттық), бірақ 2022 жылы жұмыс және/немесе жұмыс орнын өлім-жітім компаниясы бақылайтын жұмысшылар арасында болған жоқ.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес оқиғаларға байланысты тергеу процесі жүргізілуде. ЕТҚ бірінші басшысының шешімімен ішкі тергеп-тексеруге арналған комиссия құрылып, оқиға деңгейіне байланысты комиссия төрағасы болып лауазымды тұлға / басқарушы қызметкер немесе қызметкер тағайындалады. Бұл комиссия оқиғаларға ішкі тергеп-тексеру жүргізу процесін іске асырып, түпкі себептерін айқындап, оқиғаның себептерін талдайды және оқиға болған құрылымдық бөлімшелердегі объектілерде жұмысқа қабылдануы тиіс түзету іс-қимылдарын әзірлейді.

2022 жылы жүргізілген түзету іс-шараларының негізінде мынадай ескерту іс-әрекеттері іске асырылды:

- орын алған оқиғалар тақырыбы бойынша түсіндірме әңгімелер мен нұсқамалар өткізілді;
- оқыс оқиғалардың алдын алу үшін оқыту жүргізілді.

GRI 403-10

Есепті жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобында кәсіптік аурулардың жағдайлары тіркелген жоқ.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ жыл сайын қызметкерлер арасында оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында іс-шаралар өткізеді. 2022 жылы Компания «Мінез-құлық факторларын анықтау және бағалау бағдарламасы» жұмысын жалғастырды.

Компанияның мінез-құлық факторларын анықтау және бағалау бағдарламасының мақсаттары



Компаниядағы мінез-құлық факторын реттейтін негізгі құжат — қызметкерлердегі мінез-құлық факторларын бақылау және бағалау тәртібін белгілейтін «Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бақылау ережелері». Бұл бағалау жұмыстарды орындау кезінде және жердегі КҚ жүргізу кезінде оқиғаларды ескертуге және алдын алуға көмектеседі және Компания қызметкерлерінің қауіпті әрекеттер мен қауіпті жағдайлардың қайталанған белгісін анықтауға бағытталған.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына және мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін компанияның ішкі нормаларына, стандарттарына сәйкес жарақаттануды ескерту және төмендету бөлігінде еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікке қатаң талаптар қояды. Ай сайынғы негізде мердігер ұйымдар әрбір ЕТҚ-да жарақаттану көрсеткіштерін есепке алу бойынша есептілік нысандарын тапсырады.

Компанияның қызметкерлері болып табылмайтын, бірақ жұмысы және/немесе жұмыс орны компаниямен бақыланатын барлық адамдар үшін жарақат көрсеткіштері⁹

GRI 403-9

Көрсеткіш	2020	2021	2022
1.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны (бірлік)	0	0	0
1.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім коэффициенті (%)	0	0	0
2.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны (бірлік)	0	0	0
2.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті	0	0	0
3.1. Өндірістік жарақаттар саны (бірлік)	0	0	0
3.2. Өндірістік жарақаттар коэффициенті (LTI ¹⁰)	0	0	0
4. Жұмыс сағаттарының жалпы саны, адам-сағат	3 903 250	4 286 723	10 562 672

2022 жылы компания қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар арасында (мердігерлік ұйымдар және аутсорсинг шарттарымен тартылған тұлғалар) жарақат алу және жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

Төтенше жағдайлардың алдын алу

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да ТЖ дайындығын қамтамасыз ету және оларға ден қою процесі заңнамалық талаптарға және ішкі регламенттеуші құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобының ТЖ-ға ден қою саласындағы қызметін реттейтін негізгі құжаттарға мыналар жатады:

- Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат;
- «Қауіпті зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын белгілеу» құжатталған рәсімі;
- «Аварияларды жоюға дайындықты қамтамасыз ету және оларға ден қою» құжатталған рәсімі;
- ҚП-23-2022 «Еңбек қызметіне байланысты аварияларды, инциденттерді және жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру»;
- Аварияларды жою жоспарлары.

Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатқа сәйкес Компания қызметкерлерінің ТЖ-ға ден қоюға тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді. ТЖ-ды ден қоюға басқарушылық жауапкершілігі «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне жүктеледі.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобында «QazaqGaz» ҰК» АҚ және ЕТҚ объектілеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, жазатайым оқиғалар, авариялар мен оқиғалар жөніндегі жедел комиссия туралы» бұйрық қолданылады. Бұйрыққа

сәйкес ТЖ туындаған кезде ақпарат «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінің ерекшелігіне сәйкес әрбір жеке ЕТҚ-ға әзірленген аварияларды жоюдың бекітілген жоспарына сәйкес авариялық жағдайды оқшаулау және жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау мақсатында Комиссия төрағасына дереу беріледі. Жедел комиссия «QazaqGaz» ҰК» АҚ КК-мен, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған жерлерде жағдайды орталықтандырылған түрде комиссияның уәкілетті мүшелері бақылауды жүзеге асырады.

Кейіннен орын алған ТЖ туралы ақпарат «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылдың 11 сәуіріндегі № 188-ші қолданыстағы заңнамаға және «Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» Қазақстан Республикасы ТЖ Министрінің 24.06.21 жылғы бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары мен уәкілетті органдарына сыртқы тараптардың назарына жеткізіледі.

Аварияларды жою жоспарын ЕТҚ басшысымен бекітіліп, кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және/немесе ерікті құралымдармен келісіледі. Құжатта адамдарды құтқару жөніндегі іс-шаралар, авариялық құтқару қызметтері мен ерікті құралымдар басшылары мен қызметкерлерінің зиянды және қауіпті факторлардың әсерін тоқтату/

алдын алу жөніндегі іс-әрекеттері көзделеді. Компанияның газ саласындағы қызметінің ерекшелігін ескере отырып, табиғи газды тасымалдау 4-ші қауіптілік класына жатады (аз қауіпті заттар), оны кәдеге жаратуға болады. Осы ережеге сәйкес авариялық жағдайларды жою қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін ықтимал қысқа мерзімде қамтамасыз етіледі.

ТЖ-ға ден қою саласындағы тәуекелдерді бағалау «Қауіпті зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын белгілеу» құжатталған рәсімімен реттеледі. Құжатқа сәйкес, Компания үш тәсіл негізінде ТЖ саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді:

- осы оқиғалардың бұрын болған жиілігін анықтау мақсатында компания объектілерін пайдаланудың тиісті деректерін пайдалану және осыған сүйене отырып, олардың болашақта болатын жиілігін бағалауды анықтау;
- жүйенің істен шығуының немесе авариясының барлық ықтимал салдарларының диаграммасын («ақаулар ағашы») талдау және осы оқиғаның ықтимал салдарларының диаграммасын («оқиғалар ағашы») талдау сияқты техникалық әдістерді пайдалана отырып, оқиғалардың жиілігін болжау;
- сарапшылардың пікірін қолдану.

⁹ Бұл мәліметтер қызметкер болып табылмайтын адамдардың 100% -ын. (мердігерлер мен аутсорсинг) қамтиды. Қызметкер болып табылмайтын адамдардың ешқандай санаты осы статистикадан шығарылған жоқ.

¹⁰ Коэффициенттер жұмыс істеген 1 000 000 сағаттар негізінде есептеледі.

Апаттарды жою жоспарына сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да ТЖ-ға ден қоюдың үш деңгейлі құрылымы жұмыс істейді:

1.

ЖАУАПТЫ ЖЕЛІЛІК БАСШЫ ӨЗ РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ УЧАСКЕДЕ НЕМЕСЕ ОБЪЕКТИДЕ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЯТЫН ОҚИҒА / ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУЫ;

2.

ӘСЕР ЕТУІ ОБЪЕКТИНІҢ ШЕГІМЕН ШЕКТЕЛГЕН, АЛАЙДА ӘСЕРДІҢ ОБЪЕКТИДЕН ТЫС ТАРАЛУ ҚАУПІ БАР ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ОҚИҒАСЫ / ЛАСТАНУЫ «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮШІМЕН НЕМЕСЕ ҚОСЫМША ҚОЛДАУ РЕСУРСТАРЫН ТARTU АРҚЫЛЫ ЖОЙЫЛАДЫ;

3.

САЛДАРЫН ЖОЮ ҮШІН КОМПАНИЯ РЕСУРСТАРЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ АПАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ TARTU ҮШІН ТЖ БАСҚАРУ ТОБЫН БЕЛСЕНДІРУ ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ОҚИҒА/ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУЫ.

2022 жылы Компания «QazaqGaz» ҰК» АҚ объектілерінде және магистральдық газ құбырларында авариялардың алдын алу және оларды болдырмау бойынша Компания қызметкерлерін оқытуды жүргізу бөлігінде ТЖ-ға ден қою саласындағы міндеттемелерді жалғастырды. Осыған байланысты қызметкерлерді «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум» және «Электр қауіпсіздігі» бағыттары бойынша оқыту тұрақты түрде жүргізіледі, сондай-ақ компания қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру мақсатында қауіпті факторларды ескере отырып, корпоративтік пошта және ақпараттық-портал арқылы қауіпсіздік шаралары туралы жадынамалар мен брошюралар таратылады.

Жыл сайын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында белгіленген талаптарға сәйкес, оның ішінде мердігерлер арасында мердігерлік ұйымдардың қызметіне ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару әдістерін енгізу мақсатында жүйелі түсіндіру жұмыстары мен оқыту жүргізіледі.

2022 ЖЫЛЫ БЕКІТІЛГЕН КЕСТЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ТЖ ІС-ҚИМЫЛДАРЫН ТӘЖІРИБЕЛІК ПЫСЫҚТАУ ҮШІН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ САБАҚТАРЫ, КЕШЕНДІ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР ӨТКІЗІЛДІ. СОНДАЙ-АҚ ЫҚТИМАЛ ТЖ-НЫҢ ӘРТҮРЛІ СЦЕНАРИЙЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛЫП, НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША АВАРИЯЛАРДЫ ЖОЮ КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖЕДЕЛДІГІ МЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН АРТТЫРДЫ:

БАҒЫТ**АВАРИЯҒА ҚАРСЫ****ІС-ШАРА**

- аварияға қарсы жаттығулар;
- өрт-тактикалық оқу-жаттығулар;
- Азаматтық қорғаныс бойынша оқыту.

БАҒЫТ**ӨРТКЕ ҚАРСЫ****ІС-ШАРА**

- объектілердің ағаш конструкцияларын өртке қарсы өңдеу;
- өрт сөндіргіштерді жөндеу, куәландыру және қайта зарядтау;
- өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту және қызметкерлерге нұсқаулық жүргізу;
- автоматты өрт сөндіру және дабыл жүйелерін монтаждау;
- өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өртке қарсы сумен жабдықтауды монтаждау және жөндеу;
- объектілерді өрттен қорғауға шарттар жасасу.

Бұдан бөлек, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС-де ЕТҚ азаматтық қорғаныс және ТЖ басқару органдарының, мердігерлік ұйымдардың және басқа да аумақтық құрылымдардың практикалық дағдыларын жетілдіру мақсатында Амангелді кен орнында командалық-штабтық оқу-жаттығулар өткізілді. Оқу-жаттығу аясында ұңғымалардағы газ-мұнай көріністерін және келісімшарттық аумақтағы өрттерді жою, зардап шеккендерге алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша операциялар пысықталды.

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ жағдайлары болған жоқ.

2023 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы комитеттер деңгейінде ұйымдық құрылымды трансформациялау – «QazaqGaz» ҰК» АҚ қауіпсіздік жөніндегі Басқарушы комитетін құру;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар Кеңесінің жанындағы жеке комитет шеңберінде еңбекті қорғау, денсаулық сақтау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар Кеңесінің жауапкершілігі мен міндеттерін беру не «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар Кеңесі жанындағы қолданыстағы комитеттердің бірінің ережесіне өзгерістер енгізу;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ ЕҚББЖ/ЕҚҚБЖ стандартын әзірлеу;
- «Құжатталған рәсім: жазатайым ЖКО оқиғалар мен оқиғаларды тіркеу, тергеп-тексеру және талдау» құжатын бекіту;
- TÜV Rheinland Kazakhstan сертификаттау аудитінен өту;
- БМЖ сертификаттарын қайта

- сертификаттау – ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай корпоративтік стандарт» құжатын бекіту;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында ішкі аудит жүргізу;
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы ішкі оқыту процесін дамыту – жаттықтырушыларды оқыту;
- «Қауіпті, зиянды өндірістік факторларды анықтау және жұмыс орнындағы тәуекелдерді бағалау» оқыту бағдарламасын жүргізу;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштерінің есептілігін басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;
- Мердігерлік ұйымдарды басқару бөлігінде ІНҚ әзірлеу;
- Қауіпсіздік мәдениетін және мінез-құлық тәуекелдерін басқаруды анықтайтын 12 элемент бойынша қауіпсіздікті басқару жүйесінің диагностикалық есебін дайындау.

Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Біздің қызметкерлер — «QazaqGaz» ҰК» АҚ басты құндылықтарының бірі, ал олардың әл-ауқаты — Компания табысының негізгі шарты. Сондықтан қызметкерлерге қолайлы және лайықты еңбек жағдайлары, қолжетімді медициналық қызметтер ұсынылады, кадрлық әлеуетті дамыту процестерін жетілдіреді, оқыту және дағдыларды дамыту процестерімен жұмыс істейді және тең мүмкіндіктер қағидаты негізінде инклюзивті жұмыс ортасын жасайды.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның қызметкерлерін басқару саласындағы қызметін реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Кадр саясаты (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Іскерлік әдеп кодексі (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген);
- Қызметкерлерді оқыту және дамыту ережелері (басқарманың 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен бекітілген);
- Кадр резервін қалыптастыру және дайындау қағидалары (басқарманың 2016 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен бекітілген);
- Басқарушы және әкімшілік қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу қағидалары (Басқарманың 2016 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен бекітілген);
- Жас мамандарды даярлау қағидалары (Басқарма шешімімен бекітілген);
- Ұжымдық келісімшарт (2023 жылдың 23 ақпанындағы қосымша келісім).

«QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлердің еңбек құқықтарын іске асыру мәселелерімен тікелей байланысты әлеуметтік тәуекелдерді қоса алғанда, тәуекелдерді басқаруға жауапкершілікпен қарайды. Ықтимал қауіпті оқиғалардың жағымсыз салдарын болдырмау мақсатында Компания есепті кезеңде әлеуметтік тәуекелдердің негізгі тізімін және оларды төмендету жөніндегі шараларды айқындады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерді басқару кадр саясатының базалық қағидаларын іске асыруға негізделеді. Компанияның трансформациясы жағдайында «QazaqGaz» ҰК» АҚ басшылығы адам ресурстарын басқару және олардың құқықтарын сақтау бөлігінде қызметкерлер алдындағы өз міндеттемелерін орындауда өзінің жауапкершілік дәрежесін түсінеді. Компания қызметінің кадрлық басқару бөлігіндегі негізгі бағыттарына мыналар жатады:



Компанияның 2022 жылдағы әлеуметтік тәуекелдері

ТӘУЕКЕЛДЕР	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БІЛІКТІЛІГІ ТӨМЕН (ЖЕТКІЛІКСІЗ)	Жоғары білікті жұмысшыларды іріктеу және жалдау тек Samruk порталы арқылы жүзеге асырылады. Талдау жүзеге асырылып, оқыту мен дамудың қажеттілігі анықталады, оқу мен дамудың күнтізбелік жоспары мен бюджеті құрылады. Талдау негізінде қызметкер үшін даму жоспары немесе түзету жоспары жасалады, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында сыйақы мөлшерін өзгерту, лауазымын жоғарылату/төмендету жүргізіледі.
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ	Компания өміріне қызметкерлердің белсенділігін, уәждемесін және тартылуын арттыруға ықпал ететін корпоративтік спорттық және мәдени іс-шаралар өткізіледі. Грейдинг (лауазымдарды бағалау) жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Қызметкерлердің уәждемесін арттыру және ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады: еңбегін тану бағдарламалары (жұмысшы мамандықтары мен ИТЖ беделін арттыруға бағытталған «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурстары)
РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ЕРЕУІЛДЕР	Басшылықтың тікелей еңбек ұжымдары мен кәсіподақтар өкілдерімен есептік кездесулерін қоса алғанда, еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жас қызметкерлердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруды, жастарды кәсіпорындардың әлеуметтік және өндірістік өміріне тартуды көздейтін Бірыңғай жастар саясатының жүйесі құрылуда. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін зерттеу қорытындысы бойынша дабыл аймақтарын азайту және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленуде. «Нысан» Колл-орталығын бастамашыл ақпараттандыру жедел желісі жұмыс істейді.
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ СЫЙАҚЫ САЯСАТЫНА ҚАНАҒАТТАНБАУЫ	«QazaqGaz» ҰК «АҚ қызметкерлерге материалдық және материалдық емес сыйақы беру мәселелерінде ашық тәсілдерді қолданады. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы төлеу компанияның ішкі нормативтік құжаттарымен және Компанияның барлық қызметкерлерінің ұсыныстарын ескере отырып жасалған ұжымдық шартпен реттеледі. Сыйақы мөлшері тұтастай алғанда компанияның және жекелеген қызметкерлердің мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ компанияның қаржылық-экономикалық мүмкіндіктеріне қол жеткізуіне байланысты.

Басқару құрылымы мен құралдары

Адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу департаменті кадр және әлеуметтік саясат мәселелерін, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша еңбекақы төлеу бөлігіндегі мәселелерді басқаруға жауапты. Есепті жылы Департамент алдында «Самұрық-Қазына» АҚ иелігіне өтуіне байланысты компанияның ұйымдық құрылымын трансформациялау шеңберіндегі мақсаттар мен міндеттер тұрды.

Әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі Ұйымдық құрылым



Қызметкерлер және жұмыспен қамту

GRI 2-4, GRI 2-7

2022 жылдың 31 желтоқсанына «QazaqGaz» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің тізімдік саны 12 710 адамды құрады. 2021 жылмен салыстырғанда Компания құрылымын қайта ұйымдастыруға байланысты қызметкерлердің тізімдік санының үлесі 4,8%-ға өсті. 2022 жылы қызметкерлердің көпшілігі тұрақты келісім-шарт және толық жұмыспен қамту негізінде жұмысқа орналасты¹².

2022 жылдың 31 желтоқсанының аяғында қызметкерлердің тізімдік саны 12 710 адамды құрады, олардың ішінде әйелдер – 2 226, бұл қызметкерлердің жалпы санының 18%-ын құрайды. Әйелдердің төмен үлесі негізінен ерлер қатыстын газ саласының өндірістік процесінің ерекшеліктерімен байланысты.

Қызметкерлердің тізімдік саны
2022 жылғы 31 желтоқсанға

12 710

АДАМ

Жұмыскерлердің жалпы санынан әйелдердің үлесі

18%


2022 жылдың 31 желтоқсанына қызметкерлер санының динамикасы, адам

GRI 2-7



2022 жылдың 31 желтоқсанына кәсіпорындар мен жынысы бойынша бөліністегі қызметкерлер саны, адам

GRI 2-7



2022 жылдың 31 желтоқсанына санаттар мен жас топтары бойынша бөліністегі қызметкерлердің саны, адам


GRI 405-1



30 жасқа дейін
30-50 жас
50 жастан жоғары

2022 жылдың 31 желтоқсанына санаттар мен гендерлік топтар бойынша бөліністегі қызметкерлердің саны, адам

GRI 405-1



Ерлер
Әйелдер

2022 жылдың 31 желтоқсанының аяғында қызметкерлердің басым бөлігі 30-дан 50 жасқа дейінгі аралықты құрайды — 57,0%. 2021 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер тіркелген жоқ. 50 жастан асқан қызметкерлердің үлесі 24,9%, 30 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі 18,1%-ды құрайды.

30 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі

57%

50 жастан асқан қызметкерлердің үлесі

24,9%

30 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі

18,1%

¹¹ Мұнда және одан әрі қызметкерлер туралы мәліметтер қаржылық емес есептілікті сыртқы тәуелсіз растау шекарасына енгізілген компанияның келесі ЕТҚ қызметкерлерін қамтиды: «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «КазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «КазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компанияларының барлық тобы бойынша қызметкерлердің жалпы тізімдік саны 14 274 адамды құрайды және мынадай ЕТҚ қамтиды: «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «КазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «КазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «КазРосГаз» ЖШС, «Qazaq Gas Qurylus» ЖШС, «КазМұнайГаз – Сервис NS» АҚ.

¹² Сандық көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша деректерді жинау нысанын жинау жолымен алынды.

2022 жылдың 31 желтоқсанына жас топтары бойынша бөліністегі басқарудың басшы органдары қызметкерлерінің саны, адам

GRI 405-1



2022 жылдың 31 желтоқсанына гендерлік топтар бойынша бөліністегі басқарудың басшы органдары қызметкерлерінің саны, адам

GRI 405-1



«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша Директорлар кеңесі/ Байқау кеңесі құрамындағы қызметкерлердің жалпы саны 20 адамды құрайды, олардың ішінде ерлер 100%. Осы санаттағы қызметкерлердің көпшілігі 30 жастан 50 жасқа дейінгі аралықты құрайды – 65%.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша Директорлар кеңесі/ Байқау кеңесі құрамындағы қызметкерлердің жалпы саны 21 адамды құрайды, олардың 19 ішінде ерлер және 2 әйелдер. Осы санаттағы қызметкерлердің көпшілігі 30 жастан 50 жасқа дейінгі аралықты құрайды – 71%.

2022 жылдың 31 желтоқсанына санаттар бойынша бөліністегі қызметкерлердің саны, адам

GRI 405-1



Жұмысшылар
Мамандар
Басшылар




2022 жылдың 31 желтоқсанының аяғында қызметкерлердің басым бөлігі қызметкерлер санатында ұсынылып

7 235

АДАМ

2022 жылдың 31 желтоқсанына өңірлер мен гендерлік топтар бойынша тұрақты және уақытша қызметкерлер саны, адам




GRI 2-7



2022 жылдың 31 желтоқсанына өңірлер мен гендерлік топтар бойынша тұрақты және уақытша жұмыспен қамту шарттарындағы қызметкерлер саны, адам

GRI 2-7

■ Барлығы ■ Тұрақты ■ Жартылай



■ Ерлер ■ Әйелдер

2022 жылы толық жұмыспен қамтылған «QazaqGaz» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің саны

12 700

АДАМ

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерінің, толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтіндердің саны персоналдардың жалпы санынан 12 700 адамды құрады, бұл ретте ер қызметкерлер саны – 2 222 адамды құрады. Есепті кезеңде толық емес жұмыспен қамту жағдайында компанияда 10 адам еңбек етті, оның ішінде 6 ер және 4 әйел.

Есепті кезеңде толық емес жұмыспен қамту жағдайында компанияда еңбек етті

10

АДАМ

GRI 2-8


«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да жұмысқа тартылатын, бірақ компания қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың саны 2022 жылы 39 адамды құрады. Компания «Samruk Business Academy» жеке мекемесі (бұдан әрі – «Samruk Business Academy») арқылы қызметкерлерді іздеу арқылы аутстаффинг практикасы шарттарында адамдарды жұмысқа тұрақты негізде тартады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ мен аутстаффинг қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасы Азаматтық кодекстің, Еңбек кодексінің нормаларымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі. Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес аутстаффинг қызметкерлері келесі жұмыс түрлерін орындайды:

Өңірлер бойынша 2020-2022 жылдарға арналған қызметкерлер саны 2022 жылдың 31 желтоқсанына, адам

GRI 2-7

■ 2020 ■ 2021 ■ 2022



- кадрлық іс жүргізуді жүргізу (еңбек шарттарын жасасудан бастап оларды бұзуға/тоқтатуға дейін, Кадрлық бұйрықтарды ресімдеу, іссапарға жіберу, еңбекке жарамсыздық парақтарын өңдеу және т. б.);
- әлеуметтік қолдау бағдарламаларын әкімшілендіру (медициналық қызмет көрсетуге шарттар жасасу, материалдық көмек төлеуге бұйрықтар рәсімдеу және басқа да көтермелеулер);
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету (оқытуды, тұруды, тамақтануды, арнайы киім, ЖҚҚ сатып алуды ұйымдастыру жөнінде шарттар жасасу);
- жалақы мен сыйақыларды есептеу және төлеу, салықтарды және басқа да міндетті аударымдарды ұстау және аудару;
- мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл – әскери есеп, еңбек бойынша статистикалық есептілік, жұмыспен қамту бойынша есептілік мәселелері бойынша;
- еңбек қатынастары шеңберінде ұсынылатын персоналмен өзара іс-қимыл жасау үшін байланыс орталығының сервисі.

GRI 401-2

Компанияда қызметкерлерге арналған жеңілдіктердің келесі түрлері бар:

- өмірді сақтандыру;
- санаторий-курорттық емдеу және демалыс;
- мүгедектік және еңбекке жарамсыздық бойынша төлемдер (Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген);
- бала күтімі бойынша демалыс (Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілгеннен артық жұмыстан босатылған кездегі төлемдер;
- материалдық көмек (Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген);
- медициналық көмек (Қосымша ақпарат алу үшін 121-беттегі «Жұмысшылардың денсаулығы» бөлімін қараңыз).

Бұл жеңілдіктер толық жұмыспен қамтылған қызметкерлерге де, толық емес жұмыспен қамтылған қызметкерлерге де қолданылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да жұмысқа тартылатын, бірақ компания қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың саны 2022 жылы құрады

39

АДАМ

Кадрлардың тұрақтамауы

2022 жылы кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші 6,7% құрады. 2022 жылы барлығы 848 еңбек шарты бұзылды, шарттар бұзылған кезде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптары сақталды.

2022 жылы еңбек қатынастары бұзылған ерлер саны

706

АДАМ

2022 жылы еңбек қатынастары бұзылған әйелдер саны

142

АДАМ

2022 жылы компания қызметкерлерінің ерлер арасында кадрлардың ауысу көрсеткіші

6,7% + 86,1%

АДАМ

2022 жылы әйелдер арасында компания қызметкерлерінде кадрлардың ауысу көрсеткіші

5,5% - 20,3%

АДАМ


2020-2022 жылдары жынысы мен жасы бойынша еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлердің жалпы саны, адам*

GRI 401-1


Компания бойынша барлығы



Гендерлік топтар бойынша



Жас топтары бойынша



* 2020 және 2021 жылдардағы көрсеткіштің гендерлік және жас топтары бойынша бөліністегі сандық деректер тәуелсіз растау рәсімінен өтпеген.

Есепті жылдың 31 желтоқсанына еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлердің жалпы саны, жынысы, жасы және өңірлері бойынша, адам

GRI 401-1


Өңір*	30 жасан төмен		30-50 жас		50 жасан жоғары	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Астана қ.	8	4	97	41	18	4
Алматы қ.	9	4	29	8	8	0
Шымкент қ.	2	2	16	2	6	3
Ақтөбе облысы	3	0	30	1	7	3
Атырау облысы	11	1	23	2	20	1
Ақмола облысы	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	6	0	9	0	1	0
Шығыс Қазақстан облысы	1	0	0	0	0	0
Жамбыл облысы	9	0	23	2	11	1
Батыс Қазақстан облысы	34	4	84	13	44	2
Қарағанды облысы	3	2	15	2	1	0
Қостанай облысы	3	0	16	0	1	4
Қызылорда облысы	4	0	8	1	0	0
Маңғыстау облысы	6	0	13	1	5	0
Түркістан облысы	5	0	10	0	3	1
Солтүстік Қазақстан	0	0	2	0	1	0
Оңтүстік Қазақстан	22	6	62	24	11	2
Орталық Қазақстан	0	0	6	1	0	0
Барлығы	126	23	443	98	137	21

* Өңір деп компанияның Қазақстан Республикасының аумақтық бірліктерінде болатын өңірі түсініледі.


2022 жылдың 31 желтоқсанына қызметкерлер қызметкерлердің айналымы көрсеткіші*, %

GRI 401-1


Компания бойынша барлығы



Гендерлік топтар бойынша



Жас топтары бойынша



* Кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші тараптардың келісімі бойынша және/немесе теріс себептер бойынша еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер санының Компания персоналының бір жылдағы тізімдік санына қатынасы ретінде айқындалады.





GRI 402-1

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес санның немесе штаттың қысқаруына байланысты еңбек шарттары бұзылған кезде қызметкерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі бір айды (күнтізбелік 30 күн) құрайды. Ұжымдық шартқа сәйкес ұйымдастырушылық немесе технологиялық еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты себептер бойынша еңбек шарты талаптарының алдағы өзгерістері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді. 2022 жылы компания қызметкерлері тарапынан осы талапты сақтамау туралы талап қою жағдайлары анықталған жоқ.



2020-2022 жылдары балаға күтім жасауға берілетін демалысқа шыққан қызметкерлер, адам

GRI 401-3



■ Ерлер ■ Әйелдер

Сыйақы және мотивация

СЫЙАҚЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ персоналына еңбекақы төлеу жүйесі әділдік пен бәсекелестік қағидаттарына негізделеді, бұл кәсіпқойларды тартуға және ұстап қалуға және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Компания жауапты жұмыс беруші ретінде өз қызметкерлерін лайықты жалақымен қамтамасыз етуге тырысады. Персоналдың материалдық мотивациясы «Басқару және әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеу ережелері» және «Өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу ережелері» кіретін еңбекақы төлеу туралы Ережемен реттеледі.

Сондай-ақ, Адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу департаменті еңбекақы төлеу бойынша қаражаттың жұмсалудың мониторингілеуге және бақылауға, ҚТК мотивациялық карталарының (KPI) нәтижелілігі қорытындылары бойынша сыйақы мөлшерін есептеуге және сыйақы төлеу жөніндегі актілерді дұрыс ресімдеу мен Орталық бухгалтерияға ұсынуға жауапты болады. Тоқсан сайын әкімшілік жұмыскерлердің қызметін бағалау (қойылған мақсаттарды тоқсан сайын орындау) жүргізіледі.

Басқарушы және жетекші қызметкерлер жыл қорытындысы бойынша ҚТК-ның орындалуына бағалаудан өтеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да жеке даму жоспарларын одан әрі құру үшін қызметкерлерді жыл сайынғы бағалау жүзеге асырылады. Компания қызметкерлері атқаратын лауазымына сәйкестігін тексеру бойынша үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді. ҚТК (KPI) бонустары мен төлемдерін анықтау кезінде сыртқы консультанттар қатыспайды, барлық есептеулерді Адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу департаменті жүргізеді. Ұжымдық шарттарға және қызметкерлерге еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да бірыңғай лауазымдық жалақылар, айлық тарифтік мөлшерлемелер мен қосымша төлемдер белгіленді.

Жұмысқа қабылдау кезінде тиісті лауазым бойынша лауазымдық жалақының ең төменгі мөлшері белгіленеді. Лауазымдық жалақыны өзгерту жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылуы мүмкін. Лауазымның жоғарылауымен, сондай-ақ басқарма төрағасымен келісу кезінде тікелей басшының өтінішатына байланысты жалақы көтерілуі мүмкін.

Жұмысшымен шарт бұзылған кезде Компания Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің басшылыққа алады. Бұзылған кездегі өтемақылар жасалған шарт негізінде әрбір маман үшін жеке есептеледі.

Ай сайынғы қосымша төлемдер жұмыс орнына (Арал өңіріндегі жұмыс үшін экологиялық коэффициент 20%-дан 50%-ға дейін) және оқу нәтижелеріне (аттестаттау және тестілеу 20%-ға дейін) байланысты.

МОТИВАЦИЯ

2022 жылы Компания персоналдары ынталандыруға бірыңғай көзқарасты ұстанды. Персоналды ынталандыру еңбекақы төлеудің лайықты деңгейін, қызметкерлердің еңбек қатынастарын жүзеге асыру кезінде олардың ашықтығы мен құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлердің материалдық және материалдық емес мотивациясын жүзеге асырады. Материалдық ынталандыру аясында компания келесі түрлер бойынша бір реттік сыйлықақылар мен көтермелеулер төлейді:

- жұмыс сапасын арттыруға, Компания шығындарын азайтуға бағытталған ұсыныстар;
- мереке күндері барлық персоналдар, лауазым деңгейіне қарамастан (Наурыз мейрамы, мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні).

«QazaqGaz» ҰК» АҚ өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, өтемақыларды және материалдық көмекті, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлерді емдеу мен сауықтыруға және тағы басқаларды қамтитын әлеуметтік қызметтер пакетін ұсынады. Ұжымдық шарттар мен әлеуметтік қолдау көрсету Қағидалары негізінде 2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлеріне материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- сауықтыру демалысына материалдық көмек;
- бала туылған кезде;
- қызметкердің/қызметкердің отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты
- жүктілік және босану, жаңа туған нәрестелерді асырап алу бойынша әлеуметтік жәрдемақылар
- өзге төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнеткерлікке шыққан кезде, мерейтойларда және т.б)

Кадр резерві

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 2022 жылы компаниялар тобында басшылық және кәсіби лауазымдарға орналасу үшін менеджерлерді, басшыларды және жоғары білікті қызметкерлерді даярлау мақсатында кадрлық резервті қалыптастыру практикасын жалғастырды.

Кадр резерві мәселелерін реттейтін негізгі құжат «Кадр резервін қалыптастыру ережелері» құжаты болып табылады.

Жыл сайын 31 қаңтарға дейінгі мерзімде Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті «QazaqGaz» ҰК» АҚ адам ресурстарын сандық және сапалық талдау негізінде кадр резервін қалыптастыру үшін басшылық және әкімшілік лауазымдарға қажеттілікті талдайды.

Алынған мәліметтерге сүйене отырып, кадрлық резервті қалыптастыру процесі келесі кезеңдерді білдіреді:

- кадр резервіне қажеттілікті талдау;
- үміткерлерді зерттеу және алдын ала іріктеу;
- олардың кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау;
- ең лайықты және перспективалы кандидаттарды іріктеу және оларды кадр резервіне қабылдау.

Кадр ресурстарының қажеттілігін талдау қорытындысы Орталық аппарат және барлық ЕТҚ қызметкерлерінің жалпы санына сүйене отырып, «QazaqGaz» ҰК» АҚ кадр резервін қалыптастыру болып табылады.

Жоғарыда аталған барлық кезеңдерден кейін резервистпен өткізілген іріктеу нәтижелері негізінде МДЖЖ (мансапты дамытудың жеке жоспары) қол қояды. МДЖЖ лауазымға орналасу мерзімдеріне сәйкес белгілі бір кезеңге жасалады.


Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын тұрақты бағалаумен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %

GRI 404-3

Компания бойынша барлығы




Гендерлік топтар бойынша



Ерлер Әйелдер

Қызметкерлер санаты бойынша



Басшылар Мамандар Жұмысшылар

Персоналды оқыту және дамыту

GRI 404-2

Ежегодно «QazaqGaz» ҰК» АҚ ставит Жыл сайын «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерді сапалы біліммен қамтамасыз ету бойынша міндеттер қояды. Компания компанияның әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персоналы үшін даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған бірқатар білім беру бағдарламаларын, тренингтерді іске асырады. Сонымен

қатар, жұмысшы персоналды Кәсіптік оқыту және дамыту Компанияның кадр саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені жұмысшы кадрлардың кәсіби деңгейі қауіпсіз өндіріс тиімділігін арттырудың, еңбек өнімділігінің өсуінің және жұмыс сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады. Жыл сайын «QazaqGaz» ҰК» АҚ бюджетінде персон-

алды оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. Есепті кезеңде Компания қызметкерлері оқыту ұйымдарының базасында да, Қазақстан Республикасының оқу орталықтарында да күнделікті қызметінде қызметкерлердің білімі мен құзыреті саласындағы үздік практикаларға сәйкестігі тұрғысынан даярлықтан және біліктілігін арттырудан өтті.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық объектілерін арнайы дайындалған персонал пайдалануы тиіс. Қауіптілігі жоғары объектілерге қызмет көрсететін Персонал жергілікті мемтехнадзор органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіпорындар арнайы құратын курстарда даярлаудан (қайта даярлаудан) өтуі тиіс.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да «Даярлау және біліктілікті арттыру» сияқты персоналды дамытуға бағытталған бағдарламалар жұмыс істейді, сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленді. «Даярлау және біліктілікті арттыру» – персоналды дамыту бойынша тұрақты жұмыс істейтін бағдарлама.

Тұрақты жұмыс істейтін бағдарламалардан басқа, «QazaqGaz» ҰК» АҚ 2022 жылы келесі құрылымдық бөлімшелер бойынша оқыту бағдарламаларын іске асырды:

ДЕПАРТАМЕНТ

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ

ОРТАЛЫҚ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ДЕПАРТАМЕНТІ ЖӘНЕ ЗАҢ ДЕПАРТАМЕНТІ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ сатып алу әрекеттерінің ашықтығы мен бәсекелестік сипаты қағидаттарын ұстанады. Осы қағидаттарды сақтау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, әділ бәсекелестікті қамтамасыз етуге және бағаға, сапаға және жеткізу мерзімдеріне қатысты жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

GRI 2-23

Компания сатып алу процесі бойынша келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- «Самұрық-Қазына «ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 3 наурызындағы № 193 шешімімен бекітілген, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестері) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі (бұдан әрі — Тәртіп);
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылдың 29 қазанындағы №34 шешімімен бекітілген «QazaqGaz» ҰК» АҚ Сатып алу қызметін басқару ережесі;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының 2017 жылдың 26 сәуіріндегі №15 шешімімен бекітілген «ҚазТрансГаз» АҚ-да Шарттарды дайындау, келісу, жасасу, орындау және мониторингілеу қағидалары.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Компаниялар тобында ЕТҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасында келісім қолданылады, оның шеңберінде Компаниялардың бүкіл тобы бойынша сатып алу қызметінің тәсілдерін стандарттау және біріздендіру мақсатында сатып алу мәселелерін бірлесіп реттеу жүзеге асырылады. Сатып алуды іске асыру процестеріне өзгерістер енгізу кезінде Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшелері бұл туралы барлық ЕТҚ өкілдерін уақтылы хабардар етеді.

2022 жылы сатып алу процесі бойынша жауапкершілік келесідей бөлінді:

Сатып алу процесін басқару құрылымы



Компанияда сатып алу процесін қолдайтын «QazaqGaz» ҰК» АҚ негізгі құрылымдық бөлімшесі болып табылатын сатып алу және жергілікті қамту департаменті жұмыс істейді. Сатып алу және жергілікті қамту Департаментінің функцияларына мыналар жатады:

- сатып алу жоспарларын қалыптастыру;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ және ЕТҚ сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу;
- бақылау және мониторинг, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және ЕТҚ сатып алу рәсімдері бойынша есептілікті ұсыну;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ішкі регламенттеуші құжаттарын әзірлеу, жетілдіру және енгізу.

Сатып алу процесін іске асыру үшін компания «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу порталын пайдаланады, онда жергілікті өнім берушілердің¹³ мониторингі туралы ақпарат қамтылған және сатып алудың барлық процесін ашық көрсетеді.

ТЖҚ жалпы сомасы және жергілікті қамту үлесі, ҚҚС есебінсіз млрд теңгеге

GRI 204-1

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Тауарлар:			
Сатып алу сомасы, млрд теңге	6,03	8,60	138,74
Жергілікті қамту үлесі, %	96	97	98
Жұмыстар мен қызметтер:			
Сатып алу сомасы, млрд теңге	57,96	102,31	159,87
Жергілікті қамту үлесі, %	79	86	88
Барлығы:			
Сатып алу сомасы, млрд теңге	63,99	110,91	298,61
Жергілікті қамту үлесі, %	85	90	92

Жергілікті қамтуды дамыту

Жергілікті жеткізушілерді¹⁴ қолдау мақсатында Компания жыл сайын тікелей отандық өндірушілер арасында жүзеге асырылатын сатып алулар санын көбейтеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша жергілікті қамту үлесі 2022 жылы сатып алудың жалпы көлемінде 92% құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша — 98%, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша — 88%.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылдың 20 сәуіріндегі № 260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту ұйымдарының бірыңғай есептеу әдістемесі қолданылады.

GRI 203-2

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және 2014-2022 жылдарға арналған жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламасы шеңберінде есепті кезеңде «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерімен 8 офтейк-шарт15 жасалды. Кепілдендірілген тікелей сатып алу механизмі бағдарлама шеңберіндегі қолдаудың негізгі құралы болып табылады.

Сонымен қатар, шағын бизнесті қолдау үшін Компанияда «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы іске асырылуда. Халықтың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету мақсатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ осы бағдарламаға қатысушы жеткізушілер өндіретін тауарларды сатып алады. Сатып алудың көп бөлігі жеңіл, жиһаз, тамақ, химия, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің тауарлары, сондай-ақ құрылыс материалдары болып табылады.

¹³ «Жергілікті» географиялық анықтама және «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметін жүзеге асырудың негізгі орны компанияның бар елі-Қазақстан Республикасын білдіреді.

¹⁴ Қазақстан Республикасының Жеткізушілері.

¹⁵ Әлі өндірілмеген тауарды сату/сатып алу туралы келісім.

2022 жылы Компания 366 млрд теңгеге сатып алу бойынша рәсімдерді іске асырды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу веб-порталының көмегімен сатып алу процесінің сақталуын бақылауды жалғастырды. Өнім берушімен келісімшартқа қол қойған кезде Шарт талаптарының уақтылы және адал орындалуына үздіксіз мониторинг жүргізуге бастамашылық жасалады. Өнім беруші компания алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда «QazaqGaz» ҰК» АҚ өкілдері сот органдарына талап-арыз береді.

«Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары бойынша сатып алу тәртібі шеңберінде Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізімі жүргізілуде. Әлеуетті өнім беруші Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізіміне түскен жағдайда жүйе осы өнім берушіні сатып алу рәсімдерінен автоматты түрде қабылдамайды.

Компания жеткізушісінің таңдау кезінде маңызды аспект сатып алу процедураларын тәртіпке сәйкес жүргізу болып табылады. Бұл көрсеткіш «QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның ЕТҚ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасына енгізілген.

2022 жылы Компания сатып алу бойынша рәсімдерді іске асырды

366

МЛРД ТЕҢГЕ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша жергілікті қамту үлесі 2022 жылы сатып алудың жалпы көлемінде құрады

92%

Сатып алынған тауарлар бойынша жергілікті қамтуды сатып алу үлесі

98%

Орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша жергілікті қамтуды сатып алу үлесі

88%

Өндірісті дамытуда отандық бизнесті қолдау үшін «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ ықтимал қызықты өнімді дайындау үшін жабдықтың жарқандырылуы, жарамдылығы мен тиімділігі тұрғысынан өндірісті алдын ала визуалды бағалау жүргізу мақсатында зауыттар мен кәсіпорындарға жұмыс сапарларын тұрақты жүзеге асыратын жұмыс топтары құрылды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ өкілдері Қормен, «Атамекен» Қазақстан Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен және «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ-мен жергілікті қамту, сондай-ақ импортты алмастыру мәселелері бойынша өткізілетін кеңестерге, дөңгелек үстелдерге үнемі қатысады.

Жергілікті қамту үлесі бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттемелерді орындау мақсатында өнім берушілермен жасалған шарттарда өнім берушінің жергілікті қамту туралы анық ақпарат ұсынбағаны үшін жауапкершілігі көзделген.

Компания еншілес ұйымдардың сатып алу жоспарларын келісу бойынша өкілеттіктерге ие. Осылайша, тек отандық тауар өндірушілер арасында сатып алу басымдығын белгілеу мақсатында тауарлар нарығының мониторингі жүзеге асырылады. Мониторинг жүргізу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық дерекқорлары, оның ішінде Қордың тауар өндірушілерінің тізілімі, сондай-ақ отандық тауар өн-

дірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын уәкілетті мемлекеттік органның тиісті ақпараттық дерекқорлары пайдаланылады.

Компания Басқармасы Төрағасының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде және сатып алулардағы жергілікті қамту үлесін ұлғайту мақсатында ірі өндірушілерге Қазақстан аумағында өндірісті оқшаулау мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныспен, сервистік қызметтерді орындау кешенімен, зауыт жағдайында жүзеге асыруды талап ететін күрделі жөндеуден және т.б. хаттар жолданды. Жоғарыда аталған мәселелер «Сименс энергетика» ЖШС, «Солар Турбинс СиАйЭс» және MAN Energy Solutions SE компанияларының өкілдерімен кездесуде талқыланды.

Транспаренттілік деңгейін арттыру шеңберінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары бөлігінде тендерлік құжаттамаларды әзірлеу тәсілі қайта қаралды. Мәселен, Тәртіпке № 5 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің құқығы болып, сатып алынатын біртекті жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында немесе белгілі бір салада әлеуетті өнім берушінің соңғы 5 (бес) жыл ішінде жұмыс тәжірибесінің болуын және олардың жиынтық көлемі әр жылы бір келісім бойынша кемінде 75 миллион теңгені құрауы тиіс болуын көздейтін талаптарды белгілеу табылады.

Бұл талаптар 75 миллион теңгеден астам сатып алу кезінде ғана белгіленуі мүмкін. Бұл ретте 5 жылдан асатын жұмыс тәжірибесін белгілеуге жол берілмейді. Нәтижесінде тендерлік құжаттаманы әзірлеу тәсілі өзгертілді:

- әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі бөлігінде ұсынылатын жылдар саны 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды;
- техникалық қадағалау қызметтерін сатып алу кезінде қызметтердің спецификалық емес сипатын және рұқсат беру сипатын ескере отырып, ғимараттардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық қадағалауды және техникалық тексеруді жүзеге асыруға тиісті аккредиттеу туралы куәліктің болуын көздейтін - тәртіпке № 5 қосымшаның 4-тармағында көзделген жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап алынып тасталды;
- тәртіпке қосымшаның 5-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушінің мандарына қойылатын талаптардың болуы бойынша талаптар барынша азайтылды. Бұл талаптар объективті қажеттілік пен негізділік кезінде әрбір сатып алуға қатысты жеке белгіленеді.

Монополияға қарсы заңнаманы сақтау

GRI 3-3, GRI 2-27, GRI 206-1

Монополияға қарсы заңнаманың қатаң сақталуын қамтамасыз ету үшін «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарудың құқықтық, этикалық және стратегиялық шараларын қамтитын кешенді тәсілді қолданады.

Есепті кезеңде Компанияда монополияға қарсы заңнаманы бұзудың расталған жағдайлары болған жоқ. Компанияға қатысты бәсекелестіктің кедергісіне байланысты құқықтық әрекеттер қолданылмады.

Экономикалық тиімділік

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компанияның қатысу өңірлерінің экономикасына тигізетін экономикалық әсері «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компания қатысушы өңірлердің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету тәсілдерін жетілдіру, сондай-ақ ел экономикасын жаңғырту мен әртарапандыру және жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі стратегиялық бағытты дамыту бойынша жұмысты үздіксіз жүргізіп келеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ негізгі әлеуметтік және стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыру арқылы Қазақстан Республикасында өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Мұндай жобаларды іске асыру «QazaqGaz» ҰК» АҚ үшін приоритет болып табылады, өйткені Компания елдің дамуы мен азаматтардың өмірін жақсарту үшін қолайлы жағдай жасауға белсенді қатысуға бағытталған. Қатысу өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға орасан зор әсер ететін іске асырылған ірі жобалардың бірі Амангелді кен орындары тобы және Қашаған мұнай-газ кен орны болып табылады. 2001 жылдан бастап, яғни

осы кен орындарын игерген сәттен бастап, миллиондаған АҚШ долларымен есептелетін қызметтерді сатудан түскен кірістер қызметті жүзеге асыратын өңірлердегі қызмет пен халық үшін әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымды салуды, дамытуды және қолдауды қоса алғанда, айтарлықтай тікелей және жанама экономикалық әсер етті.

Жергілікті қоғамдастықтармен белсенді диалог жүргізу мақсатында Компанияда баспасөзбен және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттестікті жүзеге асыратын «QazaqGaz» ҰК» АҚ баспасөз қызметі жұмыс істейді, сондай-ақ әрбір ЕТҚ-да БАҚ бойынша жауапты адам тағайындалады.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл бойынша әзірленген саясат «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобының аймақтық билікпен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті тұрғындармен Компаниялар тобы қатысатын өңірлерде өзара әрекеттестікті басқару жөніндегі бірыңғай қағидаттарын айқын-

дайды және олармен қолайлы сындарлы қатынастарды қолдауға бағытталған. Саясат топың барлық қызметкерлеріне қолданылады. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі өз қызметінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ мынадай түйінді қағидаттарды ұстанады:

- әлеуметтік тәуекелдер мен әсіресе Компаниялар тобының кәсіпорындары жанында тұратын жергілікті халыққа ықпал ететін әсерлерді түсіну, оларды азайтуға ұмтылу;
- жергілікті қауымдастықтармен қолайлы сындарлы қарым-қатынас орнату және қолдау;
- өңірлерде жаңа жұмыс орындарын құру, ілеспе салалардың дамуына жәрдемдесу;
- нақты қажеттіліктер мен маңыздылықты ескере отырып, жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және қатысу аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы;
- шаруашылық қызметті іске асыру кезінде жергілікті тұрғындардың қоныс аударуын барынша азайту;
- адам құқықтарын сақтау.

2023 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Салықтық есептеулерді төлеу бойынша орнықты даму саласындағы талаптарды тәртіпке енгізу;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен ЕТҚ-ның сатып алу рәсімдері мәселелері бойынша өзара іс-қимыл туралы келісімді өзектендіру;
- «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу веб-порталында тиісті ақпаратты жариялау арқылы бір көзден сатып алуды негіздеу рәсімін енгізу;
- Сатып алу процедуралары аясында жергілікті өндірушілерді қолдау.

Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн

GRI 2-6, GRI 201-1

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022
1. Құрылған тікелей экономикалық құн	млн теңге	1 328 360
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	млн теңге	952 283
Қаржылық инвестициялардан түскен кіріс (қаржылық кіріс)	млн теңге	36 103
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	млн теңге	327 581
Оң бағамдық айырма, нетто	млн теңге	8 904
Өзге де түсімдер (Өзге операциялық кірістер)	млн теңге	3 488
2. Бөлінген экономикалық құн	млн теңге	- 941 732
Операциялық шығындар	млн теңге	- 740 479
Сату құны (жалақыдан, салықтардан басқа)	млн теңге	- 716 715
ЖӘШ (жалақыдан, салықтардан басқа)	млн теңге	- 11 751
Болжалды кредиттік залалдар үшін резервті есептеу, нетто	млн теңге	- 3 314
Басқа операциялық шығындар	млн теңге	- 8 699
Теріс бағамдық айырма (нетто)	млн теңге	-
Қызметкерлердің жалақысы, өзге де төлемдері мен жеңілдіктері	млн теңге	- 98 161
оның ішінде жалақы	млн теңге	- 98 161
оның ішінде қызметкерлерге төленетін басқа да төлемдер мен жеңілдіктер	млн теңге	-
Капитал жеткізушілеріне төлемдер	млн теңге	- 62 553
оның ішінде төленген дивидендтер	млн теңге	-
оның ішінде қаржылық шығындар	млн теңге	- 62 553
Мемлекетке төлемдер	млн теңге	- 40 540
табыс салығынан бөлек басқа салықтар	млн теңге	- 13 445
оның ішінде пайдаға салынатын салық (КТС бойынша шығыстар)	млн теңге	- 27 095
Жергілікті қауымдастықтарға инвестициялар	млн теңге	-
3. Бөлінбеген экономикалық құн	млн теңге	386 628

Ақпараттық қауіпсіздік

Компания маңызды инфрақұрылым объектілерінің тізіміне кіреді, соның негізінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO/IEC 27001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытуға ұмтылады. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қағидаттар мен тәжірибелердің сақталуын қамтамасыз ету үшін басқарушылық жауапкершілікті Компанияның құрылымдық бөлімшелері – Ақпараттық технологиялар департаменті және Корпоративтік қауіпсіздік департаменті болып табылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ киберқауіпсіздік саласындағы тәжірибелерді тұрақты да-

мытады, атап айтқанда, қызметкерлерді тұрақты оқытуды қамтамасыз етеді, ішкі қауіпсіздік тексерулерін жүргізеді, осалдықтарды бағалауды және пайдаланушылардың қауіпсіздігі мен қорғалуына әсер ететін компанияның жүйелерінің, өнімдері мен тәжірибелерінің енуін тестілеуді жүзеге асырады. Осы тәжірибелерді сақтау мақсатында Компанияда ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы енгізіліп жұмыс істейді, ол тәулік бойы мониторингті және деректердің бұзылуына және кибершабуылдарға байланысты жағдайларға орай жедел әрекет етуді жүзеге асырады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2023 жылға арналған ақпараттық қауіпсіздікті дамыту жөніндегі жоспарларына ISO/

IEC 27001 стандартының талаптарына сәйкестікке Халықаралық сертификаттаудан өту кіреді. Бұдан басқа, Компания барлық қолданыстағы және дамып келе жатқан IT-жүйелерде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру практикасын жалғастыруға, киберқауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар өткізуге, ақпараттық қауіпсіздік және құпия ақпаратты қорғау мәселелеріндегі хабардарлық пен сондай-ақ «Ақпараттандыру туралы» Заңға, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес регламенттер мен саясаттарды әзірлеу және бекітуге ниетті.

386 628

МЛН ТЕҢГЕ

2022 ЖЫЛҒЫ ТАЗА ПАЙДА

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

09

Қазақстан Республикасының Негізгі газ операторы ретінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару және орнықты даму қағидаттарын сақтауға үлкен мән береді, сондай-ақ Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметіндегі негізгі стратегиялық приоритеттерінің бірі болып табылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару жүйесі компанияның тиімді жұмыс істеуін және мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі кешенді тетік болып табылады. Бұл жүйе, басқалармен қатар, стратегиялық және операциялық процестерді, қаржыны, тәуекелдерді және мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқаруды қамтиды.

GRI 2-9

Корпоративтік басқару саласындағы негізгі ішкі құжаттар мыналар болып табылады:

- Компания Жарғысы;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясат;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты;
- Директорлар кеңесі туралы ереже;
- Басқарма туралы ереже;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет туралы ереже;

- Аудит жөніндегі комитет туралы ереже;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереже;
- Стратегия комитеті туралы ереже.

2015 жылы Жалғыз акционер Қордың корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы шешім қабылдады, ол өз кезегінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметіне де қолданылады. Осы Кодекстің басты мақсаты Қорда және Қорға тиесілі ұйымдарда корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру болып табылады. Кодекс

басқарудың ашықтығын қамтамасыз етуге және Қор мен оның ұйымдарының корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтау міндетмесін растауға бағытталған. Компания Кодексте көрсетілген корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуын мұқият қадағалайды. Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауды талдау нәтижелері бойынша есепті жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінде корпоративтік басқару кодексінің елеулі бұзушылықтары анықталған жоқ.

Корпоративтік басқару құрылымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару құрылымы компания ішінде ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ететін Ұйымдастырылған және тиімді жүйе болып табылады. Ол келесі негізгі элементтерден тұрады:

- Жоғары басқару органы «QazaqGaz» ҰК» АҚ — «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады, оның функциялары Компания Жарғысында айқындалған;
- Директорлар кеңесі Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның қызметінің бас бағыттарын айқындайды;

- Басқарма алқалы атқарушы орган рөлінде компанияның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- Операциялық деңгейде корпоративтік басқару мәселелерін Стратегия және тұрақты даму департаменті қадағалайды. Департамент ішкі нормативтік құжаттарды, тәжірибелерді жүйелі түрде талдайды, сондай-ақ жақсарту үшін салаларды уақтылы өзектендіру және анықтау үшін Компанияның корпоративтік басқару принциптерін енгізуге және орындауға жәрдемдеседі.

Корпоративтік басқару құрылымы



«QazaqGaz» ҰК» АҚ корпоративтік қатынастардың барлық қатысушыларының өз өкілеттіктерін, жауапкершілік саласын, есептілігін, құқықтары мен міндеттерін түсінуді, сондай-ақ осы аспектілерді Компания Жарғысында нақты бекітуді қамтамасыз етеді. Бұл мүдделер қақтығысының қаупін азайтады және корпоративтік басқару принциптері мен құрылымы туралы біртұтас көзқарас тудырады.

2022 жылы Компания осы саладағы тиімділікті, ашықтықты және менеджментті жақсартуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар маңызды іс-шаралар қабылдады. Негізгі оқиғаларға мыналар кірді:

- HSE саясатын, кадр саясатын өзектендіру;

- жылдық есепті дайындау кезінде ақпаратты ашуға арналған листингтік ережелердің талаптарын сақтау;
- корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын, «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» АҚ Жарғысын «QazaqGaz» ҰК» АҚ Жарғысымен салыстырмалы талдауды жүзеге асыру;
- персоналды, оның ішінде КК және ЕТҚ басшы қызметкерлерін оқыту бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқару органы болып табылады, ол компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін Жалғыз акционер алдында жауап береді және шешім қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің маңызды функциялары басқарма маңызды мәселелермен қатар «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау және ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- кәсіпқойлық;
- парасаттылық;
- ұқыптылық;
- адалдық;
- тиімділік;
- объективтілік;
- жауапкершілік.


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің сандық құрамын Компанияның жалғыз акционері айқындайды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Бұл талап шешім қабылдау процесінде ашықтықты арттыра отырып, барлық мүдделі тараптардың мүдделерінің

тепе-теңдігін қамтамасыз ете отырып, компанияны неғұрлым объективті және сенімді басқаруға ықпал етеді.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі алты адамнан тұрды, оның 3-і тәуелсіз болды, бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50% құрайды.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі, %



- Тәуелсіз емес Директорлар кеңесінің мүшелері
- Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-9, GRI 2-11



БЕРДІГҰЛОВ ЕРНАТ КҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ

Туған күні
03.09.1987

Тағайындалған күні
18.02.2022

Мамандығы
**Халықаралық экономика,
бизнес-әкімшілендіру**

Білім беру

- 2007-2010-Торонто университеті, «Мемлекеттік саясат және халықаралық қатынастар» бакалавры;
- 2011-2012 — СИМА дипломы: Операциялардың тиімділігін басқару және бизнестің тиімділігін басқару;
- 2015-2018 — Уорик Университеті, «Бизнес әкімшілендіру» мамандығы бойынша Магистр, MBA;
- 2022-2023 — Гарвард Бизнес Мектебі, көшбасшылықты дамыту бағдарламасы (Басқару құрамына арналған бағдарлама).

Еңбек өтілі

- Тамыз 2010 — Наурыз 2011 — бизнес-әкімшілендіру бөлімінің бас маманы, «Семизбай-У» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК) АҚ еншілес кәсіпорны);
- Сәуір 2011 — Желтоқсан 2012 — Жоба менеджері, басқарушылық есептілік жүйесін енгізу жөніндегі жобалық офис (БЕЖ), «Самұрық-Қазына» АҚ;
- Қаңтар 2013 — Мамыр 2018 — Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша), «талдамалық қолдау» департаментінің директоры, стратегиялық даму департаментінің директоры, Жобаларды басқару департаментінің директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ;
- Тамыз 2018 — Сәуір 2019 — «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының талдаушысы;
- Мамыр 2019 — Сәуір 2021 — жоба менеджері, Whiteshield Partners халықаралық консалтингтік компаниясы;
- Сәуір 2021 — Ақпан 2022 — Стратегия, орнықты даму және цифрлық трансформация жөніндегі бірлескен Басқарушы директор, «Самұрық-Қазына» АҚ;
- 2022 жылдың ақпанынан бастап — «Самұрық — Қазына» ҰӘҚ» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директоры, 2022 жылдың наурызынан бастап — Басқарма мүшесі.

Басқа лауазымдар

- Президенттік жастар кадр резервінде тұрады;
- 2022 жылдың ақпанынан бастап — «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, 2022 жылдың ақпанынан 2023 жылдың шілдесіне дейін — «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- 2022 жылдың наурыз айынан бастап — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2022 жылдың наурыз айынан бастап — «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- 2022 жылдың мамыр айынан бастап — Директорлар кеңесінің мүшесі — «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мажоритарлық акционерінің мүдделерінің өкілі.



ТЕГІСБАЕВ АНАТОЛЫ ОРЫНҒАЛИҰЛЫ

«Самұрық-Қазына» ҰК» АҚ өкілі

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ

Туған күні
05.09.1953

Тағайындалған күні
02.12.2022

Мамандығы
Инженерия

Білім беру

- 1975 — В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық Институты, Тау-кен инженериясы

Еңбек өтілі

- 1975-1990 — Мұнай және газ өндіру бойынша шебер, оператор, АИТҚ аға инженері, ОИТҚ бастығының орынбасары, цех бастығы, бөлім бастығы, Маңғышлақ газ өндіру басқармасының бас инженері;
- 1990-1992 — «Маңғышлақмұнай» ӨБ бас инженерінің орынбасары;
- 1992-1997 — «Қарашығанақгазпром» МК бас инженері, директордың бірінші орынбасары, «Қарашығанақгазпром» ААҚ бірінші вице-президенті;
- 1997-1998 — «Қарашығанақгазпром» ААҚ президенті;
- 1998-2001 — «АқсайГазСервис» ААҚ президенті;
- 2001-2002 — «Қазбургаз» АҚ президенті;
- 2002-2004 — «ДМД-Сервис» ЖШС Бас директоры;
- 2004-2006 — «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы бас директорының газ жобалары жөніндегі орынбасары;
- 2006-2012 — «ҚазТрансГаз» АҚ газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры;
- 2012 жылдың маусымынан бастап — «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы бас директорының ресурстық база жөніндегі орынбасары;
- 2018-2021 — ҚазМұнайГаз ҰК АҚ омбудсмені;
- Сәуір 2022 — Қыркүйек 2022 — «Мұнай-газ кешенінің Ардагерлері» РҚБ бас директорының орынбасары;
- 2022 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін — «Мұнай-газ кешенінің Ардагерлері» РҚБ бас директоры.



АХАНЗАРИПОВ НҰРЛАН ЗАМАНБЕКҰЛЫ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ

Туған күні
17.12.1965

Тағайындалған күні
27.05.2022

Мамандығы
Қаржы және тәуекелдерді басқару

Білім беру

- Сертификатталған тәуелсіз Директор (Cert IoD) Директорлар институты, Ұлыбритания.

Еңбек өтілі

- 22 жылдан астам уақыт мұнай-газ секторында басшылық позицияларда, оның ішінде 12 жылдан астам уақыт қазақстандық ұлттық мұнай-газ компанияларында қаржы директоры болып жұмыс істеді. Компанияның бизнесін трансформациялау және процестеріне белсенді қатысқан Shell холдингі жұмысының жаңа операциялық моделін енгізу кезеңінде Оман Сұлтандығында (Shell операциялық компаниясы) PDO Petroleum Development of Oman компаниясында басшылық лауазымдарда шетелде жұмыс тәжірибесі бар. Қазақстанның құзыретті органы тарапынан негізгі қызметкерлердің бірі ретінде Солтүстік Каспий жобасы (Қашаған) және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры сияқты ел үшін маңызды мұнай-газ жобаларын іске асыруға тартылды.
- Жұмыстың негізгі бағыттары мен жетістіктері: кәсіпорындардың жаңа стратегияларын әзірлеу және енгізу, компаниялардың ескірген бизнес-модельдерін қайта құру (трансформациялау), оларды өзгермелі бизнес-ортаға бейімдеу, компанияларды корпоративтік басқару жүйелерін дамыту.
- «ҚХА» Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының басқарушы кеңесінің құрамына, «КазЭнерджи» қауымдастығының сараптамалық кеңесінің құрамына кірді.
- «Альфа-Банк Қазақстан» ЕБ АҚ, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры және «ИТТО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды. Қазіргі уақытта тәуелсіз директор — «АстанаГаз ҚМГ» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ және «КЭГОК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



БЕКЕТАЕВ РУСЛАН БАҚЫТЖАНҰЛЫ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ

Туған күні
16.11.1975

Тағайындалған күні
06.10.2022

Мамандығы
**Экономика, құқық,
бизнесі әкімшілендіру**

Білім беру

- 1996 — Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Экономист-бухгалтер;
- 2009-2011 — Бристоль университеті, экономика, қаржы және менеджмент магистрі;
- 2010-2011 — Оксфорд университеті, Said атындағы Бизнес Мектебі, Қаржы стратегиясындағы Диплом.

Еңбек өтілі

- 1996-2001 — Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының лицензиялау және қадағалау департаменті директорының орынбасарының міндетін атқарушы, жетекші маман, сектор меңгерушісі, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары;
- 2001-2004 — Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қаржылық қадағалау департаменті инспекциялау басқармасының бастығы;
- 2004-2005 — Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі банктерді қадағалау департаменті инспекциялау басқармасының бастығы;
- 2005-2010 — Қаржы полициясы органдарындағы қызмет, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі;
- 2011-2011 — «Қазақ гуманитарлық-заң университеті» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасының кеңесшісі;
- 2011-2012 — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитеті төрағасының орынбасары;
- 2012-2014 — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасы;
- Маусым 2014 — Ақпан 2021 — Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;
- Наурыз 2021 — қазіргі уақытқа дейін — ЕЭК экономика және қаржы саясаты министрі.

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-9, GRI 2-11



БИТАНОВ АНУАР АСҚАРҰЛЫ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: **Қазақстан Республикасы** | Компанияның акцияларына иелік ету: **жоқ**

Туған күні: **25.07.1980** | Тағайындалған күні: **02.12.2022**

Мамандығы: **Инженерия**

Білім беру

- London Business School-да MBA;
- Stanford University мұнай инженериясы саласындағы магистрлік бағдарлама.

Еңбек өтілі

- Мансабын АгіркСО-дағы Қашаған кен орнында инженер болып бастаған, содан кейін Қазақойл Ақтөбе компаниясында және басқа да компанияларда әртүрлі лауазымдарда, соның ішінде геологиялық қызмет басшысында жұмыс істеген. 10-нан астам елде (Австралия, ҚХР, АҚШ, Үндістан, Колумбия, Әзірбайжан, Мексика) мұнай-газ жобаларын жүзеге асыру тәжірибесі бар;
- 2012-2021 — McKinsey & Company.



ЖАРКЕШОВ САНЖАР СЕРІКБАЙҰЛЫ

Басқарма төрағасы

Азаматтығы: **Қазақстан Республикасы** | Компанияның акцияларына иелік ету: **жоқ**

Туған күні: **24.10.1986** | Тағайындалған күні: **27.05.2022**

Мамандығы: **Қаржы және мұнай-газ инжинирингі**

Білім беру

- 2009 — Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, «Қаржы» мамандығы;
- 2010 — Техас университеті, «Мұнай-газ инженериясы» мамандығы.

Еңбек өтілі

- Шілде 2010 — Қазан 2010 — бұрғылау жөніндегі кәсіпшілік инженері, Қашаған кен орны, Атырау қ., ExxonMobil Kazakhstan корпорациясы;
- Қазан 2010 — Наурыз 2012 — Колорадо, Калифорния және Техас штаттарында бұрғылау инженері, АҚШ, ExxonMobil корпорациясы;
- Ақпан 2012 — Ақпан 2013 — бұрғылау жөніндегі Инженер, Қашаған кен орны, Атырау қ., ExxonMobil Kazakhstan корпорациясы;
- Ақпан 2013 — Шілде 2013 — аға бұрғылау инженері, Эрбил және Мосул, Ирак, ExxonMobil корпорациясы;
- Шілде 2013 — Тамыз 2015 — бұрғылау жөніндегі бас инженер, Сахалин-1 жобасы, о. Сахалин, Ресей Федерациясы, ExxonMobil корпорациясы;
- Тамыз 2015 — Наурыз 2016 — аға жобалау инженері, Ұңғымаларды жайластыру жөніндегі инженер, «Болашақ» мұнай өңдеу зауыты, Қашаған жобасы, Атырау қ., ExxonMobil Kazakhstan корпорациясы, NCOС косорциумына іссапарға жіберілді;
- Наурыз 2016 — Наурыз 2018 — коммерциялық супервайзерлердің жетекшісі және бұрғылау бойынша жетекші инженер, Merlin ERD, Перт қ., Шотландия. Сауд Арабиясында, Оманда, Колумбияда, Аляскада, Германияда, Солтүстік теңіздің голландиялық қайраңында, Вьетнамда және Ұлыбританияда вертикальдан үлкен ауытқуы бар күрделі Ұңғымаларды бұрғылау;
- Наурыз 2018 — Тамыз 2019 — басқарушы кеңесші, McKinsey and Company компаниясының мұнай өнеркәсібінің жаһандық сарапшысы, Лондон, Ұлыбритания;
- Тамыз 2019 — Наурыз 2020 — ҚР экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі;
- Мамыр 2020 — ақпан 2022 — Украинаның Нафтогаз ҰАК кен орындарын барлау және игеру блогының басшысы;
- Ақпан 2022 — Наурыз 2022 — «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы, Наурыз 2022 — «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы.

Басқа лауазымдар

- 2016 — Британдық Инженер-Механиктер Институтының Кеңес Мүшесі;
- 2020 жылдың ақпан айынан — Қазақстан мұнай сервистік компаниялар одағы төралқасының мүшесі;
- 2022 жылдың мамыр айынан бастап — «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің барлық мүшелері, тәуелсіз директорларды қоса алғанда, өз міндеттерін орындау және «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне, іскерлік және салалық ортадағы оң жетістіктері мен мінсіз беделіне ие.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРҒА:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы — Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері: Сәулебай Мәлік Оралұлы, Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы, Нұрғазиев Айрат Айттанұлы — тәуелсіз директор, Жаманбалин Серік Жәрдемұлы — тәуелсіз директор.

2022 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ КЕЛЕСІДЕЙ ӨЗГЕРДІ:

«Самұрық — Қазына» АҚ Басқармасының 18.02.2022 жылдың №12/22 шешімімен Ә.Р.Жақсыбекова, М.О. Сәулебай, Қ.Қ. Шәріпбаевтың өкілеттіктері тоқтатылды, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып Е.К. Бердіғұлов, Н.Ю. Казутин сайланды.


«Самұрық — Қазына» АҚ Басқармасының 27.05.2022 жылдың №29/22 шешімімен А.А.Нұрғазиев пен С.Ж. Жаманбалиннің өкілеттіктері тоқтатылды, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып С.С. Жаркешов, Б.Т. Чердабаев, Р.Г. Садықов және Н.З. Аханзарипов сайланды.

«Самұрық — Қазына» АҚ Басқармасының 15.09.2022 жылдың №51/22 шешімімен Казутин Н.Ю. және Чердабаев Б.Т. өкілеттіктері тоқтатылды.

«Самұрық — Қазына» АҚ басқармасының 06.10.2022 жылдың №56/22 шешімімен Р.Г. Садықовтың өкілеттігі тоқтатылып, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Р.Б. Бекетаев сайланды.

«Самұрық — Қазына» АҚ басқармасының 02.12.2022 жылдың №66/22 шешімімен «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесінің мүшелері А.А. Битанов және А.О. Тегісбаев сайланды.


Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби мамандануы, %



GRI 2-12

Директорлар кеңесінің жаңа құрамы ESG күн тәртібіндегі мәселелерге, соның ішінде экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару аспектілеріне ерекше назар аударады.

Директорлар кеңесінің құрылымын жетілдіру жөніндегі жоспар, бірл.



Кемінде **50%**

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің үлесі

≥ **6**

адам Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы

1 БІРЛІК

Директорлар Кеңесі құрамындағы әйелдер саны

1 БІРЛІК

Басшылық өкілі

3 БІРЛІК

Тәуелсіз директорлар

9. Корпоративтік басқару

ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

GRI 2-10

Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы Компанияның жалғыз акционерінің шешімімен сайланады (тағайындалады). Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлардан басқа, Компанияның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдар арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына адам сайлана алмайды:

- заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүр-

леп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ заңнамасы мен Жарғысына сәйкес:

- Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады;
- Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі;
- Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын Директорлар

- кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей тегжейлі түсіндіре отырып жүргізілуі тиіс;
- Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке-леген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы;
- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады;
- Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады;
- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және директорлар кеңесінің жаңа мүшесін жалғыз акционер етіп сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі біткен кезде бір мезгілде аяқталады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

Директорлар кеңесінің мүшелерінің атқарушы органның мүшелерімен және олар қабылдайтын шешімдердің сапасына әсер етуі мүмкін Компанияның басқа да жауапты қызметкерлерімен туыстық және өзге де байланыстары болмайды.

Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде QazaqGaz» ҰК» АҚ меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пай-

далануды қадағалайды және мүмкіндігінше жояды.

Есепті жылы Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қақтығысы тіркелмеген.

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Есепті кезеңде QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 23 бетпе-бет және 1 сырттай отырыс өткізді. Мәселелердің жалпы саны 168 құрады; оның ішінде 85 сұрақ Компания қызметіне және ЕТҚ қызметіне 83 сұрақ жатады. Барлық шешімдер толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалды.

Есепті кезеңде QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен

23

БЕТПЕ-БЕТ ЖӘНЕ 1 СЫРТТАЙ ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

Мәселелердің жалпы саны

168

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі	Отырыстарға қатысу	Келу пайызы
Жақсыбеков А.Р.	2/2	100%
Шәріпбаев Қ.Қ.	0/1	0%
Сәулебай М.О.	2/2	100%
Нұрғазиев А.А.	11/11	100%
Жаманбалин С.Ж.	11/11	100%
Бердіғұлов Е.К.	22/22	100%
Жаркешов С.С.	12/13	92%
Казутин Н.Ю.	9/15	60%
Аханзарипов Н.З.	13/13	100%
Битанов А.А.	2/2	100%
Тегісбаев А.О.	2/2	100%
Бекетаев Р.Б.	5/5	100%
Садықов Р.Г.	7/7	100%
Чердабаев Б.Т.	5/6	83%

Компания қызметіне қатысты отырыстарда қаралған негізгі мәселелер:

- жылдық қаржылық есепті және басқа есептерді алдын ала бекіту;
- кадрлық мәселелер;
- бизнес-жоспарды және оған түзетулерді бекіту;

- басшы және басқарушы қызметкерлердің мотивациялық корпоративтік және жеке ҚТК бекіту;
- QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту және оларға өзгерістер енгізу;
- қаржылық мәселелер;

- жасауға мүдделілік бар мәмілелерді бекіту;
- басқа мәселелер.

ЕТҚ-ның қызметіне қатысты отырыстарда қаралған негізгі мәселелер:



КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

GRI 2-9

QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің тікелей бақылауымен әрекет етеді және олардың өкілеттіктері комитеттер туралы тиісті ережелермен айқындалады.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі қарауында келесі комитеттер жұмыс істеді:

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	СТРАТЕГИЯ КОМИТЕТІ	ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЯҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ
<p>КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бекетаев Руслан Бақытжанұлы – төраға; • Аханзарипов Нұрлан Заманбекович – мүше; • Битанов Ануар Асқарұлы – мүше. 	<ul style="list-style-type: none"> • Битанов Ануар Асқарұлы – төраға; • Аханзарипов Нұрлан Заманбекович – мүше; • Тегісбаев Анатоли Орынғалиұлы – мүше; • Пірмаханов Сәкен Бөлегенұлы – дауыс беру құқығы жоқ сарапшы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Аханзарипов Нұрлан Заманбекович – төраға; • Бекетаев Руслан Бақытжанұлы – мүше; • Тегісбаев Анатоли Орынғалиұлы – мүше; • Мұсабеков А.Т. – дауыс беру құқығы жоқ сарапшы.
<p>МАҚСАТТАР</p> <p>Комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, заңнаманы сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге бағытталған.</p> <p>Есепті жылы 2 отырыс өткізіліп, онда 11 мәселе қаралды.</p>	<p>Комитет қызметінің негізгі мақсаты стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындау және Компания қызметінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаға негізгі бағдарларын белгілеу кезінде Директорлар кеңесіне жәрдемдесу болып табылады.</p> <p>Есепті жылы 1 отырыс өткізіліп, онда 5 мәселе қаралды.</p>	<p>Комитет Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына және Директорлар кеңесі тағайындауды және тағайындауды келісуді жүзеге асыратын компаниядағы өзге де лауазымдарға білікті мамандарды тарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылды.</p> <p>Есепті жылы 3 отырыс өткізіліп, онда 17 мәселе қаралды.</p>

2022 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі қарауындағы комитеттердің қызметін дамыту перспективалары:

1.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫСЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТІН КҮШЕЙТУ: ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ МЕН КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ (2022 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ).

2.

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН КАНДИДАТУРАЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЯҚЫЛАР БОЙЫНША КОМИТЕТТІҢ АЛДЫН АЛА ҚАРАУ ТӘЖІРИБЕСІН ЕНГІЗУ.

3.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҰСЫНЫМДАРЫНА СӘЙКЕС СТРАТЕГИЯ КОМИТЕТІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ҚАРАУЫ.

Басқарма

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасы – алқалы атқарушы орган, оның негізгі міндеті Жарғыда, корпоративтік басқару кодексінде, Компанияның ішкі құжаттарында және Басқарма туралы ережеде бекітілген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылатын Компанияның ағымдағы қызметін басқару болып табылады.

Басқарма қызметі жалғыз акционердің мүдделерін сақтау және Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне есеп беру қағидаттарына негізделеді.

Басқарма тұрақты Компанияның Бизнес-жоспарын орындау шеңберінде атқарылған жұмыстардың қорытындылары және басым инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің алдында есеп береді. Осылайша, барлық қатысушыларының корпоративтік қатынастардың өз өкілеттіктерін, жауапкершілік саласын, есептілікті, құқықтар мен міндеттерді түсінуі, аталған аспектілерді Компания Жарғысында нақты бекіту- мүдделер қақтығысы қаупін азайтады, демек, корпоративтік басқару принциптері мен құрылымына бірыңғай көзқарас қалыптастырады.

Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жауапты және Компанияның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметі мәселелерімен айналысады. Тиімді корпоративтік басқару қағидаттарына сүйене отырып, Басқарма қойылған міндеттердің табысты орындалуын және Директорлар кеңесімен және Жалғыз акционердің мүдделерімен келісілген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, Компанияның ағымдағы операцияларын бақылауды және реттеуді жүзеге асырады.

2022 жылдың 31 желтоқсанына арналған Басқарма құрамы



ЖАРКЕШОВ САНЖАР СЕРІКБАЙҰЛЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
24.10.1986

Тағайындалған күні
Наурыз 2022 жыл

Мамандығы
Қаржы және мұнай-газ инженерингі

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ



ТҮЛЕГЕНОВ АҚБАР МӘЛІКҰЛЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі орынбасары

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
28.08.1984

Тағайындалған күні
Сәуір 2022 жыл

Мамандығы
Менеджмент, маркетинг және стратегия

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ



АҚАН АЙДЫН МҰХИТҰЛЫ

QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
01.09.1986

Тағайындалған күні
Наурыз 2022 жыл

Мамандығы
Қаржы және қаржы математикасы

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ



ИХСАНОВ МЕЙІРБЕК ОҚАСҰЛЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
24.03.1980

Тағайындалған күні
Наурыз 2022 жыл

Мамандығы
Экономика және бизнес

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ



ЖАҚСЫБЕКОВ ӘНУАР ЕРКІНҰЛЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Геология және геологиялық барлау жөніндегі орынбасары

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
18.07.1965

Тағайындалған күні
Наурыз 2022 жыл

Мамандығы
Мұнай және газ кен орындарының геологиясы және барлау

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ



ҚАСЕНОВ АРМАН ФИНАТҰЛЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының маркетинг жөніндегі орынбасары

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Туған күні
16.09.1977

Тағайындалған күні
Наурыз 2022 жыл

Мамандығы
Экономика

Компанияның акцияларына иелік ету:
жоқ

Басқарма құрамы 2022 жылдың басында өзгертілді. Бұрынғы құрам туралы мәліметтер компанияның ресми сайтында сілтеме бойынша қолжетімді өткен жылғы 2021 жылдың интеграцияланған жылдық есепте қамтылған: <https://qazaqgaz.kz/ru/otchet>.

2022 жылдың 12 айында
Басқарма

41

ОТЫРЫСТАР (БЕТПЕ-БЕТ) ӨТКІЗІЛДІ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәліметтер



ETK қызметіне қатысты мәселелер «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметіне қатысты мәселелер

Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысу көрсеткіші есепті жылы

100%

Орындалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер



«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне алдын ала мақұлданған және шығарылған мәмілелер «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидалары шеңберінде бекітілген, оларды жасауға қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен ерекше жағдайлар белгіленген

Біз «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бұхгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бұхгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

A member firm of Ernst & Young Global Limited



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Өтелуге жататын ҚҚС

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың газды ішкі нарықта артық өткізуінен пайда болған 122 миллиард теңге мөлшерінде өтелуге жататын ҚҚС-тың айтарлықтай балансы бар. Бұл активтің өтелімділігін бағалау газды ішкі нарықта өткізуге арналған реттелетін бағалардың келешек есіміне қатысты елеулі пікірлер мен жорамалдарды қажет етеді, ол Топқа газды ішкі нарықта өткізуден түсетін пайданы түрлендіруге мүмкіндік береді, соның салдарынан төленуге жататын ҚҚС өтелуге жататын ҚҚС сомасына қарсы есепке алынады. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады.

Өтелуге жататын ҚҚС-пен байланысты ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2 және 11-ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.

Біз өтелуге жататын ҚҚС сомасын есепке алу үшін ескіру мерзіміне қатысты Салық кодексі ережелерінің түсінігін алдық.

Біз Басшылықтың газды ішкі нарықта өткізуге арналған тарифтерді есіруге бағытталған шараларға қатысты жоспарларын және салдарынан газды ішкі нарықта өткізуден болған оң маржаның пайда болуын сараладық.

Біз Топтың газды ішкі нарықта өткізуден болатын оң маржаны болжайтын газдың ішкі нарықтағы бағасын есептеу әдістемесін қайта қарауға қатысты Ұлттық Экономика Министрлігімен болған хат алмасуды зерделедік.

Біз Басшылық жоспарларының Бас компания Тобының Даму Стратегиясына сәйкестігін бағаладық.



Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв

Біз бұл мәселе аудиторлық тексеруде барынша маңызды мәселелердің бірі деп есептейміз, өйткені газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің есебі келешек шығындарды бағалаудағы қиындықтарға тап болатын және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін бұл міндеттеменің маңыздылығына орай елеулі пайымдауды қажет етеді. Топтың газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру резервіне қатысты есептеуіне таратуға және дисконт мөлшерлемелеріне күтілетін тәсілдің әсері, инфляция үрдістерінің өзгеруінен болған әсермен қатар жергілікті заңнамадағы өзгерістердің әсері кіреді.

Газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру резервімен байланысты ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2 және 20-ескертпелерінде келтірілген.

Несиелік шарттық міндеттемелерді орындау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ белгілі бір қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді сақтауы және орындауы тиіс. Көрсеткіштердің бұзылуы едәуір айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады, сонымен қатар, қарыздар кредитордың талабымен өтелуге жататындарға айнала алады. Сонымен қатар, Топтың несие келісімдеріне сәйкес кросс-дефолт туралы ереже қолданылады. Көрсеткіштерді сақтау аудиторлық тексеруде барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі несиелік келісімдер бойынша міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпал етеді.

Несиелік шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 18-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Біздің аудиторлық процедураларымызға шарттық келісімдердің, тиісті жергілікті заңнаманың және қолданыстағы іскерлік практиканың негізінде тарату процесіне қатысты заңгерлік және конструктивтік міндеттемелердің түсінігін алу кіреді. Біз Топ келешек шығындарды бағалау үшін тартқан сарапшылардың құзырлығы мен объективтілігін қарастырдық. Біз есептеулерді зерделеп, пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі мен инфляция деңгейін бағаладық.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделедік. Біз қаржылық көрсеткіштерді сақтау есептеулерінде қолданылған деректерді шоғырландырылған қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер есептеулерінің арифметикалық дәлдігін бағаладық. Біз ағымдағы немесе ұзақ мерзімді міндеттемелердің пайыздық несиелерінің жіктеуін бағаладық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 18-ескертпесінде ашылып көрсетілген ақпаратты сараладық. Сонымен бірге, біз Топтың несиелік келісімдері бойынша қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын сараладық.



Топтың 2022 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2022 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2022 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына жәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Топтық ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау міндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтық өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтық өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде оңдайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.



Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оны барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы
23 желтоқсандағы № МФ-0000172
біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Ал-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 28 ақпан

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	4	1.100.875.420	997.880.307
Барлау және бағалау бойынша активтер	5	16.474.772	19.566.926
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	6	90.654.176	4.307.761
Материалдық емес активтер		5.164.654	6.240.856
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	7	930.644.064	687.216.423
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар	8	15.659.456	62.885.829
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	9	-	174.198.768
Өтелуге жататын ҚҚС	11	77.939.480	51.259.217
Кейінге қалдырылған салық активтері	29	1.216.148	890.484
Басқа да айналымнан тыс қаржы активтері	10	-	2.586.015
Басқа да айналымнан тыс активтер		118.725	535.110
Банк салымдары	12	2.701.567	3.216.905
		2.241.448.462	2.010.784.601
Айналымдағы активтер			
Қорлар	14	37.464.392	36.224.066
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	15	170.562.896	190.432.566
Берілген аванстар	8	3.700.879	17.453.918
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	9	3.524.877	2.461.648
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	11	44.834.997	35.843.465
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	29	45.193.980	4.582.882
Басқа да айналымдағы активтер		561.582	324.435
Басқа да айналымдағы қаржы активтері	10	33.600.948	-
Банк салымдары	12	11.351.931	13.012.956
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	577.122.194	382.704.384
		927.918.676	683.040.320
Сатуға арналған активтер	4	-	40.377.593
		927.918.676	723.417.913
Активтердің жиыны		3.169.367.138	2.734.202.514

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	16	430.959.489	417.780.839
Қосымша төленген капитал		25.946.130	25.946.130
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.562.805	2.410.861
Бөлінбеген пайда		1.728.121.942	1.341.498.282
		2.187.590.366	1.787.636.112
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	330.925.389	308.957.063
Пайыздық қарыздар	18	46.751.519	151.609.971
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	19	8.109.740	14.693.646
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	21	77.772.865	274.830
Қызметкерлерге сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелер		577.165	454.433
Резервтер	20	65.359.247	92.146.847
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	24	1.429.969	4.118.653
Шарт бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	22	11.127.184	11.564.233
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	29	91.943.198	79.222.667
		633.996.276	663.042.343
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	3.772.898	3.527.569
Пайыздық қарыздар	18	111.907.583	20.614.260
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	19	7.737.372	7.164.345
Резервтер	20	33.971.438	31.723.046
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	23	121.515.392	180.907.097
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы	29	899.847	95.443
Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар		3.998.182	3.134.294
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	21	19.124.138	6.105.018
Шарт бойынша міндеттемелер	22	8.075.408	8.569.659
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	24	21.314.692	7.440.919
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		15.463.546	14.242.409
		347.780.496	283.524.059
Капитал мен міндеттемелер жиыны		3.169.367.138	2.734.202.514

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтердің м.а.



АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	25	952.283.209	896.255.211
Сатудың өзіндік құны	26	(806.657.029)	(704.326.756)
Жалпы пайда		145.626.180	191.928.455
Жалпы және әкімшілік шығыстар	27	(33.414.158)	(32.451.455)
Күтілетін несиелік зиян резервін есептеу		(3.313.755)	(130.323)
Басқа да операциялық кірістер		3.488.388	15.707.547
Басқа да операциялық шығыстар		(8.698.929)	(8.771.575)
Операциялық пайда		103.687.726	166.282.649
Қаржылық кіріс	28	36.103.192	26.546.764
Қаржылық шығындар	28	(62.553.293)	(42.278.978)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	7	327.581.223	319.114.361
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто		8.903.801	(2.088.727)
Салық салынғанға дейінгі пайда		413.722.649	467.576.069
Табыс салығы бойынша шығыстар	29	(27.095.095)	(67.383.513)
Бір жылғы таза пайда		386.627.554	400.192.556
Басқа да жиынтық кіріс			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары			
Шетелдік операцияларды қайта есептеу кезінде болған бағамдық айырмалар		151.944	382.583
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын таза жиынтық кіріс		151.944	382.583
Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелмейтін басқа да жиынтық кіріс сомалары			
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық (зиян)/кіріс		(4.867)	7.275
Табыс салығы бойынша шығыстардың әсері	29	973	(1.455)
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық (зиян)/кіріс		(3.894)	5.820
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		148.050	388.403
Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс		386.775.604	400.580.959
Акцияға пайда			
Бас ұйымға келетін бір жылғы акцияға арналған базалық және бөлінген пайда	16	1,03	1,07

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТІНА
ҚАЛМА ҚАЗІСТАН ГОРОД АҚША
QAZAQGAZ
Бокаев Е.Н.

Бас бухгалтердің м.а.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға	417.780.839	25.946.130	2.028.278	942.677.368	1.388.432.615
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	400.192.556	400.192.556
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	-	-	382.583	5.820	388.403
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	382.583	400.198.376	400.580.959
Акционермен жасалатын басқа да операциялар	-	-	-	(1.377.462)	(1.377.462)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	417.780.839	25.946.130	2.410.861	1.341.498.282	1.787.636.112
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	386.627.554	386.627.554
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	-	-	151.944	(3.894)	148.050
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	151.944	386.623.660	386.775.604
Акциялар шығарылымы (16-ескертпе)	13.178.650	-	-	-	13.178.650
2022 жылғы 31 желтоқсанға	430.959.489	25.946.130	2.562.805	1.728.121.942	2.187.590.366

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТІНА
ҚАЛМА ҚАЗІСТАН ГОРОД АҚША
QAZAQGAZ
Бокаев Е.Н.

Бас бухгалтердің м.а.

4-қосымша. Байланыс ақпараты

GRI 2-1



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, АСТАНА Қ.,
ЕСІЛ АУДАНЫ, ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН КӨШЕСІ, 12



+7 (7172) 55-23-08, 55-23-06



INFO@QG.KZ



WWW.QAZAQGAZ.KZ

Инвесторлармен жұмыс бойынша жауапты

Қуат Әйгерім

Инвестициялық жобалар және халықаралық
ынтымақтастық департаменті



+7 (7172) 55 22 36



a.kuat@qg.kz

ESG бағыты бойынша жауапты

Ағымбетова Лаура Ермакқызы

Стратегия және тұрақты даму департаменті
директорының м. а.



+7 (7172) 55 22 18



l.agimbetova@qg.kz

5-қосымша. Корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау туралы есеп

№	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Орындалуда/ орындалмайды	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
1.	Өкілеттіктерді ажырату принципі	Орындалуда	Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін компания органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді. Компанияның корпоративтік басқару жүйесі мәселелерді қарау және оның органдарының шешім қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды қамтамасыз етеді. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреттері АҚ туралы Заңмен, Компанияның Жарғысымен және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы Ережемен және Компанияның басқармасы туралы Ережемен айқындалады. Жалғыз акционер мен Компания, оның еншілес ұйымдары арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-әрекеттесу) Компанияның Директорлар кеңесі және/немесе Басқармасы арқылы тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесі Төрағасының және компанияның Басқарма Төрағасының рөлі мен функциялары нақты бөлінген және Компанияның Жарғысында және Компанияның ішкі құжаттарында бекітілген.
2.	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты	Орындалуда	Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Компанияға және оның еншілес ұйымдарына инвестициялар тартудың негізгі шарты болып табылады. Директорлар кеңесі туралы Ереженің 1-тарауының 2-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Компанияның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, компания қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Басқарма туралы Ереженің 1-тарауының 1.4-тармағына сәйкес Басқарма Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Компания мен оның жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етеді және соңғысына әрі Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді. Компания Жарғыда және ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.
3.	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен басқарманы тиімді басқару қағидаты	Орындалуда	Директорлар кеңесі «QazaqGaz» ҰК» АҚ стратегиялық басшылығын және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Жалғыз акционерден, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасынан, тәуелсіз директорлардан құралған. Директорлар кеңесінің алты мүшесінің үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылады. Директорлар кеңесі мен оның комитеттері Компанияның мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігін сақтайды. Есепті жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды жүргізуге қатысты Жалғыз акционер шешім қабылдаған жоқ. Аудит жөніндегі комитет пен директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің құрамына тек компанияның тәуелсіз директорлары кіреді. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі жанындағы барлық қолданыстағы комитеттердің төрағалары болып сайланды. Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылы мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен Корпоративтік хатшы тағайындалды. Компанияда жұмысты жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.
4.	Тұрақты даму принципі	Орындалуда	Компания және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етудің маңыздылығын түсінеді. Корпоративтік басқару кодексін орындау шеңберінде компанияда орнықты даму саясаты әзірленді, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2022-2025 жылдарға арналған ESG жетілдіру жөніндегі кешенді жоспары бекітілді, оның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерге бөле отырып, орнықты даму қағидатын енгізу жөніндегі бөлім бар. • экологиялық компонент шеңберінде компанияның экологиялық саясаты бекітілді; • әлеуметтік құрам шеңберінде кадр саясаты әзірленді. Компания мүдделі тараптардың тізімін, олардың әсер ету дәрежесін және олармен өзара әрекеттесу стратегиясын анықтайтын стейкхолдерлер картасын бекітті.

№	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Орындалуда/ орындалмайды	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар																								
5.	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит принципі	Орындалуда	Компанияда тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, оның негізгі мақсаттары тиімді кешенді жүйені құру және компания мен еншілес ұйымдардың элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі Компанияның тәуекелдері туралы есепті қарайды. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару практикасына жүйелі тәуелсіз бағалау жүргізу үшін компанияда ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Ішкі аудит қызметі тоқсан сайын компанияның Аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесінің қарауына есепті кезеңде жүргізілген ішкі аудиттің қорытындылары бойынша есептер шығарады. Анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарлары бекітіледі.																								
6.	Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу принципі	Орындалуда	Мүдделер қақтығысын болдырмау Жалғыз акционердің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекітті. Саясат жанжалдарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде компания органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттерін реттейді. Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар Жалғыз акционердің де, Компанияның іскерлік беделінің де құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді. Мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері іскерлік әдеп кодексінде бекітіледі. 2022 жылы Компанияда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелген жоқ. Комплаенс қызметінің ақпараты бойынша 2022 жылы жедел желіге келіп түскен өтініштердің 20% расталды:																								
			<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бұзушылықтың түрі/түршесі</th> <th>Келіп түскен өтініштер</th> <th>Расталған өтініштер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Еңбек жанжалдары</td> <td>8</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td>Сыбайлас жемқорлық</td> <td>8</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Алаяқтық, ұрлық, жымқыру</td> <td>2</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td>Сатып алу</td> <td>10</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>Белгіленген рәсімдер мен заңнаманы бұзу</td> <td>5</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td>Басқа да бұзушылықтар</td> <td>0</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td>33</td> <td>6</td> </tr> </tbody> </table>	Бұзушылықтың түрі/түршесі	Келіп түскен өтініштер	Расталған өтініштер	Еңбек жанжалдары	8	3	Сыбайлас жемқорлық	8	1	Алаяқтық, ұрлық, жымқыру	2	0	Сатып алу	10	2	Белгіленген рәсімдер мен заңнаманы бұзу	5	0	Басқа да бұзушылықтар	0	0	Барлығы	33	6
Бұзушылықтың түрі/түршесі	Келіп түскен өтініштер	Расталған өтініштер																									
Еңбек жанжалдары	8	3																									
Сыбайлас жемқорлық	8	1																									
Алаяқтық, ұрлық, жымқыру	2	0																									
Сатып алу	10	2																									
Белгіленген рәсімдер мен заңнаманы бұзу	5	0																									
Басқа да бұзушылықтар	0	0																									
Барлығы	33	6																									
7.	«QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты	Орындалуда	«QazaqGaz» ҰК» АҚ өз қызметінде ашықтықтың жоғары стандарттарын ұстанады және «QazaqGaz» ҰК» АҚ туралы ақпаратты ашудың қолжетімділігін, сапасын және жеделдігін жақсарту бойынша тұрақты жұмыс істейді. Мүдделі тараптарға ақпаратты уақтылы ұсыну мақсатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да ақпаратты ашу қағидаттары мен тәсілдерін, сондай-ақ ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібі мен нысанын айқындайтын ақпаратты ашу саясатын әзірлеу қажет. «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ақпараттық қауіпсіздік саясатымен регламенттелген. Компания Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылатын интеграцияланған жылдық есепті жыл сайынғы негізде дайындайды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2021 жылдың интеграцияланған жылдық есебі «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 31 мамырдағы шешімімен бекітілді (№7/23 хаттама). Компания туралы ақпарат «QazaqGaz» ҰК» АҚ интернет-ресурсында ашылады, ол жақсы құрылымдалған, пайдалануға ыңғайлы навигацияға ие және мүдделі тұлғаларға қажетті ақпаратты қамтиды. Бұл ретте ақпарат интернет-ресурстың жекелеген тақырыптық бөлімдерінде орналастырылады және үнемі өзектендіріледі. Қазақстан Республикасы заңнамасының және «QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ туралы ақпарат қаржы есептілігі депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарында уақтылы және толық көлемде ашылады.																								

6-қосымша. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп



Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне:

Кіріспе

Біз «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») басшылығымен Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Біріктірілген Жылдық Есебіне (бұдан әрі – «Жылдық Есебі») енгізілген, сипатталған таңдаулы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау үшін тартылдық.

Рәсімдер әдісін және қолданылатын өлшемшарттарды сипаттау

Біз осы есепке 1-қосымшада ұсынылған, Жылдық есепте ашылған, сапалық және сандық ақпаратты, және Жылдық есептің «Есептегі GRI стандарттарын көрсеткіш индексі» 2-қосымшасында көрсетілген немесе ашылған (бұдан әрі - «Таңдалған ақпарат») ақпаратты бағаладық. Таңдалған ақпарат Global Reporting Initiative (GRI) жариялаған GRI тұрақты даму туралы есеп беру стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары») сәйкес дайындалған.

Таңдалған ақпарат Жылдық Есептің «Тәуелсіз куәландыру шекарасына енгізілген ақпарат периметрі» 80 кестесіне сәйкес Компанияға және оның таңдалған еншілес ұйымдарына қатысты ақпаратты ашады.

Біздің рәсімдеріміздің көлемі тек 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпаратпен шектеледі. Біз бұрынғы кезеңдерге немесе Жылдық Есепке енгізілген кез келген басқа компоненттерге қатысты қандай да бір рәсімдерді орындамадық, соған орай, оларға қатысты қандай да бір қорытынды жасамаймыз.

Біз Таңдалған ақпаратты GRI стандарттарында қамтылған ашу талаптарын, сондай-ақ Компания әзірлеген және Жылдық Есепте ашылған әдістеме мен нұсқаулықты (бұдан әрі – «Қолданылатын өлшемшарттар») пайдалана отырып бағаладық. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау мақсаттарында қолданылатын өлшемшарттарды қолдану орынды деп санаймыз.

Компания Басшылығының жауапкершілігі

Компания басшылығы:

- абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан Таңдалған ақпаратты дайындауда бұрмалаушылықтарды қамтымас үшін, ішкі бақылау жүйесінде өзін-өзі тексеруді, енгізуді және қолдауды қамтамасыз ету;
- Қолданылатын өлшемдерге сәйкес Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу бойынша ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды әзірлеу;
- Таңдалған ақпаратты Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындау, есептеу және ашу;
- Таңдалған ақпараттың дәлдігі, толықтығы және ұсынылуына жауапты.



Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз:

- Таңдалған ақпаратта абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне шектеулі сенімділік алу мақсатында тапсырманы жоспарлау және орындау;
- Біздің орындалған рәсімдер мен алынған дәлелдемелер негізінде шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тұжырымды қалыптастыру;
- Біздің тұжырымдымызды Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыну.

Біз бұл шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы Халықаралық аудит стандарттары және ақпаратты растау комитетімен шығарылған сенімділікті қамтамасыз ететін «Аудиттен және өткен кезеңдердегі қаржылық ақпаратты тексеруден ерекшеленетін Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма» Халықаралық тапсырмалар 3000 (ШСҚЕТХТ) стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық. Бұл стандарт бізден этикалық талаптарды сақтауды және 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған Таңдалған ақпараттың барлық маңызды қатынастарында Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалғанына шектеулі кепілдік алу үшін рәсімдерді жоспарлауды және орындауды талап етеді.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемі ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау рәсімдеріне де, бағаланған тәуекелдерге жауап ретінде орындалатын рәсімдерге де қатысты ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемінен аз. Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылатын, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді, олар ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындағанға қарағанда көлемі аз болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейінен төмен.

Тәуелсіздік және сапаны бақылау

Біз есепшілерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі көңестің адалдық, объективтік, кәсіби құзыреттілік, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық принциптеріне негізделген (АҚҚ СМ кодексі) кәсіби есепшілердің этика кодексінің (халықаралық Тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) тәуелсіздік туралы талаптарына және басқа да этикалық талаптарына сәйкес көлемі.

Біздің ұйым 1-ші Халықаралық сапаны бақылау стандартын қолданады және этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты құжатталған саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылаудың көшенді жүйесін қолдайды.

Атқарылған жұмыс

Біздің міндеттерімізге Таңдалған ақпаратты елеулі түрде бұрмалау тәуекелдерін қарастыру мақсатында тапсырманы жоспарлау және орындау кіреді. Ол үшін біздің рәсімдерімізге:

- тұрақты даму және есептілік мәселелерін басқаруға жауапты тұлғаларды қоса алғанда, Компания басшылығына сұрау салу;



- Жылдық Есепті дайындауға және тиісті деректерді жинауға жауапты лауазымды тұлғаларға сауалнама жүргізу және тиесілі ақпаратты жинау;
- тиісті ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды талдау, Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу саласындағы негізгі жүйелер, процестер мен бақылау құралдары қалай ұйымдастырылғандығы туралы түсінік алу;
- деректер тиісті түрде есептелгенін, есепке алынғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Таңдалған ақпаратқа қатысты мәні бойынша шектеулі тестілеуді өткізу кірді.

Біз алған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тұжырымға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп есептейміз.

Керсеткіштерді ашу және есептеу әдістемесі

Қолданылатын өлшемшарттар тұрғысынан әртүрлі, бірақ қолайлы есептеу және ашу әдістерінің ауқымы бар. Бұл әдістер нәтижелерде айтарлықтай айырмашылықтарға әкелуі мүмкін, бұл олардың басқа ұйымдардың деректерімен салыстырылуына әсер етуі мүмкін. Демек, Таңдалған ақпарат басшылық Жылдық Есепте сипатталғандай пайдаланған әдістемемен бірге қаралуы тиіс және ол үшін Компания жеке-дара жауапты болады.

Біздің қорытынды

Жүргізілген рәсімдер мен алынған дәлелдемелердің қорытындылары бойынша 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпарат Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес барлық елеулі қатынастарда дайындалған жоқ деп тұжырымдауға негіз болатын ешқандай деректер біздің назарымызды аударған жоқ.

Пайдалануға және таратуға шектеулер

Тұжырымды қамтитын осы есеп компания басшылығына Компанияның және оның тұрақты даму саласындағы таңдалған еншілес ұйымдарының қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ашуға жәрдем көрсету мақсатында арамиздағы келісімге сәйкес Компания Директорлар кеңесі үшін ғана дайындалды.

Біз осы есептің мазмұнын компанияның сайтында¹ жарияланатын Жылдық Есептің құрамында ашуға келісім береміз, осылайша Компания басшылығы Корпоративтік басқару саласындағы өз міндеттерін толық атқару шеңберінде Таңдалған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алғанын растай алады. Қолданыстағы заңнама шеңберінде біз Компанияның және Компанияның Директорлар кеңесінен басқа тұлғалардың алдында орындалған жұмыс және осы есеп үшін, бұған нақты келісілген жазбаша шарттар және біздің жазбаша келісіміміз болған жағдайларды қоспағанда жауапкершілікті қабылдамаймыз.

PricewaterhouseCoopers LLP

28 тамыз, 2023 жыл
Алматы, Қазақстан

¹ Компания сайтының сақталуы мен тұрақтылығы үшін Компания басшылығы жауап береді; Біз орындайтын жұмыс осы мәселелерді қарастыруды қамтымайды және сәйкесінше, біз жарияланған Таңдалған ақпаратқа немесе Қолданылатын өлшемдерге қатысты болуы мүмкін қандай да бір өзгерістерге жауап бермейміз.



2023 жылдың 28 тамыздағы шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есепке 1-ші қосымша

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған, Жылдық Есебінің 104-184 беттерінде ашылған және «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») әзірлеген GRI стандарттарына, әдістемелеріне және нұсқауларына сәйкес дайындалған және шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдерінің нысанасы болып табылатын Таңдалған ақпарат көрсетілген:

GRI стандарты	Жарияларған орындалу (Таңдалған ақпарат)
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну
303-3	Су алу
303-4	Су ағызу
303-5	Барлық аудандардан және су талшылығын сезінетін аудандардан су тұтыну
305-1	Тікелей парниктік газдар шығарындылары (1-аумақ)
305-2	Жанама парниктік газдар шығарындылары (2-аумақ)
305-7	NOx, SOx және басқа да маңызды ластаушы заттардың ауаға шығарындылары
401-1	Жалдамалы жұмысшылар мен қызметкерлердің айналымы
401-3	Балаға күтім жасауға берілетін демалыс
403-9	Өндірістік жарақаттар
404-1	Бір қызметкерге жұмсалған оқу сағаттарының орташа жылдық саны